

Адамға екі нәрсе тірек тегі:

Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.

Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

**Казахский язык и литература
в русской школе**

РЕСПУБЛИКАЛЬҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

1/2013 ҚАҢТАР

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

***Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлнәш
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.***

	<i>Ғылыми ойлар отауы</i>	
Маржан МҰНАРА, Рауза ӨСКЕНБАЕВА.	Мемлекеттік тілді қашықтан оқыту мәселесі жайында.....	3
	<i>Мұғалімдерге көмек</i>	
Айгүл ЖЕЛДІБАЕВА.	Қазақ әдебиеті сабағында оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту.....	12
Қаламқас ТОҒАСБАЕВА.	Қазақ тілін оқытудың көкейкесті мәселелері.....	19
	<i>Тиімді әдіс – баршаға ортақ</i>	
Бибігүл ЕСЕТҚЫЗЫ.	Қазақ тілін оқытуда вальдорф педагогикасының тиімді әдістерін пайдалану.....	26
Рита МҰХТАРҚЫЗЫ.	Тірек – белгілер негізінде оқыту технологиясын қазақ тілі сабағында қолдану.....	34
Бақыт БЕКЖІГІТҚЫЗЫ.	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолданылатын жаңа педагогикалық технологиялардың мүмкіндіктері.....	38
	<i>Лингводидактика</i>	
Дәметкен БАЛҚОЖАҚЫЗЫ, Айгүл ҚАНЖАРБЕКҚЫЗЫ, Армангүл СЫЗДЫҚОВА.	Қазақ тілі сабағында коммуникативті тұлғаларды меңгерудің тиімді жолдары.....	44
	Бастауыш сыныптарда оқушылардың лексика-грамматикалық дағдыларын дамыту.....	51
	<i>Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті</i>	
Нағима ИСКЕЕВА.	Ғабит Мүсіреповтің шығармашылық жолы.....	56
	<i>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</i>	
Алма АБЗАЛБЕКҚЫЗЫ.	Сөйлемдерді сауатты құрудағы қазақтың ұлттық тағамдары.....	60
Л.КӨШКІНБАЕВА.	Шәмшінің туған жерінде – жаңа сөздер мен сөз тіркестері.....	69
Маржан ТЕРЛІКБАЕВА.	Етіс түрлері мен Ыбырай әңгімелері.....	73
Қапұра ҚАЛИАҚПАРҚЫЗЫ.	Тәуелсіз Қазақстан қонағы – сөздік қор.....	78
Қадиша САДЫҚОВА.	Мәтін құрастырғыш сыйлықтар.....	82
Дәмежан ЖАНБЕКОВА.	Сөйлеу дағдысын қалыптастырған Қазақстан қалалары.....	85
Ақбаян ЕРЖАНОВА.	Тіл ұстартқан Алтын адам.....	88
Гүлсім ӘДІЛХАНҚЫЗЫ.	Сөз қоры мол «Кім болғым келеді?» тақырыбы.....	92
Жанар ЖИЕНБАЕВА.	Ой өрісін кеңейтетін Шығыс Қазақстан қорықтары.....	97
Айжан ӘБІЛҒАЛАМОВА.	Шығармашылық қабілет ұстасы – елімнің тұңғыш Президенті.....	102
Алмагүл ИСАТАЙҚЫЗЫ.	Ойлатағын да, сөйлететін де – етіс түрлері.....	113
Ұлбосын ФАЙЗУЛЛАҚЫЗЫ.	Ауызекі сөйлеу жаттықтырушысы – қазақ отбасы.....	116
Мәдина ЖЕҢІСҚЫЗЫ.	Синонимдік қатар.....	121
Өрік АСРЕПОВА.	Қазақстан қалаларымен тіл дамыту.....	124
Рая МАХМҰТҚЫЗЫ.	Сөз мәдениетіне баулыған «Жеті қазына мен жеті ырыс».....	129
Гүлжәмила СЕЙІТЖАНҚЫЗЫ.	Көмекші есімдерде – Астана.....	134
	<i>Білім сынағында</i>	
Сағдат СЕРІКБАЙҚЫЗЫ.	Қазақ тілі пәнінен 6, 8-сыныптарға арналған билет сұрақтары.....	138

**Маржан МҰНАРА,
Рауза ӨСКЕНБАЕВА,
Қ.Сәтбаев атындағы
ҚазҰТУ-дың қазақ тілі
кафедрасының оқытушылары.**

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ ЖАЙЫНДА

Қазіргі уақытта еліміздің білім беру саласында негізгі деп саналатын халықаралық Лиссабон конвенциясы, Болондық декларация сияқты келісімдерге қол қоюы – жоғары оқу орындарында білім беру сапасын дүниежүзілік стандарттарға жақындату не жеткізу міндетін жақын арада әрі сапалы жүзеге асыруды қажет етеді.

Олай болса, ХХІ ғасырдағы жоғары білім беру жүйесінің алдында тұрған басты мәселе – студенттің кәсіби білікті бәсекеге қабілетті маман иесі ретіндегі тұлғасын қалыптастыру, сонымен қатар оның шығармашылық қабілетін жетілдіруге, рухани-адамгершілік жан-дүниесін байытуға, дүниетанымдық көзқарасын дамытуға байланысты міндеттерді шешу.

Жоғары мектептің білім беру жүйесінде «Қазақ тілі» пәні – мемлекеттік тілді меңгертудің негізгі тұғыры. Қазақ тілі өз алдына жеке пән бола тұра, жоғары мектептің қазақ тілінде оқитын студенттерінің барлық арнайы пәндерді оқып-

білуінде, меңгеруінде маңызды рөл атқарады.

Жоғары оқу орындарында оқытылатын «Қазақ тілі» пәні болашақ маманның кәсіби-дүниетанымдық бағыт-бағдарымен табиғи түрде үйлесуі үшін мемлекеттік тілді үйретудің мақсаты мен міндеттерін, білім мазмұнын айқындайтын факторларды, берілетін білім мазмұнының құрылымы мен жүйесін, оқыту технологиялары мен студенттің білім, білік дағдыларына қойылатын талаптарды анықтаудың жаңа заманға сай стратегиясы мен тактикасын ұстану қажет болады. Осы тұрасында студенттің өздігінен жұмыс жасауына, шығармашылық-ізденушілік әрекетінің белсенді дамуына бағытталған оқыту технологиялары мен жүйелерін тиімді пайдалану идеясы басшылыққа алынуы тиіс. Атап айтқанда, жоғары оқу орындары студенттеріне мемлекеттік тілді үйретудің нәтижеге бағдарлануын, яғни, кәсіби тілді үйрету сапасының деңгейін көтеруге қатысты алғышарттарды қамтамасыз ететін оқыту технологиясын қолдануға баса мән берілуі қажет. Соңғы уақытта оқытудың модульдік, дамыта оқыту, қарқынды оқыту, көпдеңгейлі оқыту, жаңаша жаңғырта оқыту, сонымен қатар ақпараттық-мультимедиалық (электронды оқулықтар арқылы) құралдар арқылы оқыту, қашықтан оқыту технологиялары басым қолданылуда.

Ұсынып отырған мақала студенттің өздігінен жұмыс жасау арқылы ізденушілік дағдысын дамытуға ықпал ететін мемлекеттік тілді техникалық жоғары оқу орындарында қашықтан оқытып үйрету мәселесіне арналады.

Еліміздің білім беру саласында қолданыла бастаған қашықтан оқыту жүйесі әлемдік ғылыми білім беру кеңістігінен тысқары бөлек дамуы мүмкін емес. Сондықтан қашықтан оқыту жүйесінің идеологиясында халықаралық

деңгейде бірлестікте қызмет ету жоғары орында тұруы тиіс. Соңғы уақытта түрлі мақсатты аудиторияларға арналған мемлекеттік тілді үйретудің әр түрлі мультимедиялық-электрондық оқу бағдарламалары мен бағдарламалық жүйелері дайындалып, тәжірибеге енгізілуде. Мемлекеттік тілді үйретуде осылардың негізгісі болып табылатын қашықтан оқыту жүйесін қолданудың көптеген артықшылықтары бар. Атап айтқанда, ол студенттің:

- тілді үйренуді тиімді жоспарлауына және оның қарқынын өздігінен анықтауына;
- жұмысты тез арада тексеріп, қателерді шығаруға және сараптау ісін жүргізуіне;
- жаттығуларды бірнеше рет қайталауға, түсіндірмелер мен түсініктемелерді қолма-қол алуына;
- жұмыс нәтижесін бағалауына мүмкіндік береді және осы мүмкіндіктердің бәрін бір уақытта Интернет жүйесі арқылы барлық салалас оқу орны студенттерінің көпшілігі пайдалана алады. Бір сөзбен айтқанда, қашықтан оқытудың басты ерекшелігі – әр студентке өзінің мемлекеттік тілді үйренудің ұтымды жеке траекториясын құруына жол ашады.

Қашықтан оқытудағы басты нәрсе – компьютерлер мен басқа да оқудың технологиялық құралдарын қолданып қою ғана емес, оның талабына сай оқу бағдарламаларын, оқулықтар мен оқу құралдарын анық, түсінікті дайындау.

Қашықтан оқыту жүйесін ұйымдастырудың әр түрлі жолдары бар. Олар бәрінен бұрын оқу материалы мен әдістемелік нұсқауларды дайындау және қолдану тәсілдерімен ерекшеленеді.

Қашықтан оқытуда студент негізінен оқытушының көмегінсіз өздігінен оқиды. Студенттердің қашықтан

оқуының сәттілігі жақсы даярланған оқу құралдарынсыз мүмкін емес. Бұл құралдың құрамына тек қана жеткізу мәнерлілігі, көркемдігі және қысқалылығымен сипатталатын оқу материалы ғана емес, сонымен қатар оның оқу-әдістемелік әзірлемелері де кіреді. Бірақ көптеген оқулықтармен оқу құралдары студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырушы рөліне толық жауап бермейді. Бұдан қашықтан оқытуға арнайы оқу-әдістемелік кешен (ОӘК) даярлау керек деген тұжырым шығады.

Қашықтан оқытуға арналған мультимедиялық кешенде оқу материалдары логикалық байланыста жүйелілік, сабақтастық, көрнекілік, жұмысты өздігінен орындау, оқыту тиімділігі, икемділігі, жеке және топпен оқытуды үйлесімді жүзеге асыру ұстанымдары негізінде ұсынылады. Қашықтан оқыту жүйесіне арналған кешен техникалық саланың типтік қатысым жағдаятында мемлекеттік тілде өзара тілдік қатынасқа түсуге қажетті негізгі тілдік дағдыларды дамытуға және тілді кешенді оқытып үйретуге бағытталады.

Мемлекеттік тілді техникалық жоғары оқу орны студенттеріне қашықтан оқытып үйрету кешені үйренушілер оқитын материалды өздері таңдап оқуға және түсінбегенін анықтағыш арқылы біліп отыруына ыңғайлы етіп жасалынады.

Кешен негізгі және қосымша бөлімдерден тұратын болады. Міндетті бөлімдерге төмендегілер жатады:

Кіріспе:

- а) курстың мақсаты мен міндеті;
- б) курстың бағдарламасы;
- в) бағалау жүйесінің сипаттамасы.

Негізгі бөлім. Мұнда өзара бір-бірімен логикалық байланыстағы, бірақ өзінше дербес модульдер беріледі. Әр модуль былайша құрастырылады:

а) бағыт беру (Бұл модульде сіз мынаны оқисыз..., мынаны үйренесіз..., келесі дағдыны меңгересіз .. және т.б);

б) модуль мазмұны (материалдар мен жаттығуларға сілтемелер);

в) модульдің мазмұндық үзінділерге бөлінген 2-4 беттен аспайтын мәтіндік материалы;

г) иллюстрациялардың тізімі (суреттер, анимациялар, бейнеүзінділер, слайдтар және т.б) және олардың мәтінде берілуі;

д) модуль материалын меңгеруін бақылау (бірнеше нұсқадағы тестілер, сұрақтар, тапсырмалар, жаттығулар).

Қосымша бөлім. Мультимедиялық қашықтан оқыту кешенінің қосымша бөлімінде мыналар ескерілетін болады:

- Жиі қойылатын сұрақтар – курстың ұйымдастырылуы және ұсынылған тақырыптар бойынша үйренушілердің жиі қоятын сұрақтарына жауаптар беріледі;
- Глоссарий – курстың негізгі ұғымдарына анықтама беріліп, олар кездесетін бөлімдер нақты көрсетілетін болады;
- Типтік тапсырмаларды орындау үлгілері беріледі;
- т.б.

Мемлекеттік тілді техникалық жоғары оқу орындарында қашықтан оқытудың мультимедиялық оқу-әдістемелік кешені төмендегі ұстанымдарды басшылыққа алу негізінде құрастырылады:

- модульділік;
- икемділік;

- бейімділік;
- тиімділік;
- тұтынушыға бағытталуы.

Қашықтан оқыту жүйесі кешенінің мазмұны модульділік ұстаным негізінде құрастырылады, яғни, оқу материалдары модульдер түрінде беріледі. Әр модуль бірнеше жеке өзара тәуелсіз, бірақ бір-бірімен тығыз байланыстағы блоктардан тұрады. Модульді әзірлеу кезінде әрбір модульде білім өз алдына дербес бөлікпен беріліп, арнайы техникалық салаға қажетті білік, дағдыларды қалыптастыру мүмкіндігі ескеріледі. Студент әр модульдің, оның ішіндегі блоктардың мазмұнын меңгергеннен кейін ғана әрі қарай жұмыс істеуге қажет ұсыныстарды алып отырады.

Қашықтан оқытудың икемділігі бұл жүйеде студенттер сабаққа үнемі қатыспай-ақ, өзіне ыңғайлы уақытта, ыңғайлы жерде жұмыс жасай алады.

Қашықтан оқыту жүйесінің бейімділігі әрбір студентке тілді үйренудің жеке траекториясын құру және жүзеге асыруды таңдауды қамтамасыз етеді.

Тұтынушыға бағытталуы. Студент тілді өздігінен оқып үйренуіне ыңғайлы болу үшін материалдар қарапайым және түсінікті түрде, оның болашақ мамандығының ерекшелігі мен кәсіби тілін ескере сұрыпталып ұсынылады.

Қашықтан оқыту жүйесінің құндылығы – ол тіл үйренушілердің кең ауқымын қамтиды. Бұл - мемлекеттік тілді кәсіби бағдарлы үйретуді жетілдірудің маңызды факторларының бірі болып табылады.

Алдыңғы қатарлы коммуникациялық технологияны тірек етіп қолдану дегеніміз – қашықтан оқыту жүйесінің маңызды сипаттамасы болып табылады, бұл жерді түсіндірудің қажеті жоқ.

Қашықтан оқыту жүйесі студенттер тобына қажетті білімді, іскерлік, дағдыны жедел жеткізуге және шығармашыл, өзін-өзі басқара алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Осыған сәйкес, студент пен оқу тобы белсенділігі мемлекеттік тілді компьютер арқылы тез меңгеруге, өзіне керекті қатысымдық іскерлік пен дағдыны қалыптастыруға, жеке тұлғаға қажет қасиеттерді қабылдауға, белсенді сапалы жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Қашықтан оқыту жүйесінде оқу әрекетінің белсенділігі түрлі жолдармен, көбінесе, оқу материалын арнайы ұйымдастыру, оның бір жерге ұтымды шоғырлануы мен бөлінуі, оқытудың ерекше ұтымды формалары және әдіс-тәсілдері, сондай-ақ оқытушы мен студенттің әлеуетті мүмкіндіктерін өнімді пайдалану және оны тәжірибеде ұтымды қолдану арқылы жүзеге асады.

Қазақ тілін жоғары деңгейде мамандыққа сай үйрету – қазіргі уақыт талабынан туындап отырған қажеттілік. Сондықтан қашықтан оқыту жүйесіне арналған оқу материалының мазмұны тілді үйренушілердің қоршаған ортасына, мамандығының ерекшелігіне сәйкес құрастырылды. Оқу курсының мазмұндық жүйесі модульға құрылады: лексикалық тақырыптар, сөйлесім үлгілері, грамматикалық минимум, жаттығулар жүйесі, көп тілді сөздік болып жіктеледі. Әр модуль бірнеше блоктарға ажыратылып беріледі.

Лексикалық тақырыптарда тіл үйренушінің қазақша тілдік қарым-қатынасын жүзеге асыру үшін ұсынылған лексикалық минимум мен мәтіндер қамтылады. Атап айтқанда, жалпы және кәсіби бағдарланған стильге қатысты мәтіндік материал (кәсіби-бағдарлы лексикалық минимумға

негізделген мәтіндер).

Оқуға арналған электрондық басылымдар барлық баспа ерекшеліктеріне ие бола тұра, дәстүрлі оқу құралдарынан бірқатар айырмашылықтарымен ерекшеленеді:

- оқу материалының компьютер немесе дискет жадында сақталуы;
- электрондық пошта бойынша сілтемелерді қолдану қолайлылығы;
- көлемді ауқымдағы оқу материалын кез келген уақытта қолдану мүмкіндігі.

Сонымен қатар оқу пәні бойынша ақпараттық-анықтамалық, әдістемелік, дидактикалық материалдарды енгізетін автоматтандырылған оқыту жүйесі студенттерді тіл бойынша білімді өз бетімен алу және бақылау үшін кешенді бағдарламамен қамтамасыз етеді.

Қашықтықтан оқыту үрдісінде кеңінен қолданылатын оқытуға арналған бағдарламалық құрал тілді меңгеруде төмендегідей мүмкіндік береді:

- тілді меңгеру үрдісін дифференциялау және жекешелендіру;
- тілді меңгеру деңгейін өзін-өзі бақылаумен қамтамасыз ету;
- компьютерде жұмыс істеу арқылы тілді үйрену уақытын үнемдеу;
- ойын элементтерін пайдалану арқылы тіл үйренуге қызығушылықтарын арттыру;
- әр түрлі материалдар арқылы танымдық мәдениетін қалыптастыру.

Қашықтықтан оқытуда студенттерге ақпарат көзі жылдам жеткізіледі әрі олар бұл желі арқылы жан-жақты қосымша мәлімет те ала алады. Мемлекеттік тілді қашықтан оқыту

мақсаты – үйренушіге аудио-бейнематериал арқылы тілді сөйлесім әрекетінің барлық түрлері бойынша біліктерін дамыту негізінде қатысымдық қырынан меңгерту. Тілді қатысымдық тұрғыда меңгеру олардың өздерінің сөздік қорын тұрмыс-тіршілікте, қоғамдық-әлеуметтік салада еркін пайдаланып, сауатты жаза білуінде көрініс береді. Аудио-бейнематериалдарды өзіне қолайлы кез келген уақытта қолдана отырып, студент тілді меңгеру үрдісін үзбей жүзеге асырып отырады. Осының бәрі олардың тілді үйренуде уақытын үнемдеуге өте қолайлы.

Бақылау – оқу материалдарының теориялық және практикалық жақтан меңгерілу нәтижелерінің тексерілімі. Мұнда тестік бақылау жүргізіледі. Мемлекеттік тілді оқытуда тест материалдары төрт түрлі сөйлесім әрекетіне негізделе жасалады. Тест пән бойынша сұрақтардан тұрады және бірнеше жауап варианттары ұсынылады. Студенттер бұл варианттардың ішінен дұрысын таңдаулары тиіс. Тест жеке жұмыс жүргізу, өзін-өзі бақылау үшін де қолайлы.

Бүгінгі күні қашықтықтан оқыту біздің елде де кең қолданылуда. Қашықтықтан оқыту жүйесі, әрине, студенттерден компьютерлік дайындықты талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан – 2030». Қазақстанның ұзақ мерзімді даму стратегиясы. 4-басымдық. Денсаулық, білім және Қазақстан азаматтарының ауқаттылығы. Астана, 1997. 34-б.
2. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы. «Егемен Қазақстан» 2007, 15 тамыз. №254-256.
3. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің даму Тұжырымдамасы. Астана, 2003, 45-б.



Айгүл ЖЕЛДІБАЕВА,
Шығыс Қазақстан облысының
Өскемен қаласындағы
№9 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ

Мемлекетіміз тәуелсіздік алғаннан бері елімізде көптеген өзгерістер болып жатыр. Білім мен ғылым саласының алдында жаңа талаптар пайда болды. Оның дәлелі – «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». Бағдарламада белгіленген міндеттер еліміздің білім беру жүйесінде көп тілді меңгерген дара тұлға қалыптастыру мақсатын жүзеге асырудың ұтымды жолдарын анықтауды және тілдерді оқытудың жаңа бағыттарын белгілеуді талап етіп отыр. Осы бағдарламада қойылған міндеттердің бірі «Мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын жетілдіру және стандарттау» деп көрсетілген. Яғни, оқу материалдарын оқушылардың дайындық деңгейлеріне қарай сұрыптап ұсыну, сабақтың типі мен түрін оқытудың әдіс-тәсілдерін таңдау, мақсаттарды және күтілетін нәтижені анықтау, оқу біліктілігін жетілдіру. Қазіргі кездегі мектептегі білім беруде маңызды мәселелердің бірі – оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту болып табылады. Мұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде,

тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзыреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Бір сөзбен айтсақ, «құзыреттілік» дегеніміз – оқушының алған білімі мен біліктерін күнделікті өмірде тәжірибе және теориялық мәселелерді шешуге қолдана білу қабілеттілігі. Яғни, қоғам талабына сай, бәсекеге қабілетті, шығармашылығы дамыған жеке тұлға болып қалыптасу үшін коммуникативтік құзыреттілік дамыту қажеттілігі де туындайды. Оқушылар күнделікті оқуда қатысымдық міндеттерді тіл арқылы шеше білсе және қатысымдық мақсатты іске асыруда бірлесіп шешім қабылдауға қатысса, қарым-қатынастық ауызша және жазбаша формаларын меңгерсе, бірнеше тілді білсе, онда олардың коммуникативтік құзыреттілікті меңгергені. Осы мақсаттарға жету үшін *қазақ әдебиетін* орыс сыныбында оқытуда әр түрлі технологиялардың элементтерін пайдаланып, коммуникативтік қарым-қатынас тілін дамытуға көп назар аударамын.

Өзге тілді мектептегі Қазақ әдебиеті пәнінің алдына оқушы тұлғасының қалыптасуын жүзеге асыру үшін танымдық және практикалық бағыттағы қойылған міндеттердің бірі:

- көркем шығармалар негізінде коммуникативтік-модульдік тақырыптар аясында қазақ тілінде сөйлеу әрекеттерін (тыңдалым, оқылым, сөйлесім, жазылым) еркін орындау;
- коммуникативтік-модульдер және әдеби мәтіндер жүйесімен сабақтастықта күнделікті коммуникативтік қарым-қатынас тілін дамытуды қазақ тілі пәнімен пәнаралық байланыс сипатында жүзеге асыру.

(Оқыту қазақ тілінде емес жалпы білім беретін мектептің 5-9-сыныптарына арналған оқу бағдарламасынан. Астана, 2010)

Қазақ әдебиеті арқылы олар өзін қоршаған ортасымен отбасы, ұлты, Отаны, қазақ халқының мәдениетімен, тарихымен, салт-дәстүрімен және ең маңыздысы – қазақ халқының ақын-жазушыларының шығармаларымен танысады. Оқушыларды әдебиетіміздің үздік туындыларымен таныстыру арқылы қазақ халқының ақын-жазушылары туралы мәліметтер беріп, олардың шығармаларынан үзінді, яғни, көркем мәтіндерді оқыту барысында, өз ойларын жеткізуде ауызша және жазбаша сөйлеу тілін, коммуникативтік қарым-қатынас тілін дамытуға жағдай жасау.

Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану – басты талап. Қазіргі таңда білім ордаларында қолданылып жүрген жаңа технологиялар оқушылардың білімге деген ынтасын арттырып, таным деңгейін кеңейтеді. Бұл технологиялар қоғамда болып жатқан өзгерістермен байланысты, заманның жаңа талаптарына сай оқушының тұлғалық дамуына бағытталған. Мысалы: «Сын тұрғысынан ойлау», «Деңгейлеп оқыту технологиясы», «Модульдік оқыту технологиясы», «Компьютерлік технология». Осы жаңа технологиялардың тиімді әдістерін дұрыс таңдай білу – бүгінгі таңдағы басты талап. Оқушы санасына білімді жүйелі түрде меңгеруіне және оқушының қабілет деңгейлерін дамытуда М.М.Жанпейісованың модульдік технологиясының маңызы ерекше. Осы технология арқылы сабақтың мақсатына жету жолында түрлі жұмыстар жүргізу, қажетті әдістерді қолдану оқушылардың рефлексивті дағдыларын дамытады. Модульдік технологияны қолдану арқылы тілдік коммуникативтік құзыреттілікті дамыту – мемлекеттік тілді оқыту, қазіргі кезеңде өте тиімді болып отыр. Оған қазіргі жаңа бағдарламалар бойынша шығып жатқан жаңа оқулықтар дәлел бола алады.

Модульдік технологияның өзектілігі:

- оның тек білімді меңгеруге ғана емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық үрдістерді жетілдіруге;
- жадының алуан түрлерін (есту, көру, қимыл және т.б.), ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін дамытуға;
- тұлғаның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
- қарым-қатынас, ойын, белсенді сөздік қорын қалыптастыруға;
- дарынды балалармен тұрақты, жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік беруі.

Қазақ әдебиеті сабағында оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері:

- *Монолог* (қысқаша хабарлама, әңгімелесу, суреттеу, мінездеме);
- *Сұрақ-жауап* (мұғалім мен оқушылар);
- *Диалог* (оқушы мен оқушы);
- *Ауызша қарым-қатынас* (мұғалім мен оқушылар, оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы);
- *Жазбаша қарым-қатынастық* (тақырыпқа байланысты мәтінмен, суретпен жұмыс) сөйлеу дағдыларын дұрыс меңгеру.

Коммуникативтік құзыреттілікті дамытуда диалог, монолог – оқу үрдісіндегі қарым-қатынаста алдыңғы орын алады: ол – оқытудың негізгі мақсаттарының бірі және оның маңызды құралы.

Бұл жұмыс түрлері коммуникативтік құзыреттіліктің алғы шарттары болып келеді. Себебі бұл жұмыс түрлерін барлық сабақта мұғалім мүмкіндігінше қолдана алады.

Әдебиет пәні білім беру жүйесінде белгілі бір мақсаттарды көздейді, бұл мақсаттар әдебиетті оқыту үрдісінде өзара байланыста іске асады және осы негізде **біліктіліктер** айқындалады.

тер жүзеге асуы тиіс:

- Әдеби-теориялық біліктілік;
- Әдеби-тарихи біліктілік;
- Әдеби-шығармашылық біліктілік.

Әдебиетті оқыту көркем шығарманы оқудан басталады. Балаға көркем туынды оқытпай, әдебиеттен білім беру мүмкін емес. Коммуникативтік құзыреттілікті дамытуда мәтінмен жұмыс жүргізудің рөлі ерекше. Өйткені мәтін: балаға білім береді, оқуға үйретеді, ойын дамытады, ұйымдастырушылық қабілеттерін, топта жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады. Мәтін – оқушыға өз пікірін қалыптастыруға, пікір таластыруға, зерттеуге, салыстыруға, ізденуге әкелетін бірден-бір жол. Сондай-ақ бүгінгі білім берудің ең басты талаптарының бірі – шығармашылық тұлға қалыптастыру. Әдебиетті оқытудағы басты мәселе – шығармаға, яғни, көркем мәтінге талдау жасау. Әдіскер Т.Ақшолоақов көркем шығармаға талдау жасаудың 4 түрлі әдісін көрсетеді.

Олар:

- образ бойынша талдау жасау;
- проблемалы талдау;
- тұтас талдау;
- тақырыптық талдау.

Осы әдістердің ішінде мен өз тәжірибемде проблемалық талдауды көбірек қолданамын. Мысалы: М.Әуезовтің (7-сынып) «Көксерек» шығармасынан үзінді оқыған кезде оқушыларды Құрмаш пен Көксерек арасы қатты қызықтырып, елең еткізеді. Көксерекке ашу-ызалары келеді. Әңгіме оқушылардың сезім күйін, эмоциясын жаулап алады, оның негізінде басты мәселелер соның қалтарысында қалып қояды. Ал әңгіменің негізінде авторлық көзқарас, авторлық проблематика көмескі қалады. Адамдар әлемі мен

қасқырлар әлемі қатар алынып, адамдардың сол қасқырдан да қатал, тағы екенін көрсету – әңгіменің басты мәселесі. Міне, осы мәселелерді шешу үшін 79-беттегі 2, 3, 4, 5, 6-тапсырмаларды орындау барысында басты оқиғаларды ашатын және әңгіме идеясына жақындата түсетін сұрақтар беру керек:

- Адамдардың іс-әрекеттері дұрыс па? Өзің оны қолдайсың ба?

- Адамдардың іс-әрекеттері мен қасқырлар іс-әрекетінде ұқсастық бар ма? Қайсысы қаталырақ?

- Жазушы ойы не?

Бұл сұрақтар әңгіме мазмұнын әрі әңгіме көтерген басты-басты мәселелерді ашу мақсатында қойылады. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне назар аудара отырып, әдеби талдауды да әр сыныпқа сай, жүйелі түрде жүргізу – ұстаздар алдындағы міндеттердің бірі. Әдебиеттен білім алу дегеніміз – мәтінді оқи білу, оған білгір талдай жасай алу екенін оқушылар естен шығармауы тиіс. Осы әдеби талдаулар барысында оқушылардың пікірлерін (әңгімелесу, сұрақ-жауап арқылы) танымдық ойларын, сезімдерін білуге болады. Өйткені, әр бала – жеке тұлға. Сондықтан талдау сол «жеке» адамдардың «жеке пікіріне» де сүйене жүргізілуі тиіс.

Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» атты шығармасынан (9-сынып) үзінді оқыған кезде, мынандай проблемалық сипаттағы сұраулар қойылады:

- Шұға мен Әбдірахман арманына неге жете алмады?

- Екі жас өз бақыты үшін күресті ме?

- Адал махабаттың жолында құрбан болған Шұғаның тағдырына кім кінәлі?, т.б.

Мен өз сабақтарымда модульдік технологияны толықтай жоспарлап қолданамын. Зерттеуші Ж.Әлмашев: «...біздің әдебиетімізде үлкен тұлғалар кімдер десек,

солардың алдыңғы легінде А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, т.б тұратыны рас...-деген. Көркем шығарманы әдеби талдау алдында, мәтінмен жұмыс кезінде міндетті түрде сөздік жұмысы жүргізіледі. Оқушының сөздік қорын байытып отыру – тілдік әрекет жасаудағы негізгі міндет, онсыз тілдік әрекет болу мүмкін емес. Сондықтан ол оқу кезеңінде белгілі жоспармен жүйелі түрде жүргізіліп отырады. Түсіндірме сөздіктер, әсіресе, көркем шығармаларды оқуда, оның ішінде тарихи тақырыпта жазылған шығармаларды оқуда (мысалы, *«Ежелгі дәуір мен орта ғасырлардағы әдебиет»*, 9-сынып) оқушыға бірден-бір көмек болып табылады. Сондай-ақ фразеологиялық сөздіктер, термин сөздер сөздігі де жүргізіліп отырады. Мысалы: Абайдың *“Жасымда ғылым бар деп ескермедім”* өлеңіндегі «мақрұм», «қызмет қылу», «шен алу», «қара сөзге дес бермеу», «басқа шауып», «төске өрлеу» деген сөздерге түсінік беріледі, мағынасы айқындалады. Сонымен қатар, 9-сыныпқа арналған «Жұмыс дәптері» қосымша әдістемелік құрал ретінде, оқушылардың өз бетімен білім алуына және олардың ойлау қабілетін дамытып, алған теориялық білімдерін берілген тапсырмалар арқылы іс-жүзінде қолданып, өздігінен жұмыс жүргізуі арқылы бойына қажетті коммуникативтік құзырлықты қалыптастыруға баулиды. Ол – оқулыққа негізделе отырып бағытталады. Қазақ әдебиетінен тіл дамыту жұмысына 5-7-сыныптарда, «Оқы, қызық» атты қосымша (қоршаған орта ғажайыптары) құрал пайдаланамын. Ол – оқушының өз қалауы бойынша таңдап алатын мәтіндер жинағы. Өйткені әрбір көркем мәтін оқушылардың танымдық біліктілігін қалыптастырып, эстетикалық деңгейіне қозғау салады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.М.Байтанасова, Ш.Айтуғанова. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Астана, «Фолиант», 2008.

2. Әдебиет (оқыту әдістемесі). А., «Атамұра», 2003.
3. Т.Жұмажанова, С.Дүйсебаев, Ә.Мамырова, З.Көпбаева. «Қазақ әдебиеті» оқулығының әдістемесі. А., «Білім», 2005.
4. ҚР 12 жылдық білім беру тұжырымдамасы.
5. Ф.Оразбаева. Тілдік қатынас. А., 2005.
6. ШҚО. «Педагогика жаршысы» ғылыми-әдістемелік журналы. №1, 2012.



Қаламқас ТОҒАСБАЕВА,
Шығыс Қазақстан облысының
Семей қаласындағы
№9 жалпы білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мемлекеттік тілді үйренуде жақсы жетістіктерге жету үшін мұғалімді, біріншіден, ғылым негіздерімен қаруландыру керек, екіншіден, сапалы, мазмұнды бағдарлама мен оқулықтар қажет. Мемлекеттің көп диаспоралы жағдайында тілдерді жетік меңгеру ғылым мен техниканың жетістіктерін меңгеруге, отандық және әлемдік мәдениетті үйренуге кең жол ашады. Қазіргі таңда қойылған міндеттердің орындалуы мемлекеттік тілді үйретудің әрі қарайғы жетілдіруін талап етеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады» деген еді. Сондықтан бүгінгі күні бізге, елімізге дені сау, рухы таза, ойы биік адамдар қажет. Олар өз алдына өрелі мақсаттар қойып, соған

жетуге тырысады. Ал, мұғалімдер қауымының алдында тұрған басты мақсаты – рухани жан дүниесі бай, жан-жақты жарасымды дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұғалім бұл мақсатқа ұлттық байлығымыз бен салт-дәстүрімізді, білім беру ісіндегі озық үлгісімен, тұғырлы ұстанымдарымен тығыз байланыстыра отырып дамыту, жас ұрпақтың қабілеті мен талантын ашу, шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіру, осы арқылы өз-өзіне деген сенімін нығайту, бір сөзбен айтқанда, өз жолын өзі тандауына дұрыс бағыт сілтеу арқылы жете алады.

Еліміздің білім беру жүйесі әлемде болып жатқан өзгерістермен үндесу мақсатында білім берудің жаңа моделін құрып, сынақтан өткізу мен енгізу міндеттерін жүзеге асыруда. Сөйтіп дүбірлі өзгерістер мен жаңартулар білім беру мәселесін реформалауға алып келді. Бүгінгі оқыту мен тәрбиелеудің басты нышаны – жеке тұлғаға бағытталған оқыту.

Жеке тұлғаға бағытталған оқыту – оқушының барлық мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескере отырып, оның жеке ерекшеліктерін дамытуға қажетті жағдайлар жасау деген сөз.

Тіл – адам баласының, ұлттың, бүкіл халық пен қоғамның болмысын көрсететін құбылыс. Ойлау болған жерде тіл болады. Ананың ақ сүті, әкенің ыстық ықыласы, ұстаздың ұлағатымен дарыған тіліміз мемлекеттік жоғары мәртебеге ие болып, оны қолдану аясы жыл өткен сайын кеңейіп келеді. Қазақстан Республикасы «Тіл туралы Заңы» мен «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2001-2010 жылдарға арналған бағдарламасының» жүзеге асуы – тіл мамандарына, қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдеріне үлкен міндет жүктейді.

Бірінші орында баланың білім, білік дағдысы емес, оның тұлғасын осы білім алу арқылы айқындайтын бүгінгі заманда тіл мен әдебиет пәнінің өзіндік ерекшелігі зор.

Көркем сөзді шексіз сүйеге, өмірді өзінше ойлап, пайымдай білуге үйретіп, жеке қабілетін ашуға мүмкіндік береді.

Республикамызда Тіл мәселесі жөнінде көп айтылып, біршама істер атқарылып жатыр. Әлемдік кеңістікке ену жағдайында ұлттың тілі алғашқы орында тұратыны белгілі. Дамыған елу елмен бәсекеге түсу үшін алға қоятын ең басты нәрселер – бабамыздан қалған бай тіліміз, байтақ жеріміз бен салт-дәстүріміз емес пе? Осы тілімізді, бай әдебиетімізді оқытуда бүгінгі күні білім жүйесінде болып жатқан елеулі өзгерістерге ілесе отырып, жарқ еткен жаңалыққа талмай талпынып, еңбектенсек нәтижелі білімге қол жеткізеріміз сөзсіз. Ұстаз – күнде оқып, өзіне бір жаңалық тауып отырғанда ғана ұстаз. Қазіргі біздің әріптестеріміз қай салада болсын, білім беруші, тәрбиеші, насихатшы, ағартушы міндетін атқарып жүргені сөзсіз. Жаңа оқулықтар, әдістемелік құралдар, кәсіптік қайта даярлаулар, ғылыми-конференциялар жыл өткен сайын дұрыс жолға қойылуда. Қайта оралған салт-дәстүрімізді, халықтық педагогиканы әлемдік озық әдіс-тәсілдермен ұштастыра отырып, тіл мен әдебиетті оқытуда биік жетістіктерге жетуге болады. Тіл мамандарының алдында тұрған басты мәселе – тіліміз Мемлекеттік Тіл дәрежесіне толық жетіп, әлемдік бәсекедегі елдермен иық тірестіру болса, осы мәселеге білім беру, тәрбиелеу ісімен үлесімізді қоса берейік.

Олай болса, білім беру ұйымдарының оқу үрдісі толық ақпараттандырылған заманда Қазақстанның елім дейтін, жерім дейтін азаматтарын тәрбиелеуде ұстаздар алдыңғы сапта тұруы да заңды. Ұстаз оқыту мен тәрбиелеу жұмысында жүректі ізгілендіру, ақыл-ойды жетілдіру және сана-сезімді теңестіру әдістерін білетін болса – онда ол нағыз ұстаз-тәрбиеші болмақ.

Бүгінгі әлемдік тәжірибедегі ана тілін оқытудың мынадай негізгі тенденциялары мен үндесуін атасақ:

1) Қазақ тілін оқытудың түпкі мақсаты етіп тілдің грамматикасын үйретуді емес, оқушылардың сөз мәдениетін жетілдіруді қою;

2) Қазақ тілін ұлттық-мәдени құндылықтардың ажырамас бөлігі ретінде меңгерту;

3) Қазақ тілінің дүниетанымдық, тәрбиелік, әлеуметтік этномәдени аспектілерін біртұтастыққа қамти отырып оқыту;

4) Қазақ тілін оқушының логикалық ойлауын, жалпы жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі ретінде қолдану;

5) Қазақ тілінің білім мазмұнын оқушының коммуникативтік біліктіліктерін дамытудың базасы ретінде пайдалану;

6) Қазақ тілінің мотивациялық сипатын күшейте отырып оқыту;

7) Қазақ тілін оқытудың бүкіл әдістемелік жүйесін жаңа бағытқа лайық оқытудың жаңа технологияларымен сәйкестендіру;

8) Жалпы білім беретін мектептің әр сатысындағы игерілетін білімнің түпкі нәтижеге бағытталу жүйесін берік ұстану.

Технология – бұл қандай да бір істе, шеберлікте, өнерде пайдаланатын әдістер жиынтығы деп көрсетілген түсіндірме сөздікте. Ал жаңа технологияның мақсаты – баланың қабілетін ашу – соның негізінде ой-өрісін дамыту, белсенділігін арттыру,өзіне деген сенімін күшейту, өзін-өзі тәрбиелеуге бағыттау.

Дәстүрлі сабақ	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Мақсат-міндет	Оқыту, үйрету	Тыңдау, үйрену
Әдіс-тәсіл	Педагогикалық ықпал жасау, мәліметтер беру, басқару.	Берілген мәліметтерді жазып алу, жаттау.

Көрнекілік.	Даярлау, оқушыға көрсету.	Дайын көрнекілікті пайдалану.
Ұйымдас-тыру жұмыстары.	Жеке басқарады, талапты ортақ қояды.	Мұғалімнің басқаруымен жұмыс жүргізіледі.
Бағалау шарттары.	Жалпы нормативтік, арифметикалық ортамен анықталады.	Мұғалімнің бағалауын күтеді.
Мақсат-міндет.	Бағыттау-нұсқау.	Ізденеді, зерттейді, сипаттайды, салыстырады.
Әдіс-тәсіл.	Бағыттайды, нұсқайды, ізденіске үйретеді, бақылайды, тыңдайды.	Жеке жұмыс атқарады, топпен жұмыс істейді, пікір білдіреді, тыңдайды.
Көрнекілік.	Бағыттайды.	Көрнекілік, құрал-жабдықтарды өздері дайындайды.
Ұйымдас-тыру жұмыстары.	Топқа бөледі, тақырып береді, жұмыс барысын түсіндіреді, бақылайды.	Жеке ерекшеліктерге бағытталған, ұжымның өзін-өзі басқаруына негізделген.
Бағалау шарттары.	Бағыттайды, көрсетеді.	Оқушы өзін-өзі тексеріп, бағалайды, топ бақылаушысы бағалайды. Топ мүшелерімен пікірлесіп бағалайды.

Мұғалім міндеттері:

1. Білім алуға жетелейтін тиімді технологияны қолдану;
2. Шығармашылық жұмыстар ұсыну;
3. Оқушы еңбегін ұйымдастыру;
4. Оқушымен пікірлесу, этикалық мәдениетке тәрбиелеу;
5. Қадағалау негізінде топ жетекшілері арқылы тексеру.

Оқушы міндеттері:

1. Өз бетімен білім алуға ұмтылу, іздену;
2. Бірлесіп жұмыс жасай білу;
3. Бір-бірінің пікірімен санаса білу;
4. Топ мүддесін қорғай білу;
5. Өзіне сын көзбен қарап, бағалай білу;
6. Білім алу дағдысын қолдана білу.

Оған мынандай басты талаптар қойылады:

- әр оқушының еңбектенуі және оның еңбегін пайдаға жарату;
- өзінің еңбегімен қоса басқаның да еңбегіне жауапкершілікпен қарау;
- өзі оқи отырып, қасындағы оқушыны да оқыту;
- серіктесінің түсінбегенін түсіндіріп, көмектесу.

Ерекшеліктеріне келсек:

- жекелей оқыту;
- қасындағы оқушымен жұптасып оқыту;
- топпен оқыту;
- ұжымдық оқыту.

Бұл технологиялардың талаптарына сәйкес, оқушы – оқушы, оқушы – ұстаз, шәкірт – үйретуші міндетін атқарады.

Тапсырманы даярлау әр кезеңдерге бөлінеді:

I. Берілген тапсырмамен танысу:

- шағын бөлімдерге ат қою;
- жоспар құрып, мәтін мазмұнын меңгеру;
- сұрақтар даярлау.

II. Тапсырманы екінші оқушыға түсіндіру кезеңі:

- мәтіннің мақсатын анықтау;
- жоспармен таныстыру;
- мазмұнын түсіндіру.

Бақылау сұрақтары бойынша түсінгенін тексеру.

III. Жеке жаттығу жазу, шығарма жазу, түсінгенін баяндау кезеңі.

Сабақ тартымды болу үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді дұрыс қолдана білген жөн. Сонда ғана жұмыс нәтижелі шығады. Осы ұжымдық оқыту әдістемелерімен оқытқанда балалар жақсы оқып, мәтіннің мазмұнын айтып, сұрақтарға жақсы жауап бере бастайды, өзара сұқбат жасап, сөйлеуге машықтанады. Берілген жаттығуды өз беттерімен орындауға тырыса бастайды. Бір-бірімен кезектесіп диктант жазу арқылы нашар деген оқушының жазу сауаттылығы

жақсарғанын байқадым. Себебі ол көзімен көріп, құлағымен тыңдап, жазу әрекетін, оқу техникасын меңгерді.

Менің тәжірибемде жаңа технологиямен оқытқанда әрбір оқушының жеке басының ерекшелігін еске алу ғана нәтиже беретіні дәлелденді. Шәкірт өз ойын анық айтып жеткізу үшін әр сабақ сайын сөздік қорын молайтып отыруы қажет. Оқушыны терең әрі жинақы біліммен қаруландыру ұстаздың да жаңаша ойлап, жаңаша жұмыс істеуін талап етеді.

Қазіргі кезде мультимедия кабинетінде сабақ өткізуге мүмкіндік туып отыр. Қазақ тілін әлемдік озық технология арқылы меңгеру компьютерлік оқытумен тығыз байланысты. Мұғалім – ұйымдастырушы, бағыт беруші. Сондықтан да оқу ісінде баланы қызықтыратын, оқуға қабілетін арттыратын жағдай туғызу қажет. Ол үшін оқу үдерісін жаңаша ұйымдастырудың, яғни, жаңа технология әдісін қолдана отырып оқытудың маңызы зор.

Ж.Аймауытов XX ғасырдың басында-ақ:

«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер», - деген екен. Олай болса, қазақ тілін заман талабына сай жаңа технологиямен оқудың тиімді әдістерін әр ұстаз өз деңгейінде қолдана білсе, нұр үстіне нұр болмақ.

Қорыта келе, ұстаз білімдарлық, адамгершілік пен әділдік, адалдық пен шыдамдылық, тапқырлық пен қамқорлық секілді қасиеттерді оқушы бойына дарытып отырса, жақсы жетістікке жетуге болады.

«Ұстазына қарай – ұстамы» деген сөз бекер айтылмаса керек.

Сондықтан «Баланың маңайында сөйленетін сөздер де әдепті, сұлу болуға тиісті» деп М.Жұмабаев айтқандай, болашақ еліміздің тірегі – оқушылар болғандықтан ана тіліне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу – ұстаздар алдындағы үлкен міндет.

Бибігүл ЕСЕТҚЫЗЫ,
Орал қаласындағы
Вальдорф бағытындағы
мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ВАЛЬДОРФ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Төменде берілген мақалада он шақты жылдан бері жинақталған ой-пікірімді, әдістік ұсыныстарымды ортаға салғым келді.

Вальдорф бағытындағы мектеп-гимназия Орал қаласында 16 жыл бұрын ашылған. Вальдорф педагогикасының негізін неміс философы, педагогы Р.Штайнер салған еді.

Вальдорф әдістемесін әлемнің көптеген елінде кеңінен пайдаланып жатқан педагогтар аз емес. Біздің гимназия 2010 жылы 1000 вальдорф мектептерінің санына енгізілген.

Қазіргі таңда мұғалімдер түрлі инновациялық оқыту әдіс-тәсілдерін пайдалануда. Мен де осы үрдісте жинақталған іс-тәжірибемді ұсынып отырмын.

Вальдорф педагогикасы бойынша мектепке келген жеті жасар баланы тілге жазусыз, оқусыз оқыту керек. Бұл жаста бала (7-8 жас) еліктеуге құштар болады. Мұғалім соны пайдаланып, балаға өлең-тақпақ, екеуара сөйлесім үлгілерін ұсынады. Бала тілдің сыртқы дыбысын, ырғағын, бейнесін тыңдап, сезінуі керек. Алғашқы сатыда мұғалімнің міндеті – баланы қазақ тілімен таныстыру, оның тілге деген қызығушылығын арттыру. 1-сыныпта бала мұғалімге

еліктеп, оның соңынан қысқа өлең-тақпақ, санамақтарды қайталап, жаттайды.

Арнайы жинақталған өлең-әндердің көмегімен оқушылар апта күндерін, айлардың атауларын, жыл мезгілдерін жаттап, есте сақтайды. Міндетті түрде меңгеріліп жатқан сөздердің аудармасы берілмейді, балалар сөздің мағынасын өздері сезінуі керек.

2-сыныпта осы жұмыс жалғастырылады. Өлең-тақпақ, санамақтарға саусақ ойындары қосылады. Мұғалім шағын әңгімелер айтады. Оқушылар ана тілінде сол әңгіменің мазмұнын айтады, арасында мұғалімнің көмегімен қазақша айтып үйренеді. Ойын сәтінде оқушылар сұрақ қойып үйренеді. Бұл сатыда дыбыстарды дұрыс айтқызуға көп көңіл бөлінеді.

3-сыныпта өлең, тақпақ, фонетикалық ойындар жалғастырылады. Балалардың ауызша сөйлеу тілі одан әрі дамиды. Сұрақ қойып, жауап берудің нәтижесі – оқушылар сөйлемдегі сөз тәртібін игере бастайды. Мұғалім берген тақырып бойынша өздері жай сөйлем құруға күш салады.

4-сыныпта жазу мен оқуға көп көңіл бөлінеді. 1-3-сыныпта жаттағандарын 4-сыныпта балалар жазуға түсіреді. Тақтадан қысқа өлеңдерді көшіріп, қазақ тіліне тән дыбыстарды белгілейді, естеріне сақтайды.

Вальдорф мектебінде сабақ 4 бөлімнен тұрады:

1-бөлім – ритмикалық бөлім;

2-бөлім – қайталау, жаңа сабақ түсіндіру;

3-бөлім – оқушының жұмысы (жазу, сурет салу);

4-бөлім – мұғалімнің әңгімелеуі немесе балалардың әңгімесі.

1-бөлім – ритмикалық бөлім. Фонетикалық жаттығулар оқушының демалуына, қан айналымына әсер етеді.

2-бөлімде бірінші орында ойлау тұрады. Бас жұмыс жасайды. Өткен материал қайталанады. Жаңа тақырып

түсіндіріледі. Жаңа материал оқушыға сезім арқылы, елес арқылы беріледі.

3-бөлімде мұғалім мүмкіндігінше сөйлемейді. Оқушыларға жұмыстану үшін уақыт береді: балалар бүгінгі сабақта естігені бойынша сурет салады, ал жоғары сыныпта – сабақтың конспектісін жасайды (естігені, түсінгені бойынша) немесе альбомды безендіреді.

4-бөлімде мұғалім жыл тақырыбы бойынша әңгімелер айтады.

Қазақ тілі сабақтарында вальдорф педагогикасының пайдаланатын негізгі элементі: сабақты үшке бөліп өткізу. 45 минуттың ішіне ритмикалық бөлім, негізгі бөлім және әңгімелеуді сыйғызу, әрине, қиындау. Бірақ балалар бастауыш сыныптан бастап сабақтың осындай құрылуына үйренген.

Мұндай сабақтар мұғалімнен көп шығармашылықты, қосымша материалды іздеуді талап етеді.

Келесі маңызды элемент – альбоммен жұмыс. Бұл жұмыстың түбі оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятады. Балалар альбомға мұғалімнің берген қосымша материалдарын жазады, меңгеріліп жатқан жаңа тақырып бойынша сурет салады, өздік жұмыстарын енгізеді, шығармашылықпен айналыса бастайды. Бұл әдіс – өте ұтымды және пайдалы.

Вальдорф педагогика әдістемесі бойынша балалар түрлі-түсті бояу қарындаштарды кеңінен пайдалануы керек. Олар мұғалімнен естігендерін альбомдарына жазып отырады. Оқу жылының соңында әр оқушының өзіндік кітапшасы болады. Р.Штайнердің айтуынша, қызығушылық бар жерде шығармашылық оқыту да болады.

Вальдорф педагогикасының келесі әдісі – естіген әңгіме, оқыған мәтін бойынша иллюстрация салу немесе суреттеу. Бұл тәсілді жаңа тақырыпты түсіндіргеннен кейін немесе

әңгімелеудің соңында өткізуге болады. Бұл әдіс:

- Оқушылардың жаңа тақырыпты түсіну деңгейін тексеруге көмектеседі;
- Шығармашылықпен жұмыс істеуге үйретеді;
- Балалар өткен материалды ойларында қайта жаңғыртады. Осының барлығы тақырыпты нақты бекітуге көмектеседі.

Вальдорф әдістемесінің ең тиімді тәсілі – сабақтың соңында әңгіме айту. Әр сыныптың жыл тақырыбы болады. Мысалы, 1-сынып – ертегілер, ырғақтық; 2-сынып – мысалдар; 3-сынып – рухани-адамгершілік бағытындағы аңыз-әңгімелер, 4-сынып – батырлар жыры; 5-сынып – ежелгі Грекия; 6-сынып – орта ғасырдағы тарихи әңгімелер; 7-8-сыныптар – ұлы адамдардың өмірбаяны; 9–11-сыныптарда – халық ауыз әдебиетінің жырлары.

Р.Штайнердің оқуы бойынша, бала есейген сайын жыл тақырыптары өзгеріп тұрады. Әр сабақ сайын әңгіме айтудың мақсаты: балаларды тәрбиелеп оқыту. Вальдорф мектебінде сабақ ырғақтық бөлімнен басталады. Бұл балаларды сабаққа бейімдейді және оларды салмақтылыққа, байсалдылыққа баулиды. Бастауыш сыныпта ырғақтық бөлім көп орын алса, 4-сыныптан бастап бұл бөлім тілдік жаттығуларға ауысады.

*Арайланып таң атты,
Алтын шапақ таратты,
Қайырлы таң, балалар!
Аман Отан – анамыз,
Аман ата-анамыз,
Қайырлы таң, балалар!*

Тілек

*Адамдардың әлемде
Туыстығын тілейміз.
Шын достықтың әр елде
Тым ыстығын тілейміз.*

Бақыт, еңбек, береке,

Ырыс күнін тілейміз.

Күнде думан, мереке,

Тыныштығын тілейміз.

Сабақ сайын мұғалім алдыңғы өткен материалды сұрап отырады. Сабақтан сабаққа үзілмейтін тізбек болады. Бұл да – вальдорф педагогикасының тиімді әдістерінің бірі. Келесі маңызды нәрсе: Штайнер мектебінде мұғалім кітаптан оқымау керек – бала барлық материалды мұғалімнің ауызынан естуі керек. Мұндай талап – тек Вальдорф мектептерінде емес, білім саласында еңбектеніп жатқан барлық ұстаздарға қойылатын талап. Сонымен, байқаңыз: жалпы әдістемемен Вальдорф әдістемесінің араларында сәйкестіктер бар. Бірақ тек Вальдорф педагогикасына жататын әдіс-тәсілдер де жеткілікті. Сабақтарымызды Мемлекеттік стандарттың талаптарына сай құрсақ та, Вальдорф ұстанымдарын да қолданудамыз.

Қазіргі уақытта жаңа, озық педагогикалық технологиялар енгізіліп жатыр. Осы жаңа технологиялар қатарында Вальдорф педагогикасының тиімді әдіс-тәсілдері өз орынын тапты деп есептейміз.

Төменде сабақта қолданылатын материалдарды мұғалімдерге көмек ретінде ұсынуды жөн көрдім.

Арайланып таң атты,

Алтын шапақ таратты,

Қайырлы таң, балалар!

Аман Отан – анамыз,

Аман ата-анамыз,

Қайырлы таң, балалар!

Бірім – бірім, екім – екім,

Үшім – үшім, төртім – төртім,

*Бесім – бесім, алтым – алтым,
Жетім – жетім, сегізім – сегізім,
Тоғызым – тоғызым, оным – оным,
Он бірім,
Оны тапшы, ай-күнім!*

*Бір дегенім – білеу,
Екі дегенім – егеу,
Үш дегенім – үскі,
Төрт дегенім – төсек,
Бес дегенім – бесік,
Алты дегенім – асық,
Жеті дегенім – желке,
Сегіз дегенім – серке,
Тоғыз дегенім – торқа,
Он дегенім – оймақ,
Он бір – қара жұмбақ.*

*Қуыр-қуыр қуырмаш,
Балаларға бидай шаш!
Тауықтарға тары шаш!
Бас бармақ,
Балалы үйрек,
Ортан терек,
Шылдыр шүмек,
Кішкене бөбек.
Сен тұр, қойыңа бар!
Сен тұр, қозыңа бар!
Сен тұр, жылқыңа бар!
Сен тұр, сиырыңа бар!
Сен тұр, түйеңе бар!
...Ал сен алаңдамай,
Қазан түбін жалап,*

Үйде жат.

Мына жерде құрт бар,
Мына жерде май бар,
Мына жерде қатық бар,
Қытық, қытық.

Мынау – сары қарындаш,
Онымен Күнді саламын.
Мынау – қоңыр қарындаш,
Онымен Жерді саламын.
Мынау – жасыл қарындаш,
Онымен – шөпті саламын.
Мынау – көк қарындаш,
Онымен суды саламын.

Тау бар, тау бар,
Тауда бау бар.
Бауда ара бар,
Ара барда бал бар.
Жейсіңдер, балалар,
Қайта кетер бар бал?

Бір аптаның күндері өтті:
Дүйсенбіде гүлдер ектім,
Сейсенбіде жуа тердім,
Сәрсенбіде су әкелдім,
Бейсенбіде бақша баптап,
Жұма күні тақпақ жаттап,
Сенбіде мен киноға бардым, жексенбіде бір демалдым.
Сәл демалып,
Тыным ал.
Тақпақ тыңдап,
Ұғып ал.

Апта деген ағайдың
Жеті бірдей ұлы бар:
Біріншісі – дүйсенбі,
Екіншісі – сейсенбі,
Үшіншісі – сәрсенбі,
Төртіншісі – бейсенбі,
Жұма деген – бесінші ұл,
Алтыншы ұл ол – сенбі,
Жетіншісі – жексенбі.

Кел, санайық санамақ
Саусақтарды даралап.
Бас бармағың – алғашқы,
Балаң үйрек – жалғасы.
Ортан терек – кезекші,
Шылдыр шүмек – көмекші,
Шынашағың – балапан,
Бәріне ортақ балақан.

«Ана» деген сөзді де,
«Аға» деген сөзді де,
«Әке» деген сөзді де,
«Тәте» деген сөзді де,
«Ата» деген сөзді де
«Апа» деген сөзді де
Ойлап тапқан – балалар!
«Күнім, жаным» дегенді,
«Құлыншағым» дегенді,
«Ботақаным» дегенді,
«Қошақаным» дегенді,
«Айналайын» дегенді,
«Толған айым» дегенді
Ойлап тапқан – аналар!

ТІРЕК-БЕЛГІЛЕР НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ

Мектепте оқытылатын барлық пәндердің де маңызы зор десек, оның ішінде қазақ тілінің орыны аса ерекшеленіп тұрады. Оқушының ойлауы мен тілін дамыту, дүниетанымын қалыптастыруда қазақ тілі пәніне үлкен міндеттер жүктеледі. Орыс тілді аудиторияда қазақ тілінен сабақ жүргізудің негізгі міндеті – ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыру, сөздік қорды есте сақтату және тиімді әдіс-тәсіл қолдану. Соңғы жылдары сабақтарымда қолданып жүрген технологиялардың бірі: «Тірек-белгілер негізінде оқыту» технологиясы. Тірек-белгілер (сызба, сигнал) арқылы технологияның негізін қалаған В.Шаталов болды. В.Ф.Шаталов тәжірибесінің **бірінші ерекшелігі** – оқушылардың іс-әрекетін, танымдық жұмыстарын кезеңдерге бөліп, оқу үдерісін мұғалімнің қатаң түрде басқаруы. Тәжірибесінің **екінші ерекшелігі** – бағдарлама бір-бірімен байланысты, қарама-қарсы тақырыптар біріктіріліп оқытылады. Осы тұрғыдан келгенде, тірек-сызбалармен жұмыс істеу – оқушылардың логикалық ойлау әдісін кеңейтіп, өз бетінше жұмыс істеу қабілетін арттырады және қазақша сөйлеуге үйретудің ең ұтымды жолы болып табылады. Бұл оқыту технологиясы төмендегідей мақсатты көздейді:

- білім, білік дағдысын қалыптастыру;
- барлық баланы оқыту;
- оқытуды жеделдету.

Ерекшеліктері:


- үнемі қайталау, міндетті кезеңдік бақылау;
- жеке бағдарлы қарым-қатынас, ықпал;
- ізгілік, еркімен оқыту;
- оқыту мен тәрбиенің бірлігі.

Тірек-белгілермен оқыту оқу материалдарын түсінікті меңгеріп, жеке тұлғаның қалыптасуына әсерін тигізеді. Көбінесе, бекіту, қайталау сабақтарында қолданылады. Жеке тұлғаның өзіндік әрекетінің нәтижесінде оның бойында мынадай қасиеттер қалыптасады:

- өз бетінше ойлау біліктері мен ізденімпаздығы;
- оқуға деген қабілетінің артуы;
- өз ойының дербестігі.

Орыс мектептерінде қазақ тілін үйрену, грамматикалық және лексикалық тақырыптарды меңгеру – күрделі жұмыс, сондықтан тірек-сызбалар арқылы түсіндіремін. Үздіксіз, жүйелі түрде қолданса, қазақ тілінен оқушылардың білім деңгейінің жоғарылағаны байқалады. Мысалы: жалғаулармен оқушылар бастауыш сыныпта танысады. Сондықтан оқушылар санасын көмескілендірмей, түбірге қосылатын сөз бөлшегін «қосымша» атайтынымызды, оның өзі үлкен екі топқа бөлінетінін тірек-сызба арқылы түсіндірген тиімді деп ойлаймын. Ескеретін жай, оқулықтағы барлық материалдарды сызба немесе көрнекілікке айналдыруға болмайды.


Тірек-сызбалармен жұмыс істеу – оқушылардың логикалық ойлау әдісін кеңейтіп, өз бетінше жұмыс істеу қабілетін арттырады. Тірек-сызбаларды тек көрнекілік ретінде ғана емес, деңгейлік тапсырмалар, жеке кәртішкелер немесе топпен, жұппен пайдалануға болады. Мысалы: Мен өзімнің сабағымда етістікті қайталау кезінде қолданатыным:



Тірек-сызба бойынша тапсырмалар, көбінесе, сызбаны толтыр немесе шартты белгілер бойынша грамматикалық атауларын таптыру болып келеді. Сонымен бірге мынадай жетелеуші сұрақтар беруге болады: «Сөз тудырушы жұрнақ арқылы туындаған сөз, біріккен сөз, күрделі сөз, қос сөз, қысқарған сөздердің сызбасы қандай туынды түбірден таралып тұр?». Бұл жерде, әрине, кестені пайдалану керек. Тірек-сызбаларды сапалы түрде меңгерту үшін қабылданатын зат пен құбылысты дұрыс байқап, талдау жасау керек. Жұмысты көбіне оқушылар өздері ойланып орындай алатындай етіп ойластырған жөн.

Жалпы айтқанда, тірек-сызбамен оқыту – заттармен құбылыстардың өзіне тән жаратылыс бітімін, сипаттарын сезім мүшелері арқылы көзбен көріп, қолмен ұстап, құлақпен естіп қабылдауға баулитын дидактикалық үрдіс.

Мына тірек-сызбаны 6-сыныпта «Менің досым» тақырыбын өткенде оқушыларға ұсынамын.



Сонымен, теориялық материалмен жұмыс мынадай 6 кезеңнен тұрады:

1-кезеңде тақырыпты жан-жақты түсіндіру;

2-кезеңде тірек плакаттарын қолданып, қысқаша түсіндіру;

3-кезеңде оқушыларға тірек сигналдары (тірек плакаттарының кішірейтілген түрі) беріліп, оларды балалар өз альбомдарына желімдейді;

4-кезеңде оқушылар оқулықпен және тірек сигналдарымен үйде жұмыс істейді;

5-кезеңде сабақ үстінде тірек сигналдарын естеріне түсіріп, дәптерлеріне жазады;

6-кезеңде оқушылар мұғалімге тақырып бойынша ауызша жауап береді.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Педагогикалық технологияларды қолдану тиімділігін қарастырмас бұрын «педагогика» және «технология» терминдерінің түсінігін ажыратып алайық. «Педагог» - грек сөзі, сәби және жетелеуші деген мағынаны білдіреді. Демек, «баланы бағушы» деген мәнде қолданылады. (1) Ожеговтың түсіндірмелі сөздігінде «педагогика» 1) оқыту және тәрбиелеу туралы ғылым; 2) тәрбиелеу әдіс-тәсілдері деп берілген. Кеңес энциклопедиялық сөздігінде «Технология» - грек сөзі, шеберлік туралы ілім, әдістер бірлігі, өндіру кезеңіндегі өзгеру жағдайы делінген. (2) Технология – гректің өнер, шеберлік сөздерінен шыққаны баршамызға мәлім. Боголюбов В.И.: «Технология» – шеберлік туралы бәсекелестікке сай өнім беретін ғылыми біліктілік»,– дейді. Дәлірек айтқанда, бұл оқыту үрдісінің жоғары технологиялық белгісі. (3) Бірақ бұл анықтамаларды педагогикалық технологиямен алмастыруға болмайды. Қазіргі кезде «Педагогикалық технология» ұғымының 300-ден астам анықтамалары бар.

«Педагогикалық технология дегеніміз – оқыту үрдісін

жүзеге асыратын мазмұнды техника»,- деп В.П.Беспалько пайымдаса, М.В.Клариннің анықтамасы бойынша «Педагогикалық технология дегеніміз – педагогикалық мақсаттарға жету үшін қолданылатын тұлғалық, әдіснамалық құралдардың жиынтығы және олардың ретімен қызмет етуі» (4). В.И.Боголюбовтың пайымдауынша, педагогикалық технологияға: 1) жаңа педагогикалық жүйені ұсынған зерттеуші-автордың нәтижеге жетуі, кез келген педагогикалық оқыту технологиясын белгілеген мақсатына сәйкес өндіріп шығу керек. 2) педагог нәтижесінің бәсекелестікке сәйкестігі барлық педагогтарға тиімді, қолайлы педагогикалық шеберлік туралы ғылыми білімді дамытушы. Бұл жағдайда оқу – тәрбие үрдісінде қолданылатын педагогикалық технология әдістердің, тәсілдердің қолданушыға тауар ретінде ұсынылатын нұсқауы. 3) Жаңа педагогикалық технологияның капиталды көлемдігі, егер де педагогикалық технология импорттық тұрғыдан болса. 4) Жоспарланған нәтижеге жеткізетін алгоритмнен айырмашылығы технологияда «иә» немесе «жоқ» деген пайымдаулар болмайды. Құрылымның қысқа да нұсқалығы және жеңіл, тиімді меңгерілуі. «Технология – бұл қоғамдық қажеттілікке сәйкес мақсатқа жеткізетін нұсқаулық оптимумы. Кез келген технологияның әрекет етуі және оқу үрдісін басқарудың негізі – мақсат болып саналады. Педагогикалық технологияның ең бастысы – мақсатқа қол жеткізу немесе қол жеткізбеуінде, осыдан оның тиімділік өлшемі анықталады»,- дейді В.М.Монахов (5)

Орыс ғалымы Л.В.Зенков жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану – білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы деп атап көрсеткеніндей, күн сайынғы өзгеріп отырған әлемдік ақпаратқа ілесу, ондағы жаңашыл әдіс-тәсілдерді меңгеріп, пайдалана білу, бүгінгі күннің мұғалімінен көп ізденісті, зор талапты, өз білімін жетілдіріп, арттырып отыруды қажет етеді. Заманауи технологияларды пайдалану

арқылы ғана ұстаздар сапалы білім беруге қол жеткізе алады. Қазіргі таңдағы мектептердің оқу үрдісінде 50-ден астам педагогикалық технологиялардың қолданылып жүргені анық. Бұл технологиялардың бәрін бір сабақта қолдану мүмкін емес. Сондықтан мектептегі кез келген пәнді оқыту технологиясын таңдап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы оқушылардың білім жетістіктерін арттыруға болады. Мұнда оқушының әрекеті технологияны дамыта оқыту жүзеге асырылып, сабақ қарқыны жеделдетіліп, жеке тұлғамен жұмыс істей отырып, саралап, даралап оқытуға мүмкіндік береді. Жаңа технология оқушының өзіндік жұмыс атқаруына және ең бастысы – оқушының білім жетістіктерін жақсартуға ықпал етеді. Қазақ тілі пәні бойынша оқушылардың оқу жетістіктерінің өлшеуіш тәсілдері ретіндегі деңгейлік тапсырмалар жүйесін дайындауға болады. Тапсырмаларды білімді қабылдауға бағдарланған іс-әрекеттік модель ретінде қарастыруға болады. Оқытудан күтілетін нәтижелер тізбесін ала отырып, әр түрлі деңгейлік тапсырмалар түрлерін: ауызша, жазбаша тексеру, жауапты талдау тапсырмалары, бір ғана жауабы бар тапсырмалар, ашық, еркін жауабы бар тапсырма түрлерін қарастыруға болады. Тапсырмалардың мұндай түрлері оқушының іс-әрекеттік, компоненттік тәсілге бейімделуіне мүмкіндік береді. Мектептегі оқытуды технологияландыру қазіргі нарықтық экономика жағдайына, өмір талабына сай туындап отыр. Деңгейлік саралау технологиясы оқушының да, мұғалімнің де белсенді шығармашылық қызметін дамытуға бағытталған. Деңгейлік тапсырмалар бірінші, екінші, үшінші деңгейде беріледі. Бірінші деңгейдегі тапсырма мемлекеттік стандарт деңгейі, мұны барлық оқушылар орындауға міндетті. Екінші деңгейдің тапсырмалары күрделірек, бұл деңгейлік тапсырмаларды орындауға оқушылардың барлығы құқылы, ал үшінші деңгейді шығармашылықпен жұмыс істей алатын, өзіндік

шкірін жеткізе алатын, ойын дәлелдей алатын қабілетті оқушылар орындайды. Орыс мектептерінде өткізілетін қазақ тілі сабақтарының мақсаты – оқушылардың сөздік қорын дамыту, оқу техникасын арттыру, сауатты жазып, сөйлеуге үйрету, сөйлем құрылысын жетік меңгерту, тән дыбыстарды сөз ішінен ажырата алуға дағдыландыру. Сондықтан да оқушылардың білімін арттыру үшін сабақта жаңа технологияларды қолдану қажет. Оқу үрдісінде озық технологияларды пайдалану бүгінгі таңда өзекті мәселе болып табылады. Деңгейлік саралау технологиясынан басқа да тиімді технологияларды пайдалану қажет, себебі педагог әрқашан үздіксіз ізденісте болып, жаңашыл технологияларды өз сабағына кіріктіре алуы шарт.

Мен өз сабақтарымды М.М.Жанпейісованың «Интерактивті модульдік оқыту технологиясын» негізге ала отырып өткіземін. Себебі бұл технологияның да мүмкіндігі зор деп есептеймін. Орыс мектептеріндегі қазақ тілі пәні оқулығының авторы Т.М.Артықова осы технологияны басшылыққа алады. Педагогикалық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамасымен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері. Бұл технология бойынша әр позиция бір-біріне әсер етіп, соңында оқушының дамуына әкеледі. Ожегов сөздігінде «Модуль» - қандай да бір жүйенің, ұйымның анықталатын біршама дербес бөлігі деп айтылған. «Интеро» - өзара іс-әрекеттегі субъектілердің өзара белсенділігі. Модульдік технологияның 5 міндеті бар: 1) Қажеттілікті қанағаттандыру; 2) Танымдық үдерісті дамыту; 3) Танымдық қабілетті жетілдіру; 4) Белсенді сөздік қорын дамыту; 5) Оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыру. Бұл технология жүйесінде де деңгейлік тапсырмаларды қолдану қарастырылады. Бірақ бұл тапсырмаларды оқушылар өз

деңгейлеріне, білімдеріне сай таңдап алуы шарт. Мұндай әдіс-тәсіл оқушылардың өз-өзіне деген, біліміне деген сенімін арттыра түседі. Әр тапсырманың дайын жауап үлгілері болуы қажет, оны балалар өз жұмыстарымен салыстырады. Мұндай жұмыс өткізу үшін оқушылардың міндетті түрде бағалау парақтары болуы шарт. Мысалы:

№	Оқушының аты-жөні	Бағасы			Ортақ баға
		III деңгей	II деңгей	I деңгей	
	Әлжанов Арман	5	5	4	5
	Бейсекова Әмина	4	5	4	4

III деңгейлік тапсырма қарапайым, жеңіл тапсырмалар болуы қажет, II деңгейлік тапсырма мемлекеттік стандартқа сай, бірақ сәл күрделенген, I деңгейлік тапсырма шығармашылық түрде берілуі шарт. Осындай жүйеде берілген тапсырмалар оқуға жағымды қызығушылығын қалыптастырады.

Модульдік технологияның тағы бір ұтымды жағы танымдық үдерісті дамыту бойынша берілген материалды 4 реттен 7 ретке дейін қайталауға мүмкіндік туады. Бұл материалдың оқушы жадында ұзақ мерзімге дейін сақталуына жағдай жасайды.

Берілген технология тарапынан оқу үдерісінде қолданылатын оқыта-үйрету ойындары беріледі. Олар: өткен тақырыпты бекіту мақсатында қолданылатын Брейн-ринг, Қарлы кесек (снежный ком) оқыта-үйрету ойындары. Оқушылармен кез келген жаңа тақырыпты меңгергенде тірек-сызба оқыта-үйрету ойынын әр сабақта пайдалануға болады.

«Тұлғаны танып біл» оқыта-үйрету ойыны: Жүргізуші ойынға қатысушыларға парақтар таратады. Оларға Қазақстан тарихында елеулі із қалдырған кемеңгер адамдардың (саясаткер, өнер және әдеби қайраткерлер, т.б.) портреттері жапсырылған. Ойыншылар 5-6 адамнан топтарға бөлініп отырады. Балалар портреттегі тұлғаның аты-жөнін, тарихтағы рөлін, қызмет ету кезеңін, оның атына

байланысты оқиғаларды, ол жазған шығармаларды, т.б. естеріне түсіруі тиіс. Топ ішінде талдау 5 минуттан аспауы керек. Өз командасын топтың бір адамы қорғайды. Жүргізуші сыныптағы неғұрлым толық жауап берген команданы анықтап, қай топтың басым түскендігін жариялайды. Оқушылар ойынға қатыса отырып аз шаршайды, жағымды эмоциялар алып, сабаққа деген қызығушылықтары арта түседі.

Кез келген педагогикалық технология оқу үрдісімен, мұғалім мен оқушының іс-әрекетімен тығыз байланысты екені баршамызға мәлім, бірақ қандай да болмасын технологияны оқу үрдісінде қолдануда әрқашан оқушылардың психологиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне баса назар аудару қажет екендігін жадымыздан шығармаған жөн.

Жоғарыда көрсетілген технология оқушыларды ізденушілікке, өздігінен жұмыс жасауға, шығармашылыққа бастайды. Педагогикалық технология түрлері сан алуан, сондықтан әр педагог өз оқушыларының білім деңгейіне сай оқыту технологияларын пайдаланады. Ең бастысы – педагог білімін әрдайым шыңдап отыруы қажет. Жаңа педагогикалық технологияларды меңгере отырып оқу-тәрбие үрдісін сапалы деңгейге жеткізе аламыз деп үміттенемін. Себебі бүгінгі күннің талабы – сапалы білім.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әлемдік педагогикалық ой-сана. 10 томдық. 2009.
2. В.И.Боголюбов. «Школьные технологии». 2004, №5.
3. Советский энциклопедический словарь. 1983.
4. М.В.Кларин. «Технология учебного процесса в зарубежной дидактике» // Современная дидактика. М., «Образование», 1994.
5. В.И.Монахов. «Методология проектирования педтехнологии». М., «Образование», 1994.
6. М.М.Жанпейісова. Интерактивті модульдік оқыту технологиясы.

Дәметкен БАЛҚОЖАҚЫЗЫ,
Айгүл ҚАНЖАРБЕКҚЫЗЫ,
Көкшетау қаласындағы
№5 көпбейінді «Тандау»
гимназиясының қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімдері.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА КОММУНИКАТИВТІК ТҰЛҒАЛАРДЫ МЕНҒЕРТУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

(лингвopsихологиялық тұрғыдан)

Қазіргі заманда мемлекеттік тілді үйретудің әдістемесі жылдан-жылға жетіліп келеді деп айтуға болады. Заманның талабына сай мемлекеттік тілді үйренушілер саны көбейіп, тілге деген қызығушылық та арта түсуде. Әлемдік тәжірибе-ден озық деген идеялар алынып, олардың ең тиімді жақтары қазақ тілі әдістемесіне бейімделіп жатқаны байқалады. Мұндай әдістемелік жаңалықтар Қ.Қадашеваның, З.Күзекованың, Н.Ж.Құрманованың, Ф.Ш.Оразбаеваның және т.б. әдіскер-ғалымдар мен осы салада еңбек етіп жүрген қазақ тілі мұғалімдерінің әдіс-тәсілдерінен көрінеді. Мемлекеттік тіл мәртебесінің өсіп-өркендеуі, оның қолданыс аясының кеңеюі мақсатында атқарылып жатқан игі іс-әрекеттердің барлығы жанашырлықтан туып жатқаны белгілі.

Мемлекеттік тілді менгертудегі мақсат-мүдде — оқушылардың, тілді үйренушілердің қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Сөйлеу дағдысы дегеніміз — сөз

бен сөзді еркін тіркестіріп, сөйлем арқылы ойын сауатты жеткізе алу қабілеті. Бұл – тілді үйренуге қойылатын ең жоғарғы талап. Мектеп оқушыларының қазақша сөйлеу дағдыларын сабақ үстінде қалыптастыру қажет. Ол үшін әр сабақ сайын жасанды түрде тілдік орта жасау керек. Жасанды тілдік ортаның мақсаты - оқушылардың коммуникативтік дағдыларын (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) қалыптастыру. Тілдік ортаның жасанды түрі – уақытша болатын үдеріс, яғни, тілді үйрену кезіндегі құбылыс. Сөйлеу дағдысы қалыптасқан соң, тілдік ортаның жасанды түрі біртіндеп табиғи түрге ауысады.

Тіл білімінде жай сөйлем мен құрмалас сөйлем коммуникацияға дербес қатысатын тұлғалар ретінде есептеледі. Коммуникация дегеніміз – пікір алмасу, ой бөлісу арқылы тілдік қарым-қатынасқа түсу.

Коммуникацияға қажетті, дербес қолданылатын синтаксистік тұлғаларды (жай және құрмалас сөйлем) меңгерту үшін олардың құрылымдық бірліктерін үйрету қажет. Олар – сөздер мен сөз тіркестері.

Сөйлесім дағдысының негізгі элементтерінің бірі – осы тұлғалар. Олар тіл үйренушінің сөздік қорының негізін салуға қажетті лексикалық минимум болып табылады. Сөйлем құрастыру үшін сөз бен сөз тіркестерінің ұғымдық, логикалық және грамматикалық байланысын меңгерту қажет. Бұл байланыстар жеңілден күрделіге құрылған әдіс-тәсілдермен жүзеге асырылады.

Сөйлесім дағдысын қалыптастыру үшін алдымен белсенді лексикамен жұмыс істейміз.

Бірінші – оқылым дағдысын қалыптастыру тәсілі. Сөздерді қазақ тілінің орфоэпиялық нормасына сәйкестендіріп оқытуға дағдыландыру.

Қазақ тілі мәдениетінің бірегей белгісі ретінде танылатын ерін үндестігінің тілдегі көрінісіне қазақ тілі

сабақтарында әрдайым тоқталып отыру оқушылардың орфоэпиялық нормаға сай оқу дағдысын жетілдіреді. Мәселен, сөздің алғашқы буынындағы **ұ, ү, ө** еріндік дауыстылары езуліктерге жиі ықпал етеді.

Мысалы:

Ерін үндестігі:

Бірінші буын: **ұ** **ү** **ө**

Екінші буын: **ы** **і** **е**

Ерін үндестігі: / **құқұқ**/ / **үкүмөт**/ / **өзөн**/

Орфографиясы: **құқық** **үкімет** **өзен**

Екінші - сөздердің мағыналарын түсіндіру тәсілі.

Бұл тәсілді көрнекі құралдар, сөздік құралдары, аударма арқылы жүзеге асырамыз. Оқу бағдарламасындағы «Мамандығым – мақтанышым» тақырыбы бойынша лексикалық минимумды меңгерту үшін аударма тәсілін қолдану – ең ыңғайлы тәсілдердің бірі. Бұл әдістің жағымсыз жақтарын шетел мамандарының ішінде психолінгвистер көбірек айтқан. Әрине, сабақ үстінде аударма тәсілін жиі қолдану оқушының тілді жедел меңгеруіне кері әсер етеді. Оқушының өзі қазақша сөздердің орысша аудармасын сөздік арқылы өз беттерімен іздеп табулары қажет. Сол әдісті пайдалана отырып, төмендегі сөздерді меңгертеміз. Мысалы: **әріптес, шығармашылық табыс, қол жеткізу, мәдениет қайраткері, атану (коллега, творческий успех, достичь, деятель культуры, назваться).**

Үшінші - сөздердің қазақша-орысша аудармаларын естеріне сақтату жаттығуларын орындау тәсілі. Мұны міндетті түрде ауызша және жазбаша түрде жүзеге асыру қажет. Бұл жаттығу сабақ үстінде жаңа сөздердің жадыларында 60 не 70% сақталуына, сауатты жазып үйренулеріне ықпалын тигізеді.

Төртінші - сабақта берілген жаңа сөз және сөз тіркестерімен жұмыс істелінгеннен кейінгі жай сөйлем

мазмұнын түсіну тәсілі. Берілген сөздер мен сөз тіркестерінен құрастырылған жай сөйлемді оқимыз. Мысалы:

«Әріптесім шығармашылық табысқа қол жеткізді. Ол мәдениет қайраткері атанды».

Сөйлем мазмұнын түсіну жолында, сабақ үстінде үзілісті жасаушы – психологиялық және грамматикалық қиындықтар туа бастайды. Ол – сөйлем құрамындағы сөздерді логикалық тұрғыдан байланыстыру кезінде сөйлем мазмұнынан шығатын ақпаратты түйсігіне жеткізу, қорытындылау, түсіну және аудару үрдісінде психологиялық қиындықтарды жасаушы және сөйлемнің мазмұнын түсіну барысында грамматиканы жетік білмеушіліктен туындайтын үзілістер. Грамматикалық қиындықтарға сөз бен сөзді байланыстырушы тұлғалардың грамматикалық семантикасын білмеуден туындайтын үзілісті жатқызамыз. Сонда оқыған сөйлемдерді тез түсінуге тіл үйренуші тарапынан туындайтын осы екі фактор себебін тигізеді, яғни сабақ үстінде сөйлемді түсіну барысында 1-2 минуттық үзіліс пайда болады.

Мысалы: **Әріптесім шығармашылық табысқа қол жеткізді. Ол мәдениет қайраткері атанды.**

Сөздерге жалғанған морфологиялық көрсеткіштердің беретін грамматикалық семантикалары: -ім (тәуелсіздік мағына), -қа (мақсаттық мағына) (неге?), -ды, -ді (іс-әрекеттің жедел өткен шағы). Грамматикадан мәлімет берген кезде жоғарыдағы грамматикалық формалардан туындайтын грамматикалық мағынаны түсіндіріп кету өте тиімді тәсілдерге жатады. Тіл үйренушілердің грамматикалық білімдері сөйлем мазмұнын түсіну жолында анық көрінеді.

Грамматиканы жетік білетін оқушының аударма арқылы сөйлем мазмұнын ұғыну біршама жылдам жүзеге асады. Жай сөйлем құрамында тек қана тіл үйренушінің сөздік қорында бар, яғни, таныс сөздердің болуы сөйлем мазмұнын

тез түсінуге септігін тигізеді. Таныс емес лексика сөйлемді түсіну қабілетін тежейді.

Бесінші - сөйлемді меңгерту тәсілі. Сөйлемнің толық мазмұны тіл үйренушінің түсігіне жеткен соң логикалық сұрақтар арқылы сөйлеу дағдыларын дамытамыз. Мысалы:

- **Кім** шығармашылық табысқа қол жеткізді?
- Әріптесім **қандай** табысқа қол жеткізді?
- Әріптесім **неге** қол жеткізді?
- Әріптесім **не істеді?**

Сұрақ-жауап арқылы жай сөйлемді меңгерткен соң, екі жай сөйлем негізінде **ойын күрделендіріп, салыстырып, сабақтастырып айтуға талаптандыру тәсіліне көшеміз.** Бұл дағдыны жүзеге асыру үшін алдымен жалғаулық шылаулар арқылы байланысқан құрмалас сөйлемнің түрлерін меңгерткен дұрыс. Мысалы, ең алдымен құрмалас сөйлемнің ең жеңіл ыңғайласа салаласа байланысқан түрін меңгертеміз.

Мысалы: **Әріптесім шығармашылық табысқа қол жеткізді де мәдениет қайраткері атанды.**

Осы сөйлем үлгісінде ыңғайластық жалғаулықтардың (да, де, та, те, және, мен, бен, пен), екі жай сөйлемді байланыстыру қызметі туралы грамматикалық мәлімет беру қажет.

Ойын салаластырып беру тәсілін меңгерткен соң, сабақтас құрмалас түрлерін меңгерту қажеттілігі туындайды. Бұл мектеп оқушылары және жалпы тіл үйренушілер үшін күрделі қадам, өйткені екі жай сөйлемді сабақтастыра, яғни, жалғаулықсыз байланыстыру үшін бағыныңқы сөйлемнің етістік баяндауышының морфологиялық көрсеткіштерімен түрлену жолдарын үйретуіміз керек. **Бұл тәсіл – морфологиялық көрсеткіштерді меңгерту тәсілі** деп аталады.

Жоғарыда берілген ыңғайлас салалас сөйлемді қимыл-

сын бағыныңқылы, мезгіл бағыныңқылы, шартты бағыныңқылы сөйлемдерге айналдыруға болады. Мысалы:

- қайтіп?

Әріптесім шығармашылық табысқа қол жеткізіп,
мәдениет қайраткері атанды.

- қайтсе?

Әріптесім шығармашылық табысқа қол жеткізсе,
мәдениет қайраткері атанады.

- қашан?

Әріптесім шығармашылық табысқа қол жеткізген соң
мәдениет қайраткері атанды.

Сабақтас құрмалас сөйлем түрлерін құрастыруда оқушылардың басты назарын бағыныңқы (бірінші сыңары) сыңардың етістік баяндауышының жасалуына аударамыз. Етістік – баяндауыш көсемшенің **-іп, -ып, -п** жұрнақтарымен түрленіп, мағынасы жағынан **қайтіп?** деген сұраққа жауап берсе, ол қимыл-сын бағыныңқылы сөйлем, шартты рай жұрнағымен түрленіп, қимылдың шартын білдірсе, шартты бағыныңқылы, есімшенің **-ған, -ген, -қан, -кен** формаларымен **соң** септеулік шылауы тіркесіп, **қашан?** сұрағына жауап берсе, мезгіл бағыныңқылы болатынын грамматикалық ақпарат беру арқылы түсіндіреміз.

Оқушылардың тілдік дағдылар тәжірибесі көрсетіп отырғандай, 2-3 ай көлемінде нәтиже береді. Нәтиже шығару үшін оқушы мен мұғалім арасында өзара келісім болуы керек. 1) Оқушының, тіл үйренушінің тілге деген қызығушылығы, алдына қойған мақсатының болуы; 2) Сабаққа жүйелі түрде қатысуы; 3) Оқушының, тіл үйренушінің психологиялық ерекшелігі, яғни, тілді үйрену кезінде өз жадысымен жұмыс істеу қабілетін дамыта алуы.

Тілді үйренудегі соңғы нәтижеге қол жеткізу – оқытушы мен оқушы арасындағы жоғарыда айтылған шарттардың орындалу жағдайына байланысты. **Соңғы шарт** – тілді

үйренудегі ең бастысы болып табылады.

Адамның тілдік ақпаратты жадында сақтай білу қабілеті әр түрлі. Есте сақтау қабілеті жас мөлшеріне қатысты емес. Егде адамның ақпаратты жадында сақтау қабілеті жас адамға қарағанда күшті болуы мүмкін.

Есте сақтау қабілеті күшті оқушының (2-3 ай оқыған) сабаққа дайындығы 40-45 минутты құраса, тілді жаңа бастап оқып жатқан тыңдаушылардың дайындығы бұл уақыттан біршама асады.

Есте сақтау қабілеттері төмен оқушылармен сабақ материалдарын жүзеге асыру белгілі қиындықтарды туғызады. Жалпы оқушылардың арасында тілді меңгеруге бейімі жоқтары да кездеседі. Мұндай оқушылармен сабақ үстінде қайталау жаттығуларын жиі жүргізу және қосымша сабақтарға шақыру арқылы сабақ материалдарын меңгерудің маңыздылығы бар.

Оқушының сөздік қорын әр сабақ сайын молайтып, жоғарыдағы әдіс-тәсілдер арқылы сөйлем құратып, ойларын құрмаластырып айтуды түрлі инновациялық әдістермен, грамматика арқылы, жаттанды түрде емес, саналы түрде (ой елегінен өткізіп) үйретсек, олардың бірте-бірте қазақша сөйлеу дағдылары қалыптасады деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Рахметова. Қазақ тілін оқыту методикасы. А., «Мектеп», 1975, 184-б.
2. Ж.Аймауытұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том Психология. А., «Ғылым», 1998, 447-б.
3. Н.Д.Арутюнова. Предложение и его смысл. М., «Наука», 1976, 380-с.
4. С.Аманжолов. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. А., «Санат», 1994, 320-б.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛЕКСИКА- ГРАММАТИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Орыс тілінде оқытылатын мектептерде оқушылардың сөйлеу тілін дамыту, айтылым және жазылым арқылы екі түрлі бағытта іс жүзіне асырылады. Осы уақытқа дейін өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуде, көбінесе, ауызша айтылым арқылы болып келген.

Ал қазір тіліміз мемлекеттік мәртебе алып, күнделікті өмірде, кеңсе жұмыстарында, іс-қағаздары қазақша жүргізіліп жатқанда, мемлекеттік тілде тек ауызекі сөйлеумен шектелудің жеткіліксіз екені байқалуда. Сондықтан ауызекі сөйлеумен қатар, сауатты жаза білуге дағдыландырудың маңызы күннен-күнге арта түсуде, өйткені адам өз ойын жазбаша, сауатты, әдеби-көркем тілде жеткізе білгенде ғана, тілді толық меңгерген болып саналады.

Қазіргі оқулықтарда грамматикалық тақырып пен лексикалық тақырыптар қатар беріледі. Сондықтан сабақ өткізу, оқыту барысында өткізілетін ең маңызды жұмыс түрлерінің бірі – сабақта лексика-грамматикалық дағдыларын дамыту жұмысын ұтымды ұйымдастыру.

Сабақ барысында мен осындай әдістерді қолданамын:

- түсініктеме-суреттеу әдісі;
- репродуктивті;
- іздену тәсілі;
- келелі мәселелер әдісі;

- зерттеу әдісі;
- коммуникативті-оқытушылық әдіс.

1-сыныптан 4-сыныпқа дейін қайталанатын, күрделеніп, дамыта оқыту үдерісіне бағытталған лексикалық тақырыптардың маңызды бөлігі – сөз. Оқушы сөйлеп үйренуі үшін тиісті сөздерді білуі керек және сол сөздермен сөйлемдер құрастырып, өз ойларын жеткізе білуі керек. Оқу барысында жаңа сөздер күн сайын көбейіп отырады. Оқушының жеткілікті дәрежеде сөздік қорын қалыптастырып, жүйелі түрде байыту – мұғалімнің негізгі жұмысы. Бастауыш сыныптарда әр сабақ сайын 3-4 жаңа сөз үйретіліп, келесі сабақтарда жүйелі қайталанып, бекітіліп отырса, оқушының тіл үйреніп, тілдесім әрекетін тез меңгеруіне жол ашады. Бастауыш сыныптарда оқушының есте сақтау қабілеті жоғарғы дәрежеде болғандықтан, бұл сөз мөлшерін 4-5 жаңа сөзге көтеруге болады деп ғалымдар өз еңбектерінде жазған. Оқушыларды сауатты, көркем жазу үшін, тіл байлығын дамыту үшін оқушының жас ерекшелігіне сәйкес түрлі жазылым жұмыстарын түрлендіре жүргізіп отыру қажет:

- дыбыстармен жұмыс;
- мұғалімнің үлгісі бойынша оқу;
- сурет бойынша жаңа сөздерді атау;
- хормен қайталау, жұппен оқу;
- доппен аударма арқылы қайталау;
- жаңа сөздермен сөйлемдер құрау;
- сөздерді есте сақтау үшін әр түрлі ойындар ойнау;
- ережемен жұмыс.

Сабақ тиімді өту үшін оқытудың түрлі түрлерін қолдану керек:

- топтық;
- жеке топтық;
- ұжымдық;
- топтық пікірталас;

- ойын арқылы оқыту;
- жұптық;
- диспут.

Оқушыны мақсатқа әкелу үшін:

1. Қабылдауға арналған жаңа сөздерді мәтіннен таңдап алу. Сабақтың соңына қарай оқушылар жаңа сөздердің мағыналарын қабылдап, мұғалімді түсіне білу, сөздерді сауатты жазу және оларды сөйлемдерде дұрыс қолдана білу керек.

2. Лексикалық дағдыларды жетілдіру. Негізінде, ауызша қабылданған сөздер енді көру арқылы қабылданады және сондай тіркестер неғұрлым көп болса, соғұрлым лексикалық дағдылар мықты болады.

3. Сөздердің өзіндік кезеңі: олар меңгерілген жағдайлардан бөлек болуы керек және нәтижелі сөйлеуде өз ойларын жеткізу үшін оқушылармен қолданылуы керек.

Әдетте, сабақта жұмыстың негізгі үш түрі белгіленеді:

1. Тіл дамыту жаттығуларын жасау;

2. Жаңа сөздермен және олардың мағыналарымен таныстыру;

3. Лексикалық бірліктердің өзіндік жұмыс істеуі.

Сабақтың бірінші түрінде кез келген жағдайда сөздерді қабылдау. Ең ұтымдысы – сөйлесу арқылы әңгіме құрастыру. Сабаққа дайындалу барысында оқушыларға таныс материал арқылы жаңа сөздермен шағын әңгіме құрастырылады. Мәтін алдағы әңгімемен сәйкес болмауы керек: егер мәтін жазғы демалыс туралы болатын болса, онда қысқы демалыс туралы айтуға болады, т.б. Жаңа фразаға келген кезде сөйлеу бәсеңделеді, сөзді екпінмен белгілеу керек. Жаңа сөздермен танысқаннан кейін шағын мәтін жазу керек. Лексикалық бірліктер қабылданды, бірақ 1-кезеңнің міндеттері шешілген жоқ: грамматикалық дағдыларын қалыптастыру керек. Грамматикалық сабақ тек қана материал бойынша келеді,

бірақ рухани жағынан ол тіл дамыту болып табылады.

Бастауыш сыныптарда қазақ тілі сабақтарында негізгі мақсат – оқушылардың тіл байлығын, ауызекі сөйлеу, сонымен қатар қазақ тілінде сөйлеу, сауатты жазу, оқу дағдыларын дамыту. Осы дағдыларды меңгеру үшін әртүрлі жұмыстар жасау керек. Сабақ барысында лексика-грамматикалық дағдыларын ұтымды ұсыну керек. Жаңа сөз, көбінесе, мәтінмен байланысты болады. Сол сияқты жаттығулармен де тығыз байланысты болуы мүмкін. Мысалы: «сурет» сөзі.

1. Мәтінде «бөлмеде сурет ілулі тұр» деген сөйлем беріледі;

2. Жаттығуда «суреттің түсі суық». Сөздің түбірі мен жалғауын белгілейміз;

3. Сөзден - он сурет
- әдемі сурет
 - үлкен сурет
 - қызық сурет

Әр түрлі сөзтіркестер құраймыз.

4. «Ұйқасын тап»

Сурет	↘	көше
Қала	↙	көрме

5. Осы сөзге жұрнақ пен жалғаулардың жалғану жолдарын түсіндіремін. Мысалы: сурет.

Сурет-ші;

Сурет-ші-лер;

Сурет-тер.

6. Тақтаға суретті іліп, суретті атаймыз.

7. «Сурет» сөзінің соңғы буынына байланысты ойындар ойнаймыз.

8. «Сурет» сөзіне сөзжұмбақ құрап келуге тапсырма береміз.


9. Мысалы:

	с	ү	т			
с	у					
і	р	і	м	ш	і	к
	е	т				
	т	а	м	а	қ	

1. молоко;
2. вода;
3. творог;
4. мясо;
5. еда.

8. Сызба бойынша сөйлем құрауды үйретемін.

Мысалы:

Мен — сурет  салдым.
 алдым.
 бердім.

9. Сұрақ-жауап арқылы.

Мысалы: не? сурет.
 неше сурет?
 қандай сурет?

10. Үйге тапсырма: «Сурет» сөзіне бес жолды өлең құрастыру.

Нағима ИСКЕЕВА,
Солтүстік Қазақстан облысының
Қызылжар ауданындағы
«Совхоз» орта мектебінің
мұғалімі.

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВТИҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОЛЫ

Сабақтың мақсаты: «Автобиографиялық әңгімеден» оқушылар жазушының өмірі және шығармалары туралы мағлұмат алады және әңгіменің негізгі идеясын ашады; оқушы мәтін бойынша сұрақ қойып, жауап бере білуге дағдыланады; жазушының өміріне, сол кездегі қазақ халқының тұрмысына қызығушылық танытады.

Түрі: сын тұрғысынан ойлау. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, алма-кезек сөздер сөйлейді стратегиясы, мәтінмен жұмыс, кері байланыс парағы, т.б. **Көрнекі құралдар:** компьютерден көрсетілген слайдтар, жазушының кітаптары, суреттер.

Сабақтың барысы:

1. Қызығушылықты ояту.

Сабақтың эпиграфы:

«Абайы, Сұлтанмахмұт, Сәкені, Мұхтары, Бейімбет пен Сәбит, Ілиясы, Ғабиден мен Қасымы болу – бір халықтың ұлт ретінде дұрыс өскендігін дәлелдейді. Солардың ортасындағы ең ірі тұлғалардың бірі – біздің Ғабит ағамыз».
Әбділда Тәжібаев.

Оқушылар слайдта жазылған эпиграфты оқып, оны орыс тіліне аударады. Сұрақтар:

- Слайдта аты аталған кісілер кімдер?
- Олар – ақын-жазушылар.
- Ақындар туралы не білесіңдер?

- Мен Абайдың «Ескендір» поэмасын жатқа білемін.
- Мен Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы», «Көксерек» деген шығармаларын білемін.
- Мен Ғабит Мүсіреповті білемін. Ол – біздің жерлесіміз. Биыл оның туғанына 110 жыл толды. Ол туралы газеттен оқыдым.

Мұғалім: - Жаксы, енді мына слайдтарға қарандар.

«Тұлғаны таны» ойынын ойнаймыз.

- Қай тұлғаны таныдыңдар?

Оқушылар ақын-жазушылардың аты-жөндерін айтады. Ең соңғы тұрған жазушы – Ғабит Мүсірепов екенін айтады. Ғабит Мүсірепов шығармаларымен оқушылар сызба арқылы танысады.

Либреттосы, пьесасы:

«Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты», «Амангелді», Мұқағали Мақатаев. «Сап-сары жапырақтар».

Сергіту сәті.

2. Мағынаны тану. «Автобиографиялық әңгіме».

«Сөздер сөйлейді» стратегиясы.

Алма-кезек оқу арқылы мәтіннің мазмұнымен танысу.

Бір оқушы азат жолдан оқиды, түсінгенін оқушылар бір-біріне айтады.

Төмендегідей сұрақтар қойылады:

- Бала қашан туды?

- Баланың елі қай жақта?

- Ол қайда туды?

- Бұл қай мезгіл?

Бұл сұрақтарға оқушылар қысқа да нұсқа жауап береді.

Екінші азат жол оқылып, ол бойынша сұрақтар қойылады:

- Ол күн қандай болды?

- Бала қандай үйде туды?

Оқушылар жауап береді.

Келесі азат жол оқылып, ол бойынша да сұрақтар қойылады:

- Бала қандай болыпты?

Жауап беріледі.

2-тараудың 1, 2, 3-азат жолдары оқылып, төмендегідей сұрақтар қойылады:

- Әке-шеше балаларына не деді?

- Әке-шешелері кімді жалдапты?

- Молдаға не береді?

- Балалар қайда оқиды?

Сергіту сәті. О.Сүлейменов. «Арғымақ».

3-тарауды алма-кезек оқу арқылы игеру.

Оқушылар мәтінді кезекпен оқиды, сұрақтар қояды.

- Молда балаларға не берді?

- Молда қандай адам?

- Молданың алдында не жатты?

- Неше бала оқиды?

- Кейде балалармен бірге бөлмеде нелер болды?

- Молда не істеді?

- Бала нені оқиды?

- Молда неше жыл оқытты?

- Молда оқытқаны үшін не алды?

Оқушылар берілген сұрақтарға жауап береді.

Сергіту сәті. Мағжан Жұмабаев өлеңі мәнерлеп оқылады.

Басқалары «Толқын» өлеңін қимылмен көрсетеді.

3. Ойтолғаныс. Жаңа тақырыпты түсінгендері бойынша әр оқушы қысқаша мәтін жазады.

Мысалы, бір оқушының жазғаны:

Мен 1902 жылы «Наурыз күні» киіз үйде тудым. Біздің отбасы Солтүстікте тұрды. Біз көп балалы отбасы болдық. Тұрмысымыз нашар болды.

Анам: - Сен қайсар болдың,- дейді.

Мен молдадан оқыдым. Молда бізге араб әрібін үйретті.

Ол кезде мектеп болған жоқ. Біз әр үйде оқыдық. Молданың алдында көк шыбық жатты. Киіз үйде бізбен бірге малдар да тұрды. Молдаға оқытқаны үшін ақы беретін.

Бірнеше оқушы жазғандарын сыныпқа оқып береді.

Кері байланыс парағы.

- Сабақта не білдің?

- Мен жерлес жазушы Ғабит Мүсірепов туралы білдім.

Оның өмірбаянымен таныстым.

- Сұрағың бар ма? Ғабит ағаның балалары бар ма?

- Пікірің қандай?

- Сабақ өте жақсы өтті.

Көп керекті мағлұмат алдық.

Бағалау.

Үйге тапсырма: 1) мәтінді оқу; 2) сөздерді жаттау;

3) 88-беттегі 6-тапсырмаға жазбаша дайындалып келу;

4) 91-беттегі 9-тапсырманы орындау.

«Сөздер сөйлейді» стратегиясы арқылы оқушылар кейбір қиын сөздермен танысады (оқиды, сөз тіркестерін талдайды).

Жыл басы – начало года.

Қазақ даласы – казахская степь.

Қалжа сүйегі – кость мясной пицци, приготовленной для роженицы.

Қара үй – юрта бедняка.

Қайсар – настойчивый.

Оқу оқисыңдар – будете учиться.

Молда – мулла.

Жылдық еңбек – годовая зарплата.

Жаназа – последняя молитва покойника.

Жетілеп – неделями.

Харпі – буква.

Көк шыбық – прут.

Әліп, би, ти – арабские буквы.

Бұзаулы сиыр – корова с теленком.

Алма АБЗАЛБЕКҚЫЗЫ,
Шығыс Қазақстан облысының
Риддер қаласындағы
экономикалық мектеп-лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СӨЙЛЕМДЕРДІ САУАТТЫ ҚҰРУДАҒЫ ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫ

*(Е.И.Пассовтың «Қарым-қатынас технологиясы»
бойынша 9-сыныпта өткізілген сабақ)*

Мақсаты: 1) қазақ халқының ұлттық тағамдары туралы қосымша мәліметтермен таныстыру; 2) ҰБТ-ға дайындық жүргізу ретінде мақал-мәтелдерді, сөз таптарын қайталау, сөз құрамына талдау дағдыларын дамыту; 3) оқушылардың белсенділік сөздік қорын байыту; 4) сөйлемдерді сауатты құру, ауызекі сөйлеу дағдыларын машықтандыру; 5) оқушылардың қазақ халқының салт-дәстүрлері тақырыбындағы білімдерін қайталап бекіту; 6) қазақ халқының салт-дәстүрлеріне, ұлттық тағамдарына қызығушылығын арттыру; 7) Отанымызды мақтаныш тұтып, туған жерімізге сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.

Жабдығы: 1) қазақ халқының ұлттық тағамдарының фотосуреттері, көрнекіліктер; 2) оқушылардың «Қазақ ұлттық салт-дәстүрлері» тақырыбындағы рефераттары, өздері шығарған кітапшалары, буклеттердің шағын көрмесі; 3) компьютерлік презентация; 4) жаңа сөздер.

Түрі: көрме-сабақ.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі. Амандасу. Лексикалық-фонетикалық жаттығулар.

- Балалар, мына мақал-мәтелдерді естерімізге алып, толықтырып, аударайықшы. (Экранға жазылған мақал-мәтелдерді оқып, нүктенің орнына керекті сөздерді қою және аудару)

Ас атасы – ... (нан).

Ас - адамның ... (арқауы)

Ас қадірін ... (тоқ білмейді)

Асы бар аяқтан – ... (аттама)

Сыйлап берсе, ... (суын іш)

- Бұл мақал-мәтелдер не туралы?

- Ас, тағам туралы.

- Қалай ойлайсыздар, сонда бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қандай?

- Иә, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Қазақтың ұлттық тағамдары. Ал әзірше, өткенді қайталайық, үй тапсырмасын қалай істеп келгендеріңізді тексерейік.

I. Үй жұмысын тексеру.

Әңгімелесу.

- Қазақ халқының қандай салт-дәстүрлерін білесіңдер?

(Экранға қазақ халқында кейбір кең тараған салт-дәстүрлер, фотокөріністер шығады).

- Мына слайдта қандай салт-дәстүр көрсетілген?

- Бұл дәстүр туралы әңгімелеп беріңдер.

Оқушылар қазақ халқының салттары туралы шағын мәліметтер береді.

(Шілдеhana, бесікке салу, тұсаукесер, беташар)

Жауаптарды бағалау.

II. Өткенді қайталау. Жаңа тақырыпты меңгеруге дайындық жүргізу.

Экранға жазылған сөздер шығады. Оқушыларға берілетін тапсырмалар:

1. Берілген сөздердің сөз табын анықтаңдар, синонимдері болса, айтып беріңіздер, аударыңыздар.

Мысалы:

дастарқан – зат есім, синонимдері: үстел – стол.

барлық – жалпылау есімдік, синонимдері: бүкіл, күллі;
аудармасы – все.

2. Берілген сөздерді құрамына талдап беріңдер, аударыңдар (халқының, жайылады).

Мысалы:

Халқының.

Халық – түбір,

ы – тәуелдік жалғау, III жақ.

ның – ілік септігінің жалғауы.

Аудармасы: у его народа.

Жайылады.

Жай– етістік түбірі (постлай).

-ыл - ырықсыз етіс (постлается).

-а – ауыспалы осы шақ.

ды – жіктік жалғау, III жақ.

3. Сөздерді қолданып, сөйлем құрастырып аударыңдар.
(Халқының, салт-дәстүрлері, барлық, жайылады, қазақ)

Құрастырылған сөйлем: Қазақ халқының салт-дәстүрінде қонаққа дастарқан жайылады.

(Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі ережесін қайталау)

III. Жаңа сабақтың мақсатын айтып беру.

- Итак, из выше приведенного, вами составленного предложения следует, что практически все казахские традиции и обряды сопровождаются тоями, угощением, казахскими национальными блюдами.

Бүгінгі сабағымызда, қазақ халқының ұлттық тағамдарымен толығырақ танысу үшін рөлдік ойын, көрініс түрінде, қазақ халқының тағамдарының көрмесіне қатысамыз.

- И чтобы более подробно познакомиться с казахскими национальными блюдами проведем ролевую игру, в виде посещения выставки казахских национальных блюд.

IV. Жаңа сабақты түсіндіру.

Көрініс: Қазақ халқының ұлттық тағамдарының көрмесі. Оқушылар алдын ала берілген рөлдік сөздерін жаттап алады.

Жүргізуші:

- Құрметті қонақтар, мырзалар, ханымдар! Қазақтың ұлттық тағамдарының көрмесін ашық деп жариялаймыз!

- Дорогие гости, леди, господа! Выставку казахских национальных блюд объявляем открытой.

- Көрмемізге Америка Құрама Штаттарынан келген Смит мырза қатысып отыр.

- На нашей выставке присутствует гость из США – господин Смит.

- Смит мырзаға сөз беріледі.

Оқушы (ағылшын тілінде):

- Я очень рад предоставленной мне возможности, приехать в такую замечательную, самобытную страну, как Казахстан. Мне очень нравятся казахские национальные блюда, поэтому я здесь, на этой очень интересной, полезной выставке. Мне очень хотелось бы узнать рецепты приготовления блюд, чтобы приехав в США открыть там ресторан казахской национальной кухни.

Оқушы (аудармашы) Смит мырзаның сөздерін орысшаға аударып береді.

Жүргізуші:

- Смит мырза! Көрмемізде сан алуан қазақ халқының ұлттық тағамдары көрсетілген. Біздің қызметкерлеріміз сізге бұл тағамдар туралы айтып береді.

- Мына көрмеміздің бөлімінде ет тағамдарын көруге болады. Смит мырза, оларды тамашалауға шақырамын.

Смит мырза.

- Кешіріңіз, мен біраз қазақша сөйлей аламын. Мына тағам қалай аталады? Ол қалай дайындалады?

Көрменің қызметкерлері (Оқушылар) тағамдар туралы қазақша әңгімелеп береді, орысшаға аударады. (Бұл тапсырмалар оқушыларға алдын ала үй тапсырмасы ретінде беріледі. Олар берілген мәтінді алдын ала аударып, мұғалімге тексертіп алып, жаттап алуға тиісті). Экранға тағамның суреті шығады, әзірлеу әдістері жазылып беріледі.

Мысалы:

Бесбармақ (асата) – қазақ халқының құрметті қонақтарға ұсынатын бастағамы. Алдымен асатаны (бастағамды) пісіріп алу керек. Ет қайнап жатқанда, қамыр илейді, жайып, бөлшектерге кеседі. Қамыр піскен соң, табаққа түсіріп, үстіне ет салады. Етті турайды, тұздық құяды.

Жал – жылқы етінің ең кәделі мүшелерінің бірі. Жылқы сойылғанда терісі сыпырылып алынып, жалдың өзін мойын омыртқадан сылып алады. Сыйлы қонақтарға тартылады.

Жаубүйрек – ұлттық тағамның бір түрі. Жаубүйректі малшылар, жолаушылар көп пайдаланады. Қойдың құйрық майын кесіп алады. Бауыр мен құйрықты жұқалап, жапырақтап, істікке бір май, бір бауыр етіп, кезектеп шаншып, үстіне майда тұз, бұрыш сеуіп, отқа қақтап пісіреді. Бауыр қосылған май жүрекке тимейді әрі бұл аса тоқ қылады.

Қазы-қарта – жылқы етінен жасалатын тағамның бір түрі. Жылқы сойғанда ең алдымен қартаны бөліп, салқын суға жуып тазалайды. Содан кейін оның ішіне майлы еттерді тығады. Етті дәміне келтіру үшін тұздайды, бұрыш қосады. Қазыны халық жоғары бағалайды.

Қуырдақ жаңа сойылған малдың өкпе-бауырынан, мойын, төстік етінен, жүрек, бүйрегінен, сондай-ақ ішек-қарынынан

ұсақтап турап әзірленеді. Ол үшін қазанға іш майды немесе құйрық майды турап салып, шыжғырып алады да, алдымен үстіне туралған өкпе, жүректі, ішек-қарынды, мойын, төстік еттерін салып, қазанның отын қатты жағып, 15-20 минут қуырады. Қуырдақ денсаулыққа өте пайдалы.

Жүргізуші: - Смит мырза, ал көрмеміздің мына бөлімінде сүт тағамдары көрсетілген. Оларды да көріп алайық.

Смит мырза: - Мына тағам қалай аталады? Ол қалай дайындалады?

Айран – ұйытылған сүт. Оны қаймағы алынған сүттен де, қаймағы алынбаған сүттен де ұйытуға болады. Айранды сусын ретінде пайдаланады.

Кілегей – шикі сүттің бетіне жиналатын маңызы, қаймағы. Кілегей сиыр сүтінен алынады. Жаңа сауылған жылы сүтті кең ыдысқа құйып, салқын жерге қояды. Сонда сүттің бетіне сары түсті маңызы қалқып шығып, қабыршақтанып жиналады. Оны қасықпен жайлап қалқып алады.

Қаймақ – сиырдың, қойдың, ешкінің пісірілген сүтінің жиналатын маңызы(майлы құрамы). Пісірілген сүтті бетін ашып салқын жерге қояды. Сүт салқындаған сайын оның бетіне қабыршақтанып қаймақ жиналады.

Жүргізуші: - Бұл бұрышта, Смит мырза, сүттен жасалған сусындар. Танысып қойыңыз!

Қымыз – биенің сүтінен дайындалатын денсаулыққа шипалы әрі жұғымды сусын. Қымыз – қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең құрметті дастарқан дәмінің бірі. Сары қымыз - дертке шипа, денеге күш береді.

Іркітті сиырдың, қойдың, ешкінің сүтінен ұйытылған айраннан немесе шикі сүттен дайындайды. Піскен сүттен ұйытылған айранды немесе шикі сүттен ұйытылған қатықты сабаға жинайды да піседі. Іркіт айран мен қатыққа қарағанда сұйық болады. Іркіт – қазақ халқының тамаша, пайдалы сусыны.

Смит мырза (құрт пен ірімшікті қолына ұстап): - Бұл қандай қызық тағам? Ол да сүттен дайындалады ма?

Жүргізуші: - Иә, бұл тағағамдар іркіттен немесе ұйытылған сүттен жасалады. Готовятся из заквашенного молока.

Ірімшік – сиырдың, қойдың, ешкінің сүтінен қайнатып әзірленетін сүт тағамы. Ірімшікті дайындау үшін ыдысқа құйылған шикі сүтті отқа қойып, қайнатады. Ірімшік құрт сияқты көп уақыт бұзылмайды, сондықтан ол – тамаша тағам.

Құрт – малдың сүтінен дайындалатын, ұзақ уақыт сақтауға арналған тағам. Іркітті қазанға суы сарқылғанша қайнатады. Құрт қайнап біткен соң, қапқа құяды, сары суын ағызады. Ірімшіктерді тұздап, домалақтап, кептіреді.

Смит: - У меня разыгрался зверский аппетит! Мисс! Я могу попробовать блюда?

- Әрине! Мінеки, мынау – біздің дәмханамыз. Сізге тағамдарды жеп көруге болады. Даяшы, Смит мырзаны күтіңізші.

Даяшы: - Смит мырза, төрлетіңіз, отырыңыз. Қандай тағамдарды қалайсыз?

- Маған қазақша ет, қазы-қарта, қымыз және бауырсақ беріңізші.

- Мінеки, алыңыз! Ас дәмді болсын!

- Рақмет, көп рақмет! Не деген дәмді тағам!

Жүргізуші: - Ал енді, құрметті қонақтар, Смит мырза! Қазақ халқының биін тамашалаңыздар. Оны біздің 10-сынып оқушалары билеп береді.

Смит: - Уважаемые друзья! Позвольте высказать мою огромную благодарность за полученное наслаждение! Я очень много нового узнал о казахских национальных блюдах.

- Құрметті достар! Америкаға келіңіздер! Онда біздің ұлттық тағамдарымызбен танысасыздар әрі сіздердің

де ұлттық тағамдарыңызды менің мейрамханамда жей аласыздар! Сау болыңыз!

Мұғалім: – Міне, біз қазақ халқының ұлттық тағамдарының көрмесіне қатысып, олар туралы көптеген мәліметтер алдық, сонымен бірге мейрамханада қалай сөйлеу керектігін көрдік.

– Балалар! Экранға бүгінгі сабақтың жаңа сөздері жазылып шықты, олармен танысып алайық. Бұл сөздерді мейрамханада даяшымен сөйлесу кезінде қолдануға болады.

Жаңа сөздер: *Қалайсыз – желаете, тосыңыз – подождите, біраз – немного, қалағаныңыз – желаемое, төлем – оплата, қайтарым – сдача, дастарқан мәзірі – меню, ұйытылған – заквашенное, қуырылған – обжаренное, қамыр – тесто, илейді – замешивают, кеседі – режут, жаяды – раскатывают.*

Жаңа сөздермен жұмыс істеу. Сөз тіркестерін, сөйлемдерді құру. (Сіз не қалайсыз? Біраз уақыт тосыңыз. Қалағаныңызды әкелдім. Қайтарымыңызды алыңыз. Төлеміңізді алыңыз.

Диалогты оқу, аудару.

- Сәлеметсіз бе?

- Сәлеметсіз бе!

- Мінеки, дастарқан мәзірі. Сіз не қалайсыз?

- Маған қуырдақ, шелпек, сүтпен шай керек.

- Біраз тосыңызшы.

- Қалағаныңызды әкелдім, ас дәмді болсын!

- Даяшы, мен (біз) тамақ ішіп болдым (қ). Төлеміңізді алыңыз.

- Сізден ...теңге, қайтарымыңызды алыңыз.

- Рақмет! Сау болыңыз!

VI. Жаңа сабақты бекіту.

«Дәмханада» деген рөлдік ойынды жүргізу. Оқушы-

ларға біраз уақыт беріледі. Диалогты жүргізуді қалаған оқушылардан сұрау.

VII. Үй жұмысын беру.

Оқушыларға шағын тест сұрақтары таратылады. Үйде шешіп келулері тиіс. Диалогты жаттау.

1. Қазы-қарта деген не?

- А) ұлттық ойын; Ә) ұлттық киім;
Б) салт-дәстүр; В) ұлттық тағам.

2. Қазақтың ұлттық ет тағамын көрсет.

- А) жал-жая; Ә) қымыз; Б) бауырсақ; В) кілегей.

3. Ақсақалдарға, қадірлі, сыйлы қонақтарға қандай тағам тартылады?

- А) бауырсақ; Ә) жау-бүйрек;
Б) құрт; В) бас, қазы-қарта.

4. Қай сусын түйенің сүтінен жасалады?

- А) қымыз; Ә) шұбат; Б) айран; В) қатық.

5. Қай сусын дертке шипа, денеге күш береді?

- А) айран; Ә) сүт; Б) қымыз; В) қатық.

6. Қазақша ет деген не?

- А) бесбармақ (асата, бастағам); Ә) палау;
Б) бас; В) шелпек.

7. Сүттен жасалатын, ұзақ сақталатын ұлттық тағам.

- А) қымыз; Ә) шұбат; Б) айран; В) құрт.

8. Ұйытылған сүт деген не?

- А) бауырсақ; Ә) қамыр; Б) айран; В) кілегей.

9. Қуырылған ет тағамын көрсет

- А) бесбармақ; Ә) бауырсақ; Б) айран; В) қуырдақ.

10. Бүйрек, өкпе, бауыр қай ұлттық тағамын әзірлеуде қолданылады?

- А) бесбармақ; Ә) жаубүйрек; Б) айран; В) бауырсақ.

VIII. Бағалау.

Қорытындылау.

ШӘМШІНІҢ ТУҒАН ЖЕРІНДЕ – ЖАҢА СӨЗДЕР МЕН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – берілген тілдік материалды түсіндіру, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын ұғындыру, дұрыс айтылуын үйрету; **дамытушылық** – оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай қабілетін ашу, мәтін мазмұнын аудармасыз түсінуге жұмылдыру, оқылған мәтін нәтижесінде сөйлеу білігін дамыту, өзіндік ой-пікірін дамыту; **тәрбиелік** – тілді оқуға қажеттілік туғыза отырып, ұлттық қасиетті сақтауға үйрету, халық мұрасын қастерлеуге тәрбиелеу. **Түрі:** жаңа білімді меңгерту. **Әдіс-тәсілдері:** баяндау, әңгімелеу, сұрақ-жауап, іздену, тест әдісі, пікірлесу. **Жұмыстың түрі:** топтық, ұжымдық, дара. **Пәнаралық байланыс:** тарих, әдебиет. **Көрнекілігі:** Ш.Қалдаяқовтың суреті, слайдтар, оқулық, жұмыс дәптері, тест тапсырмалары, магнитофон.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

Міндет: оқушыларды сабаққа дайындау.

Мазмұны: сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Міндеті: оқушылардың үй тапсырмасын толық әрі дұрыс орындағанын анықтау. Өнер-білім туралы мақал-мәтелдер

жазып, олардың мағынасын түсіндіру. Грамматика (ЕНТ – повторить сын есім, сан есім).

III. Өткенді бекіту. Тапсырма. Тақырыптық тест сұрақтарына жауап жазу.

IV. Жаңа сабақты меңгерту.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: -Балалар, бүгінгі сабағымыздың мақсаты мәтінде берілген тілдік материалмен танысып, оның мазмұнын аудармасыз түсіну.

Слайдтағы жаңа сөздерді аудармасымен әр топтан бір оқушы оқиды.

I оқушы қазақша сөздерді, екінші оқушы аудармасын оқиды.

Жаңа сөздермен танысайық:

Шын аты – истинное имя;

Жыл санауымыздан бұрын – до нашей эры;

Бүкіл – весь;

Шайқас – битва;

Жаулап алған – завоевавший;

Сусыз – без воды;

Жайратса керек – оказывается уничтожила;

Тері қапқа – в кожанный мешок;

Қолбасшы – полководец;

Жан тапсыру – умереть;

Өз қалжыңына – из за своей шутки.

Б) Мәтінмен жұмыс.

Мақсаты: екеуара сөйлеу дағдысын дамыту. Оқушы сұраққа жауап беруді және сұрақ қоя білуді, сөйлеу үлгілерін дұрыс пайдалана білуді меңгереді. Мұғалімнің бағыттау сұрағы (мәтін оқылмай тұрып).

- Шәмші Қалдаяқов туралы не білесіңдер? Ол кім? (Оқушылар жауаптарының нұсқалары).

В) Оқылым. Мәтінді оқыту.

I топ – I-оқушы.

II топ – I-оқушы.

Г) Аудармасыз түсіну.

Мұғалім (ой тастау) I топқа:

Сұрақ: - Мәтіннің негізгі идеясы неде? Оқушылар жауаптарының нұсқалары (Шәмші өзінің туған жері — Отырардың тарихи маңызы зор екенін айтады және туған жерге деген ыстық ықыласын, сүйіспеншілігін мақтан ететінін әңгімелейді).

II топқа «Кіндік қаны тамған жер» деген тұрақты тіркес тәріздес сөздерді айтыңыздар.

(Отан, туған ел, туған жер, туған үйің, туған ауылың).

5. Топтық жұмыс.

Тапсырма. I топ. Мәтін ішінен құрмалас сөйлемдерді тауып, жазып, құрылысын анықтаңыздар.

I топ. Мәтін ішіндегі құрмалас сөйлемдер:

1. Сондықтан да мен өз хикаямды Шәуілдірден бастайын,- деп бастаушы еді әңгімесін Шәмші.

2. Сақтардың әйел патшасы Тұмар парсыларды елсіз, сусыз құм ішіне алдап кіргізіп, бір шайқаста жайратса керек.

3. Тұмар оны қан толтырған тері қапқа сүңгітіп: «Саған керегі қан еді ғой, ал іш, іш!»— деген.

4. Бүкіл Шығысты жаулап алған тағы бір қолбасшы — Ақсақ Темір Үндістанға барар жолында осы Отырар түбіне жетіп, жан тапсырыпты.

5. Сосын мұнда бүкіл қазақ халқы таныған Шәмші Қалдаяқов туды,- дейтін Шәмші өз қалжыңына сылқ-сылқ күліп.

II топ. Мәтін ішінен жай сөйлемдерді тауып, жазып, құрмаластың мағыналық түрін анықтаңыздар.

Мәтін ішіндегі жай сөйлемдер:

1. «Кіндік қаны тамған жер» деген сөз, меніңше, қазақтан басқа еш халықта жоқ.

2. Шәуілдірдің шын аты — Отырар.

3. Арабтар Отырарды бұрын «Фараб» деп атапты.

4. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы ғасырда бүкіл Шығысты жаулап алған парсы патшасы Куруш (Кир) осы жерден өткен.

5. Кирдың басын шауып алады.

6. Отырарда ұлы бабамыз әл Фараби туған.

7. Бұл шаһарда қазақ музыкасының атасы Қорқыт бабамыз оқыды.

6).Білім бекіту кезеңі (мәтін мазмұны бойынша).

Мақсаты: тілдік материалдың меңгерілген деңгейін анықтау.

Мұғалім: - Мәтінді оқып, Сыр бойындағы Отырар қаласында ғұлама ғалымдар, ойшыл адамдар және де қазақ халқының ұлы сазгері Шәмші ағамыз осы тарихи шаһарда туғаны туралы білдік.

Тапсырма: «Шәмшінің туған жері – тарихи шаһар» тірек-сызбасы бойынша мәтін мазмұнын ашыңыздар:

Қазақстанның көне қалаларының бірі – Отырар.

V ғасырда.

Томирис патша.

Қолбасшы – Ақсақ Темір.

Қазақ музыкасының атасы.

Тапсырма: осы тірек-сызба арқылы сабақта мәтін мазмұнын ауызша айтып бересіздер және жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрастырып жазып келесіздер. Бұл – үй тапсырмасы.

VII. Сабақты қорыту, оқушыларды бағалау.

Мұғалімнің қорытынды сөзі: - Шәмші ағамыздың әндері халық арасына көп тараған. «Жаныңды жадыратып, анаңды шаттандырып, атаңды масаттандырғың келсе, Шәмші әуеніне жүгін»,– дейді Ә.Кекілбаев. Шәмші әні – қазақ үні. «Таланты бар адамның қолы жазудан босамау керек. Ал халық әннің өзіне жақсысын, қажеттісін таңдап алады. Ең ұлы сыйлық, асқан құрмет – халық сүйіспеншілігі, қауымның көңілі»,– дейтін Шәмші ағамыз.

Бағдарламалық материалға әр топтың оқушылары өздері ізденіп, қосымша мәліметтер дайындапты, соны зейін қойып, тыңдаңыздар.

I топ – «Менің Қазақстаным» әнінің тарихы.

II топ – Шәмшінің өмірі туралы деректер.



Маржан ТЕРЛІКБАЕВА,
Алматы қаласындағы
№27 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЕТІС ТҮРЛЕРІ МЕН ЫБЫРАЙ ӘҢГІМЕЛЕРІ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: Ыбырай әңгімелерінің мазмұнымен танысып, тақырыптары мен идеясын ашу; етіс түрлерін меңгерту.

Міндеті: мазмұнға байланысты міндет: әңгімелердің мазмұнымен таныса отырып, тақырыптарына қарай топтайды, мәтін мазмұнын өмірмен байланыстырады; етістіктерді тауып, етіс түрлеріне ажыратады. **Сыни ойлауды дамытуға байланысты міндет:** оқушылар ой талқысына түсе отырып, өзара пікір алмасады, іс-әрекеттерін талдайды. **Топтық міндет:** оқушылар өз ойларын қорғай білуге үйренеді, бір-бірін тыңдайды, толықтыру арқылы мәтін мазмұнының түсініксіз жерлерін айқындайды.

Түрі: жаңа оқу материалдарын оқып-үйрену сабағы.
Әдісі: «бір айналым сөйлесу», «үш жақты күнделік», «Бес тармақты жол», «топтастыру», «еркін жазу» стратегиялары.
Көрнекілігі: Ыбырай әңгімелерінің тақырыптарына байланысты суреттер жиынтығы, сызба-кесте, презентация.

Бағалау: ойды еркін жеткізе айта білу қабілеттерімен бағаланады.

Сабақ барысы.

I. Ұйымдастыру:

1. Сабаққа психологиялық дайындық.

2. Кезекшімен сөйлесу.

3. Күн ретін сұрап, жазғызу.

4. Сабақтың мақсатын айту.

- XIX ғасырдың 2-жартысы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген әдебиет өкілі – Ы.Алтынсариннің шығармалары бойынша алған білімдерінді сарапқа салып, әңгімелеріне талдау жасағанда өз ойларыңды ашық айта біліңдер, қойылған сұрақтарға толық жауап беріп, сабақта еркін отырыңдар.

I. Қызығушылығын ояту. Оқушыларды III топқа бөлу.

«Ой ашар»:

- Өткен сабақта қандай тақырыппен таныстық?

- Ы.Алтынсарин өлеңдерінен үзінділер жаттау.

Ы.Алтынсарин өмірі, ағартушылық қызметі.

- Өздеріңіздің білетіндеріңізді қағаз бетіне түсіріңіздер.

(Оқушылар білетіндерін топтасып жазады, әр топтан бірекі оқушы қорғайды.

- Етіс түрлерін қайталау. «Қос тіл – қос қанатың» (сөйлемдерді орыс тілінен қазақ тіліне аудару).

1. Ыбырай 48 жыл (жыл).

2. (Талантливый педагог) балаларға мектеп ашып, «Қазақ хрестоматиясы» мен «Қазақтарға орыс тілін оқыту құралы» деген екі кітап (написал и опубликовал).

3. Алтынсарин балаларды (к честности, труду, знаниям) шақырды.

4. Қостанай қаласында оған (поставили памятник).

5. Ы.Алтынсаринді қазақ халқы (высоко ценит).

II. Мағынаны ажырату.

Жаңа сөздер:

Әдептілік – вежливость;

жеңілдетейін – облегчу;

бейшара – несчастный;

сабыр – спокойствие;

иілу – склонится;

қисық – криво;

тақсыр – господин;

бағу-қағу, күту – ухаживать.

1) Ы.Алтынсарин – балалар әдебиетінің атасы. Бүкіл өмірін қазақ балаларын оқытуға арнаған. Сол мақсатпен алғаш рет балаларға арнап мектеп ашып, оқулық жазған. Ағартушы оқулықты жазудағы мақсатын хрестоматияның алғы сөзінде: «Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қатар, **жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім...**» деп тұжырымдаған. Өйткені, хрестоматияға Ыбырай өзінің педагогтық мақсатына лайықтай жазған тәрбиелік мәні жоғары көптеген шағын әңгімелерін, өлеңдері мен ауыз әдебиеті үлгілерін, сондай-ақ, орыс педагогтері мен айтулы орыс қаламгерлерінен аударған шығармаларды енгізген болатын. Бұл шығармалардың тақырыптық – идеялық мазмұнынан біз Ыбырайды ұстаз-тәрбиеші ретінде алдына мақсат етіп қойған адамгершілік мәселелерін көреміз.

2) - Балалар, бүгін осы алған білімдерімізді толықтыру мақсатында Ыбырай әңгімелерінің тақырыптарымен, яғни, әңгімелерімен танысамыз.

Алдымен әңгіме дегеніміз не?

- Әңгіме – адам өмірінің бір сәтін бейнелейтін сюжеті бар шығарма.

Ыбырай Алтынсарин – қазақ балалар әдебиетінің атасы, әңгіме жанрының негізін салушы. Шығармалары қысқа мазмұнға құрылады. Аз сөзге көп мағына сыйғызу, мақал-мәтел қолдану, әр әңгіменің тәлім-тәрбиелік мәніне ерекше көңіл бөлу – Ыбырай шығармаларының ерекшелігі деп айтуға болады.

3) - Ыбырай шығармаларының тақырыптарын анықтау үшін қазір сіздерге суреттер, сөздер таратамын. Сол суреттер қандай тақырыптарға арнап салынған, соны топ болып қорғайсыздар.

(Үш топқа оқу-білім, өнер, адамгершілік тақырыптарына байланысты, **1-топқа- суреттер**, **2-топқа- сөздер** – **«Ыбырай шығармалары неге үйретеді?»** тәрізді сұрақтар беріледі, оқушылардан сұралады), **3-топқа – Ыбырайдың әңгімелері:** “Қыпшақ Сейітқұл”, “Киіз үй мен ағаш үй”, “Таза бұлақ”, “Бай баласы мен жарлы баласы”, “Атымтай Жомарт”, “Асыл шөп”, “Бір уыс мақта”, “Салақтық”, “Бақша ағаштары”, **өлеңдері:** “Кел, балалар, оқылық!”, “Бұл кім?”, “Өзен”, “Жаз”, “Балқожа бидің баласына жазған хаты”, “Өнер-білім бар жұрттар”.

Ыбырай әңгімелерінің тақырыптары:

Еңбекке баулитын шығармалар.

Өнер-білімді үлгі етуге арналған шығармалар.

Адамгершілікке тәрбиелейтін шығармалар.

(кесте арқылы түсіндіріледі)

3) - Балалар, бүгінгі тақырыпты толығырақ түсіну үшін әр топ оқушылары берілген мәтін мазмұндары бойынша кесте

толтырады. Алдымен мәтін мазмұнымен танысыңыздар.

1-топ – «Әдептілік» әңгімесі.

2-топ – «Асыл шөп» әңгімесі.

3-топ – «Бақша ағаштары» әңгімесі.

А) Оқиды, аударады, талқылайды.

Ә) Мәтін бойынша 3-4 сұрақ құрастырады.

4) «Үш жақты күнделік» стратегиясы.

Мәтіндегі ең маңызды, өзіңізге ұнаған үзінді.

Түйіндеме.

Лайықты мақал (топ оқушылары бірлесе отырып қорғайды).

б) «Әлемді шарлау» стратегиясы. Оқушылардың ойлары тыңдалады, кесте арқылы толықтырылады. Оқушыларға 12 минут уақыт беріледі.

В) Етістіктерді тауып, етіс түрлеріне ажырату.

Г) Көріністі тамашалау.

Д) Осы әңгімелерді талдай отырып, Ыбырай әңгімелерінде қандай тәлім-тәрбие жатқандығын айтыңдар.

5) “Бақша ағаштары” көрінісін тамашалау.

6) Бес тармақты жол стратегиясы.

III. Ойтолғаныс.

7) - Балалар, сонымен бүгін не үйрендік, не білдік?

- Ыбырай әңгімелері туралы білетіндерімізді бір-бір сөйлеммен қорытындылайықшы.

8) «Бір айналым сөйлесу» стратегиясы.

- Ыбырай – балалар әдебиетінің атасы, әңгіме жанрының негізін салушы. (Оқушылар жалғастырады).

IV. Оқушылар бағаланады.

V. Үйге тапсырма беру: 1. Ыбырайдың «Әдептілік» әңгімесінің мазмұнын білу, тәрбиелік мәніне көңіл бөлу; 2. «Ы.Алтынсарин шығармалары – тәрбие көзі» тақырыбына эссе жазу.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ҚОНАҒЫ – СӨЗДІК ҚОР

Сабақтың мақсаты: Тәуелсіз Қазақстан туралы білімдерін кеңейту. Сөздік қорларын байытып, ой-өрісін, қатысымдық біліктіліктерін арттыру; **Міндеттері:** **білімділік** – Қазақстан мемлекеті туралы білімдерін еске түсіре отырып, оқушылардың білім деңгейін көтеру, топтық түрде білім алуға баулу; **дамытушылық** – мәнерлеп оқуға баулу, тілге қызығушылығын арттыру, мәтінді түсініп оқып, негізгі идеясын анықтайды; **тәрбиелік** – оқушыларды саяси саналылыққа тәрбиелеу. Елін, жерін, тілін, әдет-ғұрпын құрметтейтін жаны таза, адамгершілігі мол, өз Отанын сүйетін азаматты қалыптастыру.

Түрі: дәстүрлі сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, сөйлеу, әңгімелеу, топтық жұмыстар, ізденушілік, оқушылардың білімін бағалау. **Көрнекілігі:** компьютер, бағалау парағы, сөзжұмбақ, тестілеу.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:

а) Сәлемдесу;

ә) Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.


Сабағымыздың эпиграфын «Отан отбасынан басталады» деген мақалдың мағынасын түсіндіруден бастаймыз.

Сұрақ-жауап:

- Отан деген не?

- Отан деген – адамдардың туып-өскен жері.

- Сендер қай жерде, қай мемлекетте туып-өстіндер?
 - Қазақстанда.
 - Қазақстан қандай мемлекет?
 - Қазақстан – тәуелсіз, дербес, егеменді мемлекет.
 - Сонда, сендердің Отандарың қай мемлекет?
 - Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы.
- 1) Қызығушылығын ояту.
- «Отан» деген сөзге ассоциация толтырамыз.



Қазақстанның жетістіктері туралы фильм көрсету.

- Сонымен, біз Қазақстанның қандай екендігін білдік.

2) Жаңа сөздермен танысамыз:

қор – фонд, запас, резерв, ресурс;

қабылдау – принять;

белгілеу – назначить, определить;

мерей – репутация;

өркенді өзгерістер – прогрессивные изменения;

сайлау – избирать;

мұнай – нефть;

көмір – уголь;

пайдалы қазбалар – полезные ископаемые;

ынтымақ – солидарность;

бүтін – целое;

борыш – долг;

жарасу – подходит, соответствовать;

болашақ – будущее;

айналу – превратиться.

Кейбір сөздермен синонимдік қатар құрастыру.

қор – мол табыс;

белгілеу – анықтау;

мерей – мәртебе;

пайдалы қазбалар – кен байлықтары;

ынтымақ – бірлік;

борыш- парыз;

болашақ- келешек;

жарасу – сай келу.

- Сонымен, біз қандай жаңа сөздермен таныстық, тағы да бір рет қайталап жіберейік.

3) Мәтінмен таныстыру, кездескен жаңа сөздер немесе түсініксіз сөздерді сұрап анықтау, түсіндіру (Өз беттерімен оқыту)

Мәтінді түсініп оқып, аударарды.

Мазмұнын сұрау. Мазмұндама жазғызу.

4) Жазбаша жұмыс.

Әрбір бөліктен егістіктерді тауып, дара, күрделіге, негізгі, туындыға ажырату.

Бар, таныды, қабылданды, сайлады, берілді, ұшып, көтерді, болып жатыр, шығады, көріп, тыңдап жүрміз.

5) Ауызша орындау.

2-тапсырманы орындау. Сөздер мен сөз тіркестерін аударындар.

Суверенный – егемен;

Общий – ортақ;

Независимый – тәуелсіз;

Родная земля – туған жер;

Луч – сәуле;

Свобода – бостандық;

*Летящий тулпар – жүйрік ат;
Все народы – барлық халық;
ООН – БҰҰ;
Единство народов – халықтар бірлігі;
Воля – еркін;
Не делится – бөлінбейді;
Свет – нұр;
Святой – киелі.*

III. Сабақты қорытындылау.

Ой қозғау стратегиясы:

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының 21 жылда қол жеткізген жетістіктері туралы не білеміз?

- Тәуелсіз, егеменді ел болды.

- Қазақстан Республикасының алғашқы президенті – Нұрсұлтан Назарбаев сайланды.

- 1992 жыл Қазақстан Республикасының рәміздері қабылданды.

- Қазақстанның ең үлкен жетістігі – ұлтаралық келісіммен бейбіт өмір.

- Қазақстан мемлекеті – Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі.

- Қазақстанның өз әскері бар.

- Біздің елімізде Жер шарында кездесетін кен байлықтарының бәрі бар.

- Қазақстан дамыған елдердің қатарына жатады.

- Біздің республикамызды дүние жүзінің көптеген мемлекеттері біледі.

- Қазақ азаматтары Т.Әубәкіров пен Т.Мұсабаев ғарышқа ұшты.

МӘТІН ҚҰРАСТЫРҒЫШ СЫЙЛЫҚТАР

Сабақтың мақсаты: білімділік – жаңа лексикалық бірлікпен танысу, олармен сөз тіркесі мен сөйлем құрастыру арқылы оқушылардың сөздік қорын байыту; **дамытушылық** – оқушылардың сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыта отырып, оларды тақырып бойынша мәтін құрастыра білу дағдысын қалыптастыру; **тәрбиелік** – оқушыларды сыйластыққа және бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу.

Түрі: жаңа материалды меңгеру сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, әңгімелеу және түсіндіру. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, кесте, тақырыпқа байланысты сызбалар.

Сабақ барысы.

1. Ұйымдастыру.

- Бүгін қазанның нешесі?
- Аптаның қай күні?
- Күздің нешінші айы басталды?
- Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?
- Бүгінгі сабақтың тақырыбын сөзжұмбақ арқылы ашайық.

1. Берілген сөздердің соңғы дыбысын теріп жазу арқылы сабақтың тақырыбын анықтау.

Тас, жылы, той, гүл, сары, қызық, қанат, алма, тор.

СЫЙЛЫҚТАР

2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.

- Сыйлық дегеніміз не?(ассоциация тудыру)

- Сұрақ-жауап:
- Сендерге көбіне қандай сыйлықтар сыйлайды?
- Не үшін сыйлықтар сыйлайды?
- Сыйлық түрлері қандай?
- Сонымен, балалар, бүгін сабақта не туралы сөз қозғаймыз? Сабақ тақырыбын ашу.

1. Жаңа сөздермен жұмыс. Оқу, дұрыс айтуға дағдыландыру

Ынталандыру	Сый-сияпат	Мүмкіндік
Ілтипат	Айналдыру	Ықылас
Шын пейіл	Мейірімділік	Талғам
Қиял	Тапқырлық	Тарта білу
Тартушы		

2. Жаңа сөздерді лексикалық қатарға топтастыру.

3. “Сый-сияпат” сөзін септеу. Әр септікке сөйлем құрастыру.

А.с. сый-сияпат

І.с. сый-сияпаттың

Б.с. сый-сияпатқа

Т.с. сый-сияпатты

Ж.с. сый-сияпатта

Ш.с. сый-сияпаттан

К.с. сый-сияпатпен

Алмас анасына сый-сияпат сатып алды. Алмас сый-сияпаттың бірнеше түрін көрді. Ол анасына сый-сияпатқа әдемі орамал сатып алды. Сый-сияпатты сыйлауға анасына барды. Сый-сияпатта көп мағына бар. Алмас берген сый-сияпаттан анасының көңілі көтерілді. Ол сый-сияпатымен анасын құттықтады.

4. “Сый-сияпат” сөзін қолдана отырып жағдаят жасау.

5. Мәтінді түсініп оқу және сұрақтарға жауап беру.

6. Ривин кестесі бойынша азатжолмен жұмыс.

№	Азатжол бойынша негізгі ой.	Азатжолда атау.	Тірек-сөздер.	Өз сөйлемі.	Сұрақтар.
1	Қуанышты сәттер, көтеріңкі көңіл-күй.	Сый-сияпат	Сый-сияпат, ілтипат, талғам, мейрімділік.	Сый-сияпат жасауда талғам болу керек.	Сый-сияпатты жиі жасайсың ба?
2	Сыйлықты қабылдау және ұсыну рәсімі мен әдебі.	Сыйлық беру – ізгі әдет-ғұрып.	Ықылас, әдет-ғұрып, шын пейіл.	Сыйлықты шын пейілмен беру керек.	Шын сый-сияпат адамның бойында не туғызады?

6. Жазба жұмысы. Сөйлемді мәтіннен толықтыр.

1. Сыйлық беру -
2. пен оны істей білуге бала жастан үйрену керек.

7. Бекіту.

1. Туған күнге, жаңа пәтерге, жаңа жылға құттықтау хат жазу және таңдаған сыйлығы туралы айту.

2. Мәтін мазмұнына лайықты мақал айту.

«Сыйға – сый, сыраға – бал»,

«Сыйлықтың бәрі жақсы, шын көңілмен сыйланса».

Үйге тапсырма: сыйлықтарды түрлі жағдайда қалай сыйлау керектігі туралы қойылым көрсету.

СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫ

(3-сынып)

Мақсаты: туған елі, Отаны – Қазақстан туралы қазақ тілінде түсініктерін кеңейту. Қазақстан қалалары туралы әңгімелеу.

Сабақтың міндеттері: туған еліне деген сүйіспеншілікке, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Сөздік жұмысы: ел, асқар таулар, көлемі, шекара, елорда, бидай, көмір, мұнай, мырыш, бай, мыс, ірі.

Көрнекіліктер: Қазақстан байлығы, сұлу табиғат, қалалар, Астана бейнеленген оқулық суреттері, текше. Елтаңба, жалау, әнұран (үзінді мәтін).

Әдіс-тәсілдері: суреттерді көрсетіп түсіндіру, әңгімелесу, ойын-жаттығулар.

Сабақтың барысы:

I. Амандасу.

II. ӘНҰРАН.

III. Оқушылардың қызығушылығын ояту.

Сұрақ-жауап:

- Қандай мереке болады?

- Қазақстанның тәуелсіздігіне неше жыл болады?

- Тәуелсіз мемлекет дегенді қалай түсінесіңдер?

- Еліміздің рәміздерін атаңдар?

- Еліміздің елордасы қай қала?

- Астана қандай қала?

(сабақтың тақырыбын, мақсатын айту).

Мұғалімнің сөзі:

- Балалар, бүгін біз туған еліміз, Отанымыз – Қазақстан Республикасы туралы қазақша айтуға үйренеміз. Қазақстанның сұлу қалалары туралы әңгімелейміз.

IV. Мәтінмен жұмыс.

Қазақстан қалалары

Қазақстанда ірі қалалар көп. Олар: Астана, Алматы, Қызылорда, Ақтау, Ақтөбе, Шымкент, Атырау, Тараз, Қостанай, Қарағанды, Павлодар, Өскемен, Петропавл, Жезқазған.

Қазақстанның жері бай. Қарағанды, Екібастұзда көмір, Ақтау, Маңғыстауда мұнай, Балқашта мыс, Өскеменде мырыш өндіріледі. Біздің еліміздің қалалары бай, үлкен, әдемі.

1. Мұғалім оқып шығады.

2. Балалар тізбекпен оқып шығады.

3. Мәтін бойынша сұрақ даярлау.

4. Түсініксіз және түсінікті сөздерді теріп жазу.

V. Сөздік жұмысы.

1. Оқып шығу.

2. Балалар тізбекпен оқып шығады.

2. Сөздермен сөзтіркес, сөйлем құрастырады.

Бидай – пшеница;

Көмір – уголь;

Мұнай – нефть;

Мырыш – цинк;

Бай – богатый;

Мыс – медь;

Ірі – крупный;

Өндіріледі – добывают.

VI. Тапсырмалар.

1-тапсырма: Бидай, мырыш, көмір сөздеріне фонетикалық талдау жасау.

2-тапсырма: Қалалар атауларында сан есімі бар сөздерді табындар. Қалалар атауларында түстері бар сөздерді табындар.

Астана, Алматы, Қызылорда, Ақтау, Ақтөбе, Шымкент, Атырау, Тараз, Қостанай, Қарағанды, Павлодар, Өскемен, Петропавл, Жезқазған.

Екібастұз, Ақтау, Маңғыстау, Балқаш, Өскемен, Байқоңыр, Жетісай, Үштөбе, Талдықорған, Кентау, Орал.

3-тапсырма: Қазақстан картасы бойынша жұмыс.

М.Әлімбаевтің «Туған жерім тамаша» өлеңі.

О, алақай, туған жер!

Жақсы-ау бақша- бауларың!

Көзге ыстық көрінер

Сенің асқар тауларың.

Туған жердің жырларын

Қызғалдақтай терейік.

Кең өлкенің қырларын

Жүр аралап келейік.

- Қазақстанның жер көлемі неше шаршы километр?

- Қандай елдермен шектеседі?

- Есіл өзенін көрсетіндер.

- Еліміздің астанасын көрсетіндер?

- Петропавл қаласын көрсетіндер?

V. Ойын – «Сикырлы әріптер».

(оқушылар текшені лақтырады, түскен әріпке қаланың атауын айтып береді).

VI. Сабақты қорытындылау:

- 16 желтоқсанда қандай мереке болады?

- Тәуелсіздігімізге неше жыл?
- Отанымыздың астанасы қай қала?
- Қазақстанда қандай ірі қалалар бар?
- Қарағанды, Екібастұзда не өндіріледі?
- Ақтау, Маңғыстауда не өндіріледі?
- Балқашта не өндіріледі?
- Өскеменде не өндіріледі?
- Отан деген сөзді қалай түсінесіңдер?

VII. Үй жұмысы: Отан туралы өлең жаттап келу.



Ақбаян ЕРЖАНОВА,
 Алматы облысының
 Іле ауданындағы
 №19 орта мектебінің
 қазақ тілі мен әдебиеті
 пәнінің мұғалімі.

ТІЛ ҰСТАРТҚАН АЛТЫН АДАМ

Сабақтың мақсаты: Дүниежізілік маңызы бар «Алтан адам» туралы оқушылардың білімдерін тиянақтай отырып, тарихтағы маңызын дәлелдей алатын жеке тұлға қалыптастыру.

Міндеттері: орталық мұражайға барғандағы оқушылардың жинаған материалдарын тыңдау. Ой қозғау стратегиялары арқылы білімдерін жетілдіру.

Еліміздің тарихын білу негізінде еліне, жеріне деген қызығушылығын арттыру.

Типі: бекіту. **Түрі:** кіріктірілген. **Әдіс:** ортақ мақсатқа бағыттау әдісі, практикалық, ойын. **Пәнаралық байланыс:**

тарих, география. **Сабақтың нысандары:** (формалары) ұжымдық, топпен, жұппен, дара. **Көрнекі және техникалық құралдар:** алтын адам, рәміздер жинақталған слайдтар, проектор, тақырыптық суреттер, үлестірме материалдар, бағалау жетондары.

Танымдық материалдар: Қазақстанға шолу, К.Сариеваның лексика-грамматикалық тапсырмалар топтамасы. М.Жанпейісованың дамыта-оқыту ойыны.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру.

1. Оқушылармен сәлемдесу.

Әнұран орындату.

2. Фонетикалық жаттығу.

Сүйем сені, туған ел – Атамекен!

Абзал анам сенсің зой, құшағы кең...

Осы өлең жолдарында не туралы айтылады?

Атамекен сөзін қалай түсінесіңдер? *Атамекен* сөзінің синонимі қандай?

II. Сабақты игеруге дайындық.

- Біздің тарихымызды дәлелдейтін тарихи маңызы бар Алтын адамды білу мақсатында қандай мұражайға бардық?

- Мұражайдан не көрдік?

- Алтын адам қай жылы табылған?

- Алтын адамды кімнің археологиялық тобы тапқан?

- Алтын адам қай жерден табылған?

III. Үй тапсырмасын тексеру.

Стандартты деңгей. Сөздік қор.

Тақтамен жұмыс. Оқушылар меңгерілген сөздерді қазақшадан орысшаға, орысшадан қазақшаға аударып жазады.

Әшекейленген –

Корона –

Алқа –

Клейменный –

Былғары –

крылатый –

мөр –

узор –

оба –

изображен –

семсер –

остроконечный –

Білімдері жетонмен бағаланады.

IV. Өтілген оқу материалдарын сұрау.

Грамматикалық тапсырма (*алгоритмдік деңгей*).

1. Перфокарталар арқылы мәтіндегі қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына қарай талдау.

Жауын+ гер+ і+ нің

Төбе+сі

жолбарыс+тың

белдік+те+гі

оба+сы+нан

Алматы+дан

«**Сиқырлы кебеже**». Ойынның шарты: оқушылар тақырып бойынша сұрақтар жазып, кебежеге салады, кебежедегі сұрақтар араластырылады. Оқушылар бір-бірінің сұрақтарына жауап береді.

Білімдері жетонмен бағаланады.

Лексикалық тапсырма: берілген тірек сөздер мен қима қағаздар арқылы сөйлемдер құрастыру.

V. Сабақ бойынша түсінгенін тексеру. Топпен жұмыс (*эвристикалық деңгей*).

Кіріспе	Негізгі	Қорытынды	Толықтырулар
Алматыда көптеген мұражайлар бар. Онда мыңдаған экспонаттар қойылған. Солардың бірі – Есік обасынан табылған Алтын адам.	Алтын адам – сақ жауынгері. Басында 200 жуық алтын әшекей бұйымдар, пырақтар, белдігінде семсер бар, сақинасы – мөр.	Алтын адам – дүниежүзілік маңызы бар экспонат. Сақ жауынгерінің IV-V ғасырда өмір сүргенін дәлелдейді.	Мойынында алтын алқа, сырт киімі – бешпент пен шалбар. 4 мыңнан астам алтын бұйымдар табылған.

Дамыта-оқыту ойыны.

Алтын адам 10 15 20 25

Сан есім 10 15 20 25

Әр түрлі 10 15 20 25

10 Бас киімі қандай?

10 Бас киімінде қанша әшекей бұйымдар бар?

15 Сырт киімі қандай?

15 Археология мұражайы қашан құрылды?

20 Мойынында не бар?

20 Қорғаннан қанша бұйым табылды?

25 Сақинасы қандай?

25 Алтын адам қай жылы табылды?

10 Алтын адамды кімнің тобы тапты?

15 Алтын адамның бас киіміндегі элементтерді қай жерден көреміз?

20 Елтаңбаның авторлары кімдер?

25 Қазақстанның тәуелсіздігі мен алтын адамның қандай байланысы бар?

1-топ

2-топ

3-топ

Топтар берген жауаптарын ұпай етіп жинайды.

VI. Үйге тапсырма: Синоним сөздерді қатыстырып, «Алтын адам» туралы эссе жазу, өмірмен байланыстыру.

Бағалау.

СӨЗ ҚОРЫ МОЛ «КІМ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ?» ТАҚЫРЫБЫ

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушыларға мамандықтардың атауларын естеріне түсіріп, алдарына қойған мақсаттарына жетуді үйрету, қалай жету жолдарын көрсету, сабақты өздері қорытындылай білуге төселдіру. Тілдерін дамыту, сөз қорын байыту, адамгершілікке, еңбекке баулу.

Көрнекілігі: суреттер, интерактивтік тақта, сызба. **Типі:** бекіту сабағы. **Әдісі:** көрнекілік, сөздік, жарнама, ойын.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар, отырыңдар!

II. Үй тапсырмасын тексеру:

- Өткен сабақта біз мамандық түрлерімен танысқан болатынбыз. Қандай мамандық иелерін білеміз? Жұмбақты шешіңдер. Бұл кім?

Іш ауырса, бас ауырса,

Ылғи дәрі береді.

Барлық бала, барлық адам

Оны жақсы көреді.

(Дәрігер)

Түсті, әдемі матадан

Түрлі киім жасаған.

Ең керекті халыққа

Маған үлгі – осы адам!

(Тігінші)

Бас бітімін адамның

Сәндей, жөндей алар кім?

Мен де сондай болармын,

Баппен шашты аламын.

(Шаштараз)

1. Оқушылар интерактивті тақтаға мамандықтарды атауларын жазады.



- Ал сендер қазіргі заманға сай қай мамандықтарды таңдағыларың келеді.

2. Оқушылар өздері таңдаған мамандықтары туралы өлеңдер оқиды.

Белова Дарья:

- Мұғалім – мектеп жүрегі
Оқытқан ғалым, дананы.
Күн-түні тынбай жүреді
Ойлаумен ұрпақ, баланы.

Рогозникова Диана:

- Біз – дәрігер, дәрігер,
Сырқатты емдеп, жазамыз.
Науқас келсе, әбігер
Боламыз да қаламыз.

Серкештаева Сабина:

- Біз – заңгерміз, заңгерміз,
Әділдікті қолдаймыз.
Халықпенен біргеміз,
Адам құқын қорғаймыз.

Цайгер Евгений:

- Мен – етікшімін, қысы, жазы адамдар аяқ киімсіз жүре алмайды. Келіндер, кімнің етігін жөндейін?

Скобелева Юлия:

- Асханада аспазшы,
Ас беруге қолбасшы.
Тұрмайды ол бос қарап,
Біріншіге – тұшпара,
Екіншіге – котлет,
Келесіге – піскен ет.

Пашаев Соин:

- Мен баскетболшы баламын,
Жақсы ойнай аламын.
Жарыстарға қатысып,
Бірінші орын аламын.

Төреғалиев Диас:

- Мезгіл – сағат таңғы алты,
Таң келеді арайлап.
«Сөйлеп тұрған Ақтөбе!»
Құлақ салды бар аймақ.

Төлегенова Мәдина, Сағынғалиева Зарина (ән орындайды)

Оқушылар өз ата-аналарынан мамандықтары туралы сұхбат алып келген (бейнетаспада 2 оқушы ата-анасымен түсірген сұхбатын көрсетеді).

Сұрақтары:

- Әке немесе ана, сіздің мамандығыңыз қандай?
- Мамандығыңыз өзіңізге ұнай ма?
- Арманыңыз орындалды деп айта аласыз ба?
- Бақытты болу үшін адам не істеу керек?
- Қазір қандай мамандықтар керек?

III. Негізгі бөлім:

- Міне, балалар, біз әр түрлі мамандықтар туралы әңгімелестік, олардың міндеттерімен таныстық, ал сендердің оқушы ретінде ең басты міндеттерің қандай?

- Оқу, білім алу, әдепті болу, ата-ананы тыңдау ...
- Өте жақсы, олай болса, біз қазір тапсырмаларды орындау арқылы сендердің білім алу атты міндеттеріңізді атқарайық.

I тапсырма – тақтада берілген мәтінді қазақ тіліне ауызша аудару.

- Санжар, кем ты хочешь стать?
- Я хочу стать металлургом.
- Почему ты хочешь выбрать эту профессию?
- Дело в том, что мой отец – металлург. Когда я учился в 4-ом классе, я в первый раз пошел с ним на завод. Я хорошо помню этот день. Отец показал мне завод. Рассказал как обрабатывают металл, познакомил меня со своими товарищами. Потом я много раз приходил на завод. После школы я хочу стать инженером – металлургом.

II тапсырма.

Мәтін аудармасынан 6 зат есімді тауып, септігін анықта.

Мамандық сөзіне фонетикалық талдау жаса.

III тапсырма. Интерактивті тақтада мамандық иелерінің міндеті жазылған сөйлемдерге тиісті суретті қою.

IV тапсырма. Берілген сөздерге септік жалғауларын жалғау.

V тапсырма. Мақалдардан септік жалғауы жалғанған сөздерді теріп жазу.

VI. Блиц-тест сұрақтарына жауап беру.

1. Фонетика нені зерттейді?

а) дыбыстарды; ә) сөздерді; б) сөз тіркестерді.

2. Тұйық буынды сөзді көрсет.

а) ас, ыс; ә) жер, жаға; б) аға, бала.

3. Барыс септігінде тұрған сөздерді көрсет.

а) алманың, баланы; ә) қаламмен, қолды;

б) адамға, көлікке.

4. Синонимдік қатарды көрсет.

а) ақ, қара; ә) әдемі, көркем; б) үлкен, бай.

5. Толқыннан толқын туады,

Толқынды толқын қуады.

Асты сызылған сөздер қай септікте тұр?

- а) Шығыс, барыс;
- ә) Атау, табыс;
- б) Шығыс, табыс.

6. Дұрыс құрылған сөйлемді көрсет.

- а) Дәрігерлер метрода жұмыс істейді.
- ә) Полиция қызметкерлері өз жұмысын белсенді атқарады.

б) Сатушы мектепте сабақ береді.

7. Үндестік заңына бағынбайтын септікті көрсет.

- а) атау септік;
- ә) ілік септік;
- б) көмектес септік.

8. Бітеу буынды сөзді көрсет.

- а) аға, қала;
- ә) бұлт, белбеу;
- б) бұғы, аспан.

9. Мамандықты ата.

- а) ұшақ; ә) оқушы;
- б) мұнайшы.

10. Мақалды аяқта.

Еңбек мұратқа жеткізер,

Жалқаулық абыройды ...

- а) өткізер; ә) жеткізер; б) кеткізер.

IV. Қорытындылау.

- Міне, біздер мамандық тақырыбы бойынша көптеген жұмыс жүргіздік. Сонымен, балалар, сендер қандай мамандықты ұнатасыңдар? Кім болғыларың келеді?

V. Бағалау.

VI. Үйге тапсырма: «Кім болғым келеді?» тақырыбына эссе жазып келу.

Жанар ЖИЕНБАЕВА,
Өскемен қаласындағы
«Н.К.Крупская атындағы
жалпы білім беретін
орталау мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ОЙ ӨРІСІН КЕҢЕЙТЕТІН ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫҚТАРЫ

(6-сынып)

Сабактың мақсаты: білімділік – «Қорықтар» тақырыбы бойынша алған білімдерін қорыту; дамытушылық – оқушылардың тіл байлығын, ой-өрісін дамыту; тәрбиелік – оқушыларды қоршаған ортаны, табиғаттағы тіршілік иелерін қорғауға тәрбиелеу.

Әдісі: топтық жұмыс, сұхбат, монолог. **Пәнаралық байланыс:** жаратылыстану, география. **Көрнекілігі:** Қазақстанның қорықтары мен ұлттық саябақтары, кеспе қағаздар, бейнетаспа.

Сабактың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

а) Сәлемдесу.

- Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, оқушылар!

- Бүгінгі біздің сабағымыз ойын-сайыс түрінде өтеді. Екі

топқа бөлініп отыра қалыңдар, балалар.

Бірінші тур – Таныстыру. Топтың аты, эмблемасы.

Екінші тур – Бәйге.

Ойынның мақсаты: Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Ойынның шарты: Берілген сұрақтарға дұрыс, тез жауап беру керек. Дұрыс жауапқа қызыл акция беріледі. Бір-екі қате болса – көк акция, 3-4 қате жіберген жауапқа сары акция беріледі. Сабактың соңында қай топ көп қызыл акция жинайды, сол жеңімпаз атанады.

1-топ:

- Біз Қазақстанның қай бөлігінде тұрамыз? (ШҚО)
- Шығыс Қазақстан облысының бас қаласы қандай? (Өскемен)
- Шығыс Қазақстан облысының үлкен қаласы қай қала? (Семей)
- Семейде қандай өзен бар? (Ертіс)

2-топ:

- Қандай таулар жақын орналасқан? (Тарбағатай, Алтай)
- Бұл жерде қандай аң, құстар мекендейді? (аю, қасқыр, түлкі, т.б)
- Қазақстанда неше қорық бар? (9)
- Шығыс Қазақстан облысында қорық бар ма? (Марқакөл, Қатон-Қарағай ұлттық саябағы)

Екі топ өз жауаптарын бағалайды.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: -Балалар, біз туған жерімізді қалай атаймыз, білесіңдер ме? Бұл сұрақтың жауабын біз Ө.Тұрманжановтың өлеңін тыңдағаннан кейін білеміз.

Туған өлкем

Көгінде күн нұрын төккен,
Жерінде гүл жұпар сепкен.
Неткен сұлу, неткен көркем
Осы менің туған өлкем!

Алтын дәнді даласы бар,
Ақ күмістей қаласы бар.
Неткен сұлу, неткен көркем
Осы менің туған өлкем!

- Біз туған жерімізді туған өлкем, Отан, елім дейміз.
Ендеше, туған өлкеміз, Отанымыз, еліміз, жеріміз туралы
қандай мақал-мәтел білетінімізді анықтайық.

Үшінші тур – Көкпар.

Ойынның мақсаты: Оқушылардың халық ауыз
әдебиетінен алған білімдерін байқау.

Ойынның шарты: Сендердің алдарында конверт
жатыр. Бөлек сөздерден туған жер туралы мақал-мәтел
құрастырыңдар.

1-топ:

Жері байдың – елі бай.

Сулы жер – нулы жер,
Бұлақты жер – тұрақты жер.

Көлдің көркі – құрақ,
Таудың көркі – бұлақ.

Егін ексең – тыңға ек,
Одан өнер өнім көп.

2-топ:

Сулы жер құрақсыз болмас,
Таулы жер бұлақсыз болмас.

Отанды сүю отбасынан басталады.

Ел-елдің бәрі – жақсы,
Өз елің бәрінен – жақсы.

Туған жердің қадірін
Шетте жүрсең білерсің.

Екі топ бір-бірінің жауаптарын бағалайды.

Төртінші тур – Жорға. Ойынның мақсаты: Оқушылардың картамен жұмыс жасау қабілеттерін байқау.

Ойынның шарты: Қазақстан картасындағы қорықтарды тез тауып, белгілеу.

- Бәрекелді, картамен жақсы жұмыс істей алады екенсіңдер. Ендеше, осы қорықтар бойынша «Сиқырлы сәукеле» ойынын өткізейік.

Ойынның мақсаты: Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Ойынның шарты: Сиқырлы сәукеледегі сұрақтарға дұрыс жауап беру.

- Марқакөл қорығы қай жылы құрылды? (1976 жылы 4 тамызда).

- Алматы қорығы қай жылы салынды? (1931 жылы).

- Қорғалжын қорығы қай жылы салынды? (1959 жылы).

- Алматы қорығында қандай өсімдіктер қорғауға алынған? (сексеуіл, жусан, сораң).

- Қорғалжын қорығында қандай құстар қорғауға алынған? (шағала, қоқиқаз, аққу, үйрек, қаз, дуадақ).

- Марқакөл қорығында қандай балықтар қорғауға алынған (ленок, хариуз).

- Қорықтар не үшін керек? (андарды, құстарды қорғау, көбейту үшін керек).

- Марқакөл қорығында қанша құстардың түрі кездеседі? (250-ден астам).

- Барсакелмес қорығы қай жылы ашылған? (1939 жылы).

- **Қызыл кітап дегеніміз не? Оның мақсаты қандай?** (Саны сиреп, құрып бара жатқан аң, құстарды, өсімдіктерді қамқорлыққа алып, арнайы кітапқа тіркеу)

- Екі топ өз жауаптарын бағалайды. Қай топ белсене қатысып, жақсы жауап бергенін анықтау.

Бейнетаспа.

- Балалар, сендердің назарларыңа бейнефильм ұсынылып отыр. Осы бейнетаспаны мұқият қарап, көргендеріңді әңгімелеп беруге тырысыңдар.

- Бейнетаспадан не көрдіндер?

- Қандай аңдарды?

- Қандай құстарды?

- Қандай балықтарды?

- Сендердің ойларыңша бұл қай қорық, қай жерде орналасқан?

Көрініс.

Екі бала орманға серуендеп келеді. Орманның ішінде от жағып тамақ пісіреді. Демалып, серуендеп болғаннан кейін, отты дұрыстап сөндірмей кетеді. Орман өртене бастайды. Аңдар, құстар қашып құтылады.

Айналанды қоршаған

Табиғатты сүйе біл.

Қауіп-қатер төнсе оған,

Қамқор болып күйе біл.

Түкірінбе көзіңе

Түскен жерге, бауырым.

Ақылшы бол өзіңе,

Іспен өрле, тәуірі.

Қорытынды. Қоршаған ортаны қорғау – қазіргі кездегі өткір мәселелердің бірі. Ол – еліміздің болашағы, халықтың байлығы.

Табиғатты қорғау – еліміздің әрбір азаматының негізгі міндеттерінің бірі. Біздің барлық өміріміз табиғатпен тікелей байланысты.

Ендеше, мен біздің бүгінгі сабағымызды мына қанатты сөздермен аяқтағым келіп тұр:

Адамның табиғатсыз күні жоқ,

Оны айтуға табиғаттың тілі жоқ.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТ ҰСТАСЫ – ЕЛІМНІҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларға Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев туралы жан-жақты түсінік қалыптастыру, Елбасының қоғамға және мемлекетке сіңірген еңбегімен таныстыру, білімдерін толықтыру; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіру, сабақ мазмұнын дамыта отырып, тарихи оқиғаларды, фактілерді салыстырып, талдауға үйрету, білім алуға құштарлығын арттыру. Оқушылардың зерттеушілік және шығармашылық қабілетін дамыту; **тәрбиелік** – туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру.

- а) Ұлттық тәрбие беру;
- ә) Саяси тәрбие беру;
- б) Патриотизмге тәрбиелеу.

Түрі: конференция сабақ. **Әдісі:** дөңгелек үстел түрінде. Ауызша баяндау, сұрақ-жауап әдісі, топпен жұмыс, диаграммалармен, кестелермен, тірек-сызбалармен жұмыс, топтастыру стратегиясы. **Көрнекіліктері:** интербелсенді тақта, Елбасының портреті, карта, тірек-сызба, кесте. **Пәнаралық байланыс:** жалпы тарих, қазақ әдебиеті, география, адам және қоғам.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу, конференцияға дайындықтарын тексеру.

II. Сабаққа қызығушылығын оятатын сұрақтар беру:

1. Қазақстан қай құрлықта орналасқан?

2. Қазақстан жер көлемі жағынан әлемде нешінші орын алады?

3. Орта ғасырда Қазақ хандығының астанасы қай қала болған?

4. Қазақтар қай тілдес халық?

5. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев қай жерде туған?

6. Қазақстанның мемлекеттік тілі?

7. Қазақстанда неше облыс бар?

8. Ұлттық валюта қай жылы енгізілді?

9. Н.Ә.Назарбаев қай жылы дүниеге келді?

10. Астана қаласы қай жылы Қазақстанның астанасы болды?

11. Қазақ елімен көршілес елдерді ата?

III. Конференция сабақ өткізу.

1. Ойшақыру стратегиясы:

Мұғалім: - Қазақстан Республикасының алғашқы және қазіргі президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – тек қана біздің елдің ғана емес, әлем таныған саяси тұлға. Елбасының саясаты арқасында қазіргі кезде елімізде тыныштық пен татулық орнап отыр. Бүгінгі конференциямызда Елбасы туралы жан-жақты танысатын боламыз.

2. Ой қозғау стратегиясы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өмірі мен қызметі, саясаттағы, экономикадағы, мәдениеттегі атқарған істерін талдау үшін конференцияға қатысушыларға сөз береміз.

Болатова Алтынай Қазақстан Республикасының

Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өмірі мен балалық шағы туралы айтып өтті.

- Мемлекетіміздің басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1940 жылы Жетісу жерінде, яғни, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Шамалған ауылында туған. Елбасының атасы Назарбай өз аймағында билік жүргізген, қолында мөрі болған, ел басқарған адам екен. Шамалған, Қаскелең, Үшқоңыр жайлауы деген жерлерді қоныс қылып мекендеген. Назарбай елді отырықшылыққа икемдеп, жерге тұрақтандыруға көп көңіл аударған адам екен.

Елбасының әкесі Әбіш Назарбай ақсақалдың кенжесі болған. Назарбайұлы Әбіш – қазақ халқының атақты батыры Қарасайдың жетінші ұрпағы. Болашақ мемлекет басшысының атын Нұрсұлтан деп әжесі Тәтібала қасиетті Құраннан алып қойыпты. Қасиетті Құран Кәрімде «нұр» деген сөз Құдайдың 99 атының бірі екен, ал «сұлтан» дегеніміз – Шығыстың ел басқарған адамдары. Орта мектеп бітіргеннен кейін 1958 жылы Теміртау қаласындағы Қарағанды металлургия комбинатында жұмыс істеді.

Мажкенов Райымбек Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өмірі мен қызметі туралы айтып өтті.

- Қарағанды политехникалық институтын бітіргеннен кейін 1970 жылы Теміртау қаласының партия комитетінде басшылық қызмет атқарды. Теміртау қаласындағы металлургия комбинатында қарапайым жұмыскер болып, одан кейін Қарағанды облысының комсомол және партия салаларының басшылығында жұмыс атқарған кезде болашақ Елбасы әрқашан да адал, қажырлы, еңбекқұмар, жан-жақты білімді азамат болған. Өндірісті, экономикалық және әлеуметтік проблемаларды жетік білуі, халықпен тіл табыса алуы, өз көзқарасын қорғай білуі Н.Ә.Назарбаевтың қызметінің өсуін тездетті.

Н.Ә.Назарбаев 1979 жылы Қазақстан Компартиясының хатшысы, ал 1984 жылдан еліміздің Министрлер Кеңесінің төрағасы болды. Қазақстан Республикасының үкіметін басқарған кезде көптеген өнеркәсіп орындарының іске қосылуын және ауылды дамыту үшін көптеген іс-шаралар жүргізді. 1989 жылы Қазақстан Компартиясының Бірінші хатшылығына сайланды. 1990 жылы Қазақ КСР-інің Президенті болып сайланды. Сол кезеңде елімізде өте қиын жағдай қалыптаса бастады. Қазақ елі бағынып тұрған КСРО мемлекеті құлдырап, күйрей бастады. 1991 жылы 1 желтоқсанда Н.Ә.Назарбаев бүкіл халықтық дауыс беруі нәтижесінде Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды. Еліміздің өтпелі де ауыр кезеңінде Елбасы көптеген әлеуметтік, экономикалық және саяси реформалар жүргізіп, қоғамымызды тығырықтан алып шыға білді. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері мемлекет басшысы тынымсыз еңбек етіп, қаншама жұмыс істеді. Тұтас мемлекетті қалыптастырды, басқару жүйесін реттеді, шекарамызды нығайтты, халықтың жағдайын түзеді.

1997 жыл «Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасын қабылдап, қоғам мен мемлекеттің ұзақ жылдық дамуын айқындап берді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 1999 жылы және 2005 жылғы Президент сайлауына түсіп, көп дауыспен жеңіске жетіп отырды. Халқымыз Елбасын айырықша жақсы көріп, құрмет тұтады.

Слайд көрсету.

1940 жыл.	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев дүниеге келді.
1958 ж.	Н.Ә.Назарбаев орта мектепті бітіріп, Теміртау қаласындағы Қарағанды металлургия комбинатына жұмысқа тұрды.
1958 ж.	Украинаның Днепродзержинск қаласындағы техникалық училищеге оқуға түсті.

1962-1965 ж.ж.	Қарағанды политехникалық институтында оқыды.
1971-1984 ж.ж.	Қарағанды облысында партия және комсомол ұйымдарының хатшысы болып істеді.
1984-1989 ж.ж. 1989-1990 ж.ж.	Н.Ә.Назарбаев Қазақ КСР үкіметінің төрағасы болды. Қазақстан Коммунистік партиясының Бірінші хатшысы болды.
1990 ж.	Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің сайлауымен Н.Ә.Назарбаев Қазақ КСР Президенті болды.
1991 ж.	Бүкілхалықтық сайлау нәтижесінде Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының Президенті болды.
1997 ж.	Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан -2030» стратегиялық бағдарламасын қабылдады.
1999 ж.	Бүкілхалықтық сайлау нәтижесінде Н.Ә.Назарбаев тағы да мемлекет басшылығына сайланды.
2005 ж.	Бүкілхалықтық сайлау нәтижесінде Елбасына халық тағы сенім көрсетіп, Н.Ә.Назарбаев Президент болып сайланды.

Есекеев Сұлтан Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың еліміздің экономикалық жағдайын жақсарту жағынан сіңірген еңбегі жөнінде айтып өтті.

- Мемлекетіміздің соңғы жылдардағы экономикасының шапшаң дамуына Елбасының сіңірген еңбегі айырықша зор. Себебі өткен ғасырдың 90-жылдары Кеңес Одағы құлап, еліміз орасан зор экономикалық қиындыққа ұшыраған кезде мемлекет басшысы ештеңеден қорықпай, тәуекелге бел байлап, экономикалық реформалар жүргізе білді. Қазақстан сол кездері КСРО-ның қол астындағы шикізат беруші, артта қалған ел болатын. Барлығы мемлекет қолында болған әміршіл – әкімшіл жүйеге сүйенген жабық қоғам болды.

Елбасының тікелей ықпалымен әміршіл-әкімшілдік экономикадан нарықтық экономикаға, жабық елден ашық қоғам құруға кірісті. 1995 жылдың қаңтарынан қарашасына дейін тікелей Президенттің қатысуымен 147

нарықтық заңдар шығарылды. Сол заңдардың арқасында ел экономикасы жекешелендірілді, елге шетел инвестициясы кеңінен тартылды. Өтпелі 90-жылдары төмендегідей заңдар қабылданды: «Жекешелендіру туралы», «Салық кодексі», «Орташа кәсіпорындар», «Жер туралы», «Шетел инвестициясы туралы», «Меншік туралы», т.б. экономикалық және әлеуметтік заңдар қабылданды. Елбасы Қазақстанның экономикасымен бірге халықтың әлеуметтік жағдайына да көп көңіл бөліп отырды. Зейнетақы, жалақы және жәрдемақы уақытында беріліп отырды және жылдан жылға өсуде. Қазақ елінің экономикасы мен әлеуметтік жағдайы «Қазақстан – 2030» бағдарламасында кең орын алған. Президентіміз өз бағдарламасында экономикаға үшінші басымдық беріп отырып, экономиканы дамытуға және реттеп отыруға мемлекеттің белсенді рөл атқаруын қолдай отырып, мемлекет органдарының ел экономикасына жөнсіз араласқанын қолдамайтынын атап көрсетті. «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасында нарықтық экономиканы тұрақтандырып дамыта беру, кәсіпкерлерге несие беру, теңгені тұрақты ұстап тұру, озық технологияны тарту, инфляциямен күрес, шетел инвестициясын тарту мәселелері жан-жақты атап көрсетілді. Президентіміздің экономикалық және әлеуметтік реформаларының нәтижесінде қазіргі кезде Қазақстан Республикасы жақсы дамыған нарықтық экономикасы бай елге айналып келеді. Өте қуатты кәсіпкерлер мен фермерлер табы қалыптасты. Шетелден елімізге әлемге танымал корпорациялар мен фирмалар келіп жұмыс істеуде. Қазақстан кәсіпкерлері де басқа елдерге инвестиция салып, жұмыс істеуде.

Соңғы жылдары әлемді экономикалық дағдарыс жайлады. Бірақ та Қазақстан Үкіметі дағдарыстың алдын алу үшін Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен тынымсыз жұмыс жүргізді. Осының арқасында ел экономикасына

әлемдік дағдарыс онша қауіп төндірмей отыр.

Самаров Ерқанат Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың сыртқы және ішкі саясатта атқарған еңбегіне шолу жасады.

- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев – сыртқы және ішкі саясатта данышпан алғыр саясатшы ретінде әлемге кеңінен танымал адам. Президентіміздің жүргізіп отырған сарабдал саясатының арқасында еліміз тыныш жағдайда өмір сүріп жатыр. Ұлттық қауіпсіздік, ішкі және сыртқы саяси тұрақтылық мемлекетіміздің және Елбасының ең басты саясаты болып отыр. «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасында мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев ұлттық қауіпсіздік мәселесіне бірінші басымдық беріп отыр. Себебі адамзат баласында мемлекет алға басу үшін ең бірінші соғыс болмау керек, елде тыныштық болуы шарт. Елде тыныштық болу үшін Нұрсұлтан Әбішұлы сыртқы және ішкі саясатты өте дұрыс жүргізіп отыр.

Қазақстан сыртқы саясатта барлық елдермен тату-тәтті саясат жүргізіп келеді. Қазақстан тәуелсіздікті бейбіт жолмен алғаннан кейін әлем елдерімен көпвекторлы саясат ұстанды. 1993 жылы Қазақстан елі Лиссабон хаттамасына қол қойып, ядролық қарудан бас тартып, әлемге үлгі көрсетті. Барлық әлем елдерін Президентіміз өзара достық қарым-қатынас жасауға, бейбітшілік саясат жүргізуге шақыруда. Қазақстан сыртқы саясатта бірнеше елдермен көпвекторлы татулық саясат ұстанып отыр.

Бұл елдер:

1. Ресей бастаған ТМД елдері.
2. Түркия, Иран, Араб елдері.
3. АҚШ, Еуропадағы Батыс елдері.
4. Қытай, Жапония, Корея бастаған Шығыс Азия елдері.

Мемлекет басшысы ішкі саясатқа да көп көңіл бөлуде. Қазақстан көп диаспоралы мемлекет болғандықтан Елбасы ұлттар арасындағы татулықты қолдап отыр. Қазақстандағы барлық ұлттар Ата Заңымыз бойынша тең құқықты, өз тілдерінде сөйлеуге, өз діндерін ұстауға, өз мәдениеттерін дамытуға барлық рұқсат берілген. Елімізде Қазақстан Халқы Ассамблеясы жұмыс істеуде, көптеген ұлттық- мәдени орталықтар еркін іс атқарады. Қазақстан мемлекетінің негізін құраушы халық ретінде қазақ халқының тілі, діні, мәдениетінің дамуына Елбасы зор көңіл бөлуде. Н.Ә.Назарбаев тікелей ықпалымен отаршылдық саясаттың кесірінен жойылып кете жаздаған қазақ тіліне мемлекеттік тіл статусы беріліп, көптеген қазақ мектептері ашылды. Қазақ тілі қоғамы жұмыс істеп, басқа ұлттың өкілдері қазақ тілін үйренуде. Мемлекет басшысы дінаралық татулықты да барынша қолдауда. Елімізде мешіттер, шіркеулер ашылып, жұмыс істеуде. Қазақ халқы мұсылман дінін ұстанғандықтан ислам дінінің қазақ елінде жан-жақты дамуына, халқымыздың имандылыққа беттеуіне көп көңіл бөлінуде. Елбасы мемлекетімізді және қоғамымызды біртіндеп демократияландырып келе жатыр.

Слайд. Елбасының сыртқы және ішкі саясаты:

Ішкі саясат	Сыртқы саясат
<ol style="list-style-type: none"> 1. Ішкі саяси тұрақтылықты сақтау. 2. Ұлттар арасындағы келісім. 3. Мәдениетті, тілді өркендету. 4. Дінаралық келісімді орнату. 5. Қоғамды демократияландыру. 6. Нарықтық экономиканы одан әрі дамыту. 7. Басқару аппаратын жетілдіру. 8. Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту. 9. Білім, денсаулық, экологияны жақсарту. 10. Құқықты және зайырлы мемлекет орнықтыру. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Бейбіт қатар өмір сүру. 2. Көпвекторлы саясат. 3. Шетел капиталын тарту. 4. Ядролық қарудан бас тарту. 5. Көрші елдермен достық қатынас. 6. Гуманитарлық байланыс. 7. Түркі тілдес елдермен мәдени және саяси байланысты күшейту. 8. ТМД елдерімен кедендік және әскери одақ құру. 9. Әлемдік ұйымдарға мүше болу.

Серікханова Айжан еліміздің мәдениетінің өркендеуіне қосқан үлесін айтты.

- Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ елі мәдениет саласында үлкен өзгерістерді басынан кешті. Халқымыз өз тілін, дінін, төл мәдениетін дамытуға кірісті. Мәдени мұраларымыз, салт-дәстүріміз қайта зерделеніп, тарихи тұлғаларымыз халқымен қайта қауышты. Еліміздің ғалымдары қазақ елінің өткенін зерттеп, көптеген ақтаңдақтарды ашты. Елбасының тікелей қолдауымен көптеген тарихи даталармен қатар, ұлы тарихи тұлғалардың мерейтойлары аталып өтілді. Қаныш Сәтбаевтың, Жамбыл Жабаевтың, Абайдың, Алаш оқығандарының, қазақ батырларының, т.б. тойлары аталып өтілді, олардың рухани мұралары зерделенді. Қазақ хандығының Орта ғасырдағы астанасы болған қасиетті Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойы мерекеленіп, осы мерейтойда «Қазақстан мен түркі әлемінің рухани тарихындағы Түркістан және Қожа Ахмет Иассауи» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды. Тәуелсіздік нәтижесінде тарихи атаулар қайтарылды, көптеген қала атаулары, көше аттары қазақыланды. Елбасының қолдауымен Тәуелсіздік монументі және Астанада Кенесары, Абылай хан, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Алматыда Жамбыл Жабаевтың, т.б. тарихи тұлғалардың ескерткіштері ашылды.

2003-2005 ж.ж. Қазақ-американ кинематографистері «Көшпенділер» кинофильмін түсірді. Бұл кино қазақ мәдениетінде үлкен орын алды. «Көшпенділер» фильмін түсіруге тікелей Елбасының өзі қатысып отырды. Бұл кино Абылай хан бабамызға арналған еді.

Елбасымыз мәдениет, әдебиет қайраткерлерімен жиі кездесіп, олармен пікірлесіп отырады. Халқымыздың қаламгерлері марқұм Ақселеу Сейдімбек, Төлен Әбдіков, Әзілхан Нұршайықов, т.б. әдебиет қайраткерлерімен

Елбасы шығармашылық байланыста қатынасып отырды. Жаңа заманға қадам басқан сайын қоғамымызда білім мен ғылым саласы да өзгерістерге ұшырауда. Елбасының тапсырмасымен жаңадан ғылым және білім туралы заңдар қабылданды. Білім саласы жаңа заманға бейімделіп, үлкен өзгерістерге ұшырауда.

Астанадағы тамаша мәдени ескерткіштер – Ақорда, Бәйтерек, Конгресс-холл, т.б. еліміздің мақтанышына айналды. Мәдени ғимараттарды көруге Астанамызға мыңдаған адамдар жан-жақтан ағылып келіп жатады. Қазақстанның елордасы – Астананы салу Президенттің тікелей еңбегі деп білеміз. Соңғы жылдары «Мәдени мұра» бағдарламасы қабылданып, осының арқасында қаншама тарихи-мәдени байлығымызды зерделеп жинап алдық.

Тірек-сызба:

Қазақстандағы Тәуелсіздік алғаннан кейінгі мәдениет саласындағы өзгерістер

Қазақ халқының тарихи тұлғаларының қайта оралуы. Ұлттың дамуы.	Отаршылдық атаулардан арылу. Жер аттарының қазақшалануы.	Ұлттық мәдениеттің жан-жақты дамуы. Дін мен тілдің өркендеуі.
--	--	---

Иренғайыпова Шахризада Ұлы адамдардың Н.Ә.Назарбаев туралы айтқан пікірлеріне шолу жасады.

Онда: **Фахд Бен Әбдул Әзіз ӘЛ-САУД, Сауд Арабиясының королі:** - Ұлы мәртебелі Президент Нұрсұлтан Назарбаев, Сізге Алланың мейірімі мен шапағаты жаусын! Мен жаратқан иемнен Сізді және Астанада өтіп жатқан әлемдік және дәстүрлі-ұлттық дін өкілдерінің құрылтайына қатысушыларды тек ырыс-берекемен табыстарға кенелтуін тілеймін. Сіз таңдап алған сұхбат тәсілі әр түрлі мәдениет, дін және қоғам басшыларының өзара түсінісуіне, осы арқылы әлемдік деңгейде сыйластық әріптестікке бастайтындығына сенімдімін (2003 ж.).

В.Путин. Ресей Федерациясының президенті: – Еуразия экономикалық Одағын құру туралы Н.Ә.Назарбаевтың идеясы – өте тамаша идея. Қажетті құжаттарға қол қойылғаннан кейін алғашқы қадамдарын тәй-тәй басатын бұл одақтың болашағы жарқын. Мұндай қадам мемлекеттердің өзара түсіністікте жемісті дамуына болатындығын көрсететін әлемдік деңгейдегі үлгі болмақ» (2000 жыл.).

Ким Дэ ЧЖУН, Корея Республикасының бұрынғы президенті: – Нұрсұлтан Назарбаев жүргізіп жатқан демократиялық, саяси және экономикалық жаңғырулардың жемісті екендігін әлемдік қауымдастықтың оларды жоғары бағалауынан аңғаруға болады.

Қазақстан Н.Назарбаевтың басшылығымен жан-жақты даму үстінде (2002 жыл.).

Константинос СТЕФАНОПУЛОС, Грекия президенті: – Қазақстан Республикасында болған сәттерден, президент Нұрсұлтан Назарбаевтың қайраткерлігінен алған әсерлерім өте тамаша» (2002 жыл.).

Шыңғыс Айтматов, қырғыз жазушысы: – Өзім әрдайым қолдап келе жатқан, қолдай беретін Назарбаев идеясы – басты жол, болашаққа адастырмай апаратын жол. Біздің барлық халықтарымыз бен елдеріміз өзара тығыз қарым-қатынаста дамуына толық мүмкіндік бар екен. Оның негізі – Назарбаев айтып жүрген мемлекетаралық бірігуге, одаққа бастайтын еуразияшылық идеясы.

IV. Бекіту сұрақтары:

1. Қазақстан қай жылы тәуелсіздік алды?
2. Н.Ә.Назарбаев қай жылы, қай жерде дүниеге келді?
3. 1991 жылы 1 желтоқсанда не болды?
4. Елбасы жас кезінде қай жерде жұмыс істеді?
5. Елбасы қандай адам?

V. Сабақты қорытындылау. Оқушыларды бағалау, конференция жұмысын қорытындылау.

ОЙЛАТАТЫН ДА, СӨЙЛЕТЕТІН ДЕ – ЕТІС ТҮРЛЕРІ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: етіс түрлері туралы алған білімдерін тексеру. Тапсырмалар беру арқылы оқушылардың білімін саралау. Ауызша және жазбаша тілдік қорын дамыту, ойлау, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру, оқушыларды ізденіске, өз ойларын айта білуге үйрету. Бірлесіп жұмыс істей отырып, оқушылардың ой-өрісін, ойлау қабілетін дамыту, сабаққа деген ынтасын арттыру. Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, «әдептілік» туралы түсініктерін кеңейту. Әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Адамгершілікке, кішіпейілділікке, жаман әдеттерден аулақ болуға баулу.

Әдістері: талдау, жинақтау, жаттығу. Сұрақ-жауап, қайталау. **Түрі:** тренинг сабақ. **Типі:** білімді қорыту және жүйелеу. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, таратпа қағаздар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

2-тапсырма. Сөйлемдегі көп нүктенің орнына етіс жұрнақтарын қойып жазу.

- Балалар, «Әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергені» дегендей, қане, бәріміз бір-бірімізге иіліп амандасайық.

Жақсы оқып сабақты

Әдеп сақтау – сәніміз.

Сәлем бердік сіздерге

Басты иіп бәріміз.

- Бүгін біз әдептілік, адамгершілік туралы әңгімелесеміз.

Ойтолғау (психологиялық дайындық):

• Әдептілік деген не? Оны қалай түсінесіңдер?

• Әдепті бала қандай деп ойлайсыңдар? Әдепті бала

болғың келе ме?

• Әдепсіз дегенді қалай түсінесіңдер? Әдепсіз бала

қандай болады?

• Әдептілікті біз қайдан үйренеміз?

Адам баласының бойында жақсы да, жаман да қасиеттер болады екен. Бізге ақылдылықты, адалдықты, қарапайымдылықты, кішіпейілділікті, инабаттылықты үлкендер үйретеді. Ол – біздің ата-анамыз. Адам болатын бала – барлық жақсы қасиеттерді үйреніп, жаман мінез-әдеттерден, ұнамсыз қылықтардан аулақ болуға тырысуы керек.

«Не істеуге болмайды?»

Интерактивті тақтадағы сөйлемдерді жалғастырыңыздар:

- Үлкендердің алдынан..... (кесіп өтуге болмайды.)

- Кішкене баланы.....(жылатуға болмайды.)

- Құстарды(атуға болмайды.)

- Қыз баланы.....(ренжітуге болмайды.)

- Сабақтан.....(кешігуге болмайды.)

«Не істеу керек?»

- Үлкен кісіні.....(сыйлау керек.)

- Үлкеннің тілін.....(алу керек.)

- Үлкендерге.....(сәлем беру керек.)

- Кішілерге.....(қамқорлық көрсету керек.)

- Оқу құралдарын..... (күтіп ұстау керек.)

Оқулықпен жұмыс.

1-тапсырмадағы сөйлемдерді оқып, орыс тіліне аударамыз, дәптерге жазып, ондағы етіс түрлерін анықтаймыз.

Үлкен кісімен сөйлескенде қолыңды қалтаңа салып тұрма.

Есікті қатты жауып, тарсылдатып қақпа.

Біреудің дүниесіне таңдана қызығып, тесіле қарама.

Біреумен сөйлескенде бетіне қарап, қадалып тұрма.

Жоқтан өзгеге түйіле берме.

Біреудің дүниесін өз бетіңмен аударыстырып, ақтарма.

Қорытынды:

- Балалар, сендерге мынадай хаттар келген, онда түрлі жағдаяттар кездеседі, байқап көрейік біз көмектесе аламыз ба? (хаттарды оқушылар оқып, өз пікірлерін ортаға салады)

1-хат: - Құрметті достар! Менің бір досым бар. Өзі — мақтаншақ. Ойнап жүргенде үй ішін айтып, нәрселерін айтып, бөсіп мақтанады. Мен онысын ұнатпаймын. Бірақ ойынды жақсы ойнайды. Мен осы баламен дос болайын ба, айтыңдаршы?

2-хат: - Құрметті достар! Партада менімен бірге бір бала отырады. Ойнап-ойнап тапсырмасын орындамай, жазбай келеді. Мұғалім сұрағанда қысылады. Сабақты менің дәптерімнен көшіріп алады. Мен бермесем, «Сен сараңсың»-дейді. Мен не істеуім керек?

Шығармашылық жұмыс: «Әдептілік ережелері».

Әдептілік ережелері:

• Әдепті бала қашан да сәлемдеседі. Кезіккен адамдармен амандасады, көмегі және қамқорлығы үшін алғыс айтып, кетіп бара жатқанда қоштасуды ұмытпайды.

• Әрқашан сыпайы болу керек. Сыпайылық – айналаңдағы адамдарға өзінді жағымды көрсету. Байқамай біреуді ренжітіп алса, дереу кешірім сұрайды.

• Әдепті бала көлікте отырғанда үлкендерге орын береді.

Әдептілік тақырыбы бойынша ВЕНН диаграммасын жасаймыз.

Үйге тапсырма беру: 1. «Сен әдепті оқушысың ба?» тақырыбына әңгіме құрастыру. 2. Етістердің түрлерін қайталау.

Білімді бағалау: оқушылар бір-бірінің білімін бағалайды.



- Балалар, біз бүгінгі сабағымызда әдептілік, сыпайылық жайлы сөйлестік. Әдепті, сыпайы балалар айналасындағыларға жағымды, сүйкімді екенін түсіндік. Әрдайым әдепті, сыпайы болуға, кездескен адамдармен амандасуды, кешірім сұрауды, өтінемін деген жылы сөздерді үнемі айтуға үйрендік. Жақсы мен жаман әдет-қалыптарды ажыратуды, жақын адамдарға қамқорлық, оларға көмек көрсету дағдыларын үйрендік.



Ұлбосын ФАЙЗУЛЛАҚЫЗЫ,
Солтүстік Қазақстан облысының
Шал ақын ауданындағы
Афанасьев атындағы орта
мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ЖАТТЫҚТЫРУШЫСЫ – ҚАЗАҚ ОТБАСЫ

Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде отбасының бала тәрбиесіндегі атқарар рөлі зор. Отбасында баланың жауапкершілігі мен өзгелерге достық, ар-намыс сезімдерінің

оянуы – ата-ана тәрбиесінің ықпалы. Ата-ана және басқа ересектер өскелең буынға тек жеке бастарының өнегесімен, іс-әрекеттерінің үлгісімен ықпал жасайды. Ата-аналар ұнамсыз жайларға, тіпті, уақытша болса да бой алдыруына жол бермеуі тиіс. Өйткені күйкі көріністің ықпалы лезде тамыр жайып, баланың бойына мінез болып қалыптасуы ықтимал.

Сонымен қатар ата-бабамыз жан-тәнімен, қанымен қорғаған жерімізді, елімізді, Отанымызды, тілімізді сақтай отырып, өскелең ұрпақты адамгершілік қасиеттерге баулуды мақсат тұту керек.

Қазақ отбасы баланы қоғамның моральдық нормасын орындауға қатыстыру, олардың тәртіп пен мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру, Отанға, халқына, еңбек және қоғамдық іс-әрекетке жауапкершілік сезімін тәрбиелеу арқылы адамгершілікке тәрбиелей білді.

Ал, бүгінгі жас әкелердің өз жауапкершілігіне немқұрайлы қарауы алаңдаушылық туғызады.

Отбасында әке, ана, баланың өзіндік орындары бар емес пе? Әр отбасындағы әкенің рөлі ерекше болу керек. Ата-бабаларымыз ұрпағын ер-жігітке кедергі болатын жалқаулық, аңқаулық, жасқаншақтық, өтірік-өсек айту, алдап-арбау сияқты жағымсыз қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеген. Әке – отбасының асыраушысы, қамқоршысы, ақылшысы деп есептеген. Әрбір бала "менің пір тұтатын адамым – әкем" деп отырса, қандай ғанибет! Қазақта "Әке – асқар тау", "Әке – бәйтерек" деген қанатты сөздер бар. "Әке – балаға сыншы" дейді бабалар. Менің ойымша, қазақ отбасындағы әкелердің рөлі төмендеп бара жатқан сияқты.

Жас ұрпақты есті, саналы, сергек етіп тәрбиелеу – отбасымен қоғамдық тәрбие орындарының бірден-бір парызы. Егеменді еліміздің болашағы отбасында бесіктен басталып, оқу-тәрбие орындарында есті ұрпақты тәрбиелеу ісімен

шешілмек. Бүгінгі ашық сабағымыздың тақырыбы осы бағытта өрбімек.

Сабақтың тақырыбы: Ауызекі сөйлеу жаттықтырушысы – қазақ отбасы.

Сабақтың мақсаты: білімділік – қазақтың салт-дәстүрімен танысып, одан үлгі, өнеге алуға ұмтылдыру. Сөздік қорын молайту, сөйлем құруға жаттықтыру, ауызекі сөйлеуге үйрету; *тәрбиелік* – адам баласының қасиетті борыштары – ата-анаға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, мейірімділік, адамгершілік, сүйіспеншілік және отансүйгіштік қасиеттер отбасынан бастау алатынын ұғындыра отырып, рухани тәрбиелеу. Өз ұлтының дәстүрін қадірлеуге тәрбиелеу.

Түрі: жаңа білім беру сабағы. *Әдіс-тәсілдері:* сұрақ-жауап, жұптық жұмыс, топтық жұмыс, мәтінмен жұмыс. *Көрнекіліктер:* қиықшалар, қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздіктер.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу.

Өткен тақырыптарды қайталау, үй жұмысын тексеру.

Активті лексиканы тексеру. Сөздік диктант 47- беттегі 5-тапсырма бойынша.

2 оқушы тақтада жұмыс істейді. 47-беттегі 7-тапсырма. Төмендегі деректер бойынша өз өмірбаянын жазу:

а/ тегің, атың, әкеңнің аты;

ә/ туған жылың, айың, күнің;

б/ туған жерің, қалаң, ауылың;

в/ отбасың;

г / ата-анаңның аты-жөні, қызмет орны;

ғ/ мекен-жайың;

д/ үй телефоның;

ж/ қолың.

Оқушылардың презентациялары, «Отбасым – мақтанышым» слайд шоуы. Үйге алдын ала берілген

сұрақтардың үлгілері.

- Отбасыңыз қайда тұрады?

- Отбасыңызда қанша адам бар? Олар туралы айтып беріңіз.

- Отбасы мүшелерінің мінездері қандай?

- Әкеңіздің-шешеніздің жақсы жақтары қандай?

- Отбасыңыз бос уақытта немен шұғылданады?

- Отбасында халық салт-дәстүрін қалай сақтауға тырысасындар?

Тақтаға әр ұлт өкілдерінен 3 оқушыны шақырамыз.

Оқушылар 3 топқа бөлінеді. Презентацияны тыңдап, әр топ өз жұмысын атқарады.

1-топ сөйлемдегі сөздердің орын тәртібіне назар аударады.

2-топ көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғаулардың дұрыс қолдануына назар аударады.

3-топ сөйлеу мәнерімен үндестік заңының ерекшеліктеріне назар аударады.

Үш топ та талдау жасайды да, тақтадағы оқушылардың жұмыстарын тексереді.

Жаңа білімді меңгерту:

Әр халықтың отбасындағы өз салт-дәстүрлері бар екеніне көзіміз жетті. Бүгін сабақта біз қазақ отбасының рухани құндылығымен танысамыз.

Жаңа сөздермен жұмыс, 46- бет.

«Қазақ отбасы» мәтінімен жұмыс, 2-тапсырма, 46-бет.

«Анасын сүйгеннің баласын сүй», «Қыз – қонақ», «Атаңа не қылсаң, алдына сол келер» деген мақал-мәтелдерді қалай түсінесіңдер?

Жаңа материал негізінде диалог құрастыру.

Тыңдалым.

Мәтінді тыңдап, мазмұнын айтып беріңіз. Балалар аудиожазбаны тыңдайды, мүмкіндік болмаса, мәтінмен жұмыс істейді.

Отбасында ер адам - басты тұлға. Әйел – оның серігі, көмекшісі. Сондықтан да үйдегі бар істі ер адам басқарып отыруы тиіс. Әйел адамның жұмысы – бала тәрбиелеу, отбасын тамақтандыру, үйді таза ұстау. Балалар да жас кезінен отбасы жұмыстарына қатысу керек. Отбасын қаржымен қамтамасыз ету – ер адамның міндеті. Отбасының бірлігі әйелге де, ер адамға да байланысты. Балалар жас кезінен үлкендерді сыйлап, олардың айтқандарын есте сақтап, орындап отыруға тиіс.

Жаттықтыру жаттығулары.

Жұптық жұмыс.

1-тапсырма. Мәтіннің мазмұнын айтыңыздар.

Сөйлеу үлгілері: Мәтінде... туралы айтылады. Үйде ер адам ... Әйел адам ... Татулық ... байланысты дейді.

Проблемалық жағдаятты туғызу.

Топтық жұмыс.

2-тапсырма. Қазіргі заманда, ХХІ ғасырда, осындай пікірмен келісесіңдер ме?

Үйде кім қандай жұмыспен айналысуы тиіс деп ойлайсыңдар?

Сөйлеу үлгілері:

1. Бұл негізінен дұрыс, себебі...

2. Бұл дұрыс емес, себебі...

3. ... деген пікірге қосыламын, қосылмаймын, өйткені...

4. Меніңше ... деп ойлаймын.

5. Ер адам ... керек. Әйел адам ... керек.

Топтық жұмыс.

3-тапсырма. Отбасы мүшелері үйде қандай міндеттер атқаруы тиіс екені туралы басқа топтың оқушыларының пікірін сұраңыз. Олармен пікірталас ұйымдастырыңыздар.

Сөйлеу үлгілері:

- ... білейін деп едім, ...

- ... сен қалай ойлайсың?

- Пікірің дұрыс, ...
- Бұған қосылмаймын, ...
- Бұған қосыламын, ...

Жұптық жұмыс.

4-тапсырма. Отбасында ер адам қандай болуы керек?
Әйел адам туралы не айтар едіңіз? Өз ойыңызды айтыңыз.

Сөйлеу үлгілері:

- Ер адам – отбасында басты тұлға, сондықтан да
- Әйел адам ... болуы керек. Сіздікі дұрыс, себебі
- Жоқ, олай емес, ... басты міндеті

Қорытынды. Нені білдік?! Нені үйрендік?!

Оқушыларды бағалау, жұмыстарына қысқаша сараптама жасау.

Үй тапсырмасы. Досына хат жазу. Досыңызға оның отбасы және әйел қандай болуы керек деген тұрғыда кеңес беріңіз.

МАН сұрақтары бойынша тест жұмысын жүргізу.



Мәдина ЖЕҢІСҚЫЗЫ,
Павлодар облысының
Май ауданындағы
«Баскөл» орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СИНОНИМДІК ҚАТАР

(5-сынып)

Мақсаты: білімділік – оқушыларға синонимдік қатарларды пайдалану дағдысына төселдіру, теориялық

білімдерін тереңдету; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау қабілетіне әсер ету арқылы өздігінен жұмыс әрекеттерін дамыту. Тіл байлығын арттыру, сөздік қорын молайту; **тәрбиелік** – адамгершілікке тәрбиелеу.

Типі: жаңа сабақ. **Түрі:** дәстүрлі. **Әдісі:** сұрақ-жауап, пікір алмасу. **Формасы:** дара, топпен. **Сабақ мотивациясы:** қима кеспелер.

Сабақ барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй жұмысын тексеру (инабатты, ізетті, ізетшіл, ибалы, ілтипатты.)

III. Білімді жетілдіру.

Қайталау – оқу анасы,

Мақал – соның данасы.

Білімді берік игерсең,

Ешкімнің жоқ таласы.

- Қымбатты балалар! Сендер зерек, дарынды, білуге құмар, қиялы ұшқыр, ойы өткір, арманшыл ұрпақтың өкілдерісіңдер.

- Бүгінгі сабағымызда синонимдік қатарлар жайлы білімімізді толықтырамыз.

1-тапсырма: Мәтінді түсініп оқыңдар.

Мәтіндегі синоним сөздерді дәптерлеріңе көшіріп жазыңдар.

«Көпті көрген», «көңілі толған» деген тіркестердің мағынасын таратып айтыңдар.

Шыншылдық – жақсының көркі. Көпті көріп, көңілі толған, өмірді мол көрген адам мәйекке тойған, уызға жарыған жандай зерделі келеді. Ол күпілдек мақтан, даурықпа сөзді білмейді. Кенен мақтануды, өтірікті, қоспа сөзді білмейтін, адал, биік ұшатын қырандай таза адам еді. Тіпті, Кененнің тамақ жегенінің өзі қыран құстың, алысқа, биікке ұшатын мұзбалақ бүркіттің тамақтанғаны тәрізді. Ол

өте сыпайы, асты өте көп жемейді. Тандап, талғап жейді.

(С.Бакбергенов)

2-тапсырма: Ұяшықта тұрған қалташаларды алып, берілген сөздердің синонимдік қатарын толықтыр. Осы сөздерді пайдаланып сөйлем құрастыр. Синонимдік сөздікпен жұмыс.

Айғай, шаңқыл, саңқыл.

Әсем, көрікті, сұлу, нұрлы.

Берік, мықты, бекем, мызғымас, мелжемді. Қорғаныш шойын қола сондай берік, қойыпты айналдыра су жіберіп.

Үлкен, дәу, дөкей, зор, орасан, дырау, әйдік, ірі, ұлы, нән, дыр, ноян, сом, төбедей, зораң.

Кәрі, қартаң, қартамыс, егде, мосқал, кексе, жасамыс, жасамал, лақса.

Серік, серіктес, жолдас.

Көзді ашып жұмғанша, сүт пісірім уақыт – жылдам, тез.

Ағаштан түйін түйді – аса шебер, барынша өнерлі, он саусағынан өнер тамған.

Ит өлген жер – алыс, қашық.

Сергіту сәті.

Лексикалық талдау. Қарамен көрсетілген сөзге лексикалық талдау жаса.

Ұлжан бұрынғыша етті болса да, қазір кәрілікке жеңгізгендей, **жүзі** сарғылт тартқан.

3-тапсырма.

I. Жүз сөзінің атауыш мағынасы – сөздің шындық болмысқа қатыстылығынан пайда болған мағына.

II. Сөздің шығу тегіне байланысты – түпкі мағына.

а) көп мағыналы сөз: қайшының жүзі, пышақтың жүзі, адамның жүзі, жүз жылқы.

ә) Омоним – 1) жүз көрісті – сан есім. 2) суға жүзді – етістік

б) Синоним – Жүз, өң, келбет, түр, бет.

в) Антоним жоқ.

4-тапсырма. Төмендегі етістіктерді қатыстырып күз табиғатын суреттеңдер.

1. Бұлыңғырланды, сіркіреді, қалықтап түсіп жатыр.

2. Қайтады, қоштасады, қимайды, мұңданады.

Рефлексия. Не білгім келеді? Не білдім?

Үй тапсырмасы: I деңгей 83-жаттығу; II деңгей 86-жаттығу (сөздікпен жұмыс); III деңгей суреттер топтамасындағы 20-суретке қарап, әңгіме құраңдар.

Бағалау.



Өрік АСРЕПОВА,
Қарағанды облысының
Осакаров ауданындағы
Молодежный кентінің
№26 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫМЕН ТІЛ ДАМУЫ

(10-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың таным дүниесін кеңейту, лексикалық тақырыптар бойынша алған білімдерін жан-жақты жетілдіру, грамматикалық материалды бекіту, деңгейлік тапсырмаларды орындау; **дамытушылық** – оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, ой-өрісін кеңейту, логикалық

ойлау, ауызекі сөйлеуде тіл байлығын дамытып, сөздік қорын молайту; **тәрбиелік** – оқушылардың өз еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, әдептілікке, адамгершілікке, патриоттық сезімге баулу.

Типі: жаңа білімді меңгеру сабағы. **Әдістері:** ынталандыру, баяндау, мәнерлеп оқу, сұрақ-жауап, сұхбаттасу, әңгімелеу әдістері, көрнекілікпен жұмыс. **Көрнекілігі:** оқулық, диск, слайдтар, интерактивті тақта, қарындаш, бейнефильм, Қазақстан қалаларының суреттері, карта, тірек-сызбалар. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, география, қазақ әдебиеті, математика. **Жұмыс түрлері:** жеке, топтық, жұптық жұмыс.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

А) оқушылармен сәлемдесу;

Ә) кезекшімен тілдесу.

II. Үй тапсырмасын тексеру:

Айтылым:

- Қазақстан неше аймаққа бөлінеді?
- Қазақстанда неше облыс бар?
- Оңтүстік Қазақстан аймағына қандай облыстар жатады?
- Сендер Қазақстанның қай аймағында тұрасыңдар?
- Фонетика нені зерттейтін сала?
- Үндестік заңы неше түрге бөлінеді?
- Туған жер, Отан туралы мақалды жатқа кім айтады?

III. Жаңа сабақтың барысы:

Сабақтың мақсатын айту.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Құрметті оқушылар, біздің бүгінгі сабағымыз күнделікті сабақтан өзгеше болмақ, себебі біз бүгін Қазақстан қалаларына саяхат жасаймыз. Яғни, сабағымыздың тақырыбы – «Қазақстан қалаларымен тіл дамыту».

- Сабағымыздың мақсаты – Қазақстан қалаларының

көрікті жерлеріне саяхат жасай отырып, фонетиканы, үндестік заңын, екпінді қайталау.

Жаңа сөздермен жұмыс. Алдымен жаңа сөздермен танысайық:

Тілдік бірліктер:

астана – столица;

танымастай – не узнаваемый;

зимарат – здание;

болашақ – будущее;

саябақ – парк;

ұлт өкілі – представитель нации;

қонақүй – гостиница;

ежелгі аты – древнее имя;

патша үкіметі – царское правительство;

ресми құжаттар – официальные документы;

жеті шатыр – семь палат;

мәдени орталық – культурный центр;

мұз айдыны – ледяной каток;

ескерткіш – памятник.

Сынып үш топқа бөлінеді. I топ – «Алғырлар», II топ – «Жұлдыздар», III топ – «Қырандар». Осы 3 топқа жеке-жеке тапсырма беріледі. Берілген жаңа сөздердің ішіндегі асты сызылған сөздермен сөйлем құрастыру (астана, жеті шатыр, мәдени орталық).

Тыңдалым:

- Енді, балалар, Қазақстан қалаларының көрікті жерлеріне саяхат жасайық (бейнефильм).

Оқылым:

- Мәтінмен жұмыс.

- Балалар, біз мәтін арқылы Қазақстан қалаларының тарихымен жақынырақ танысайық. Ол үшін деңгейлік тапсырмаларды орындаймыз.

I деңгей.


I топ – Астана қаласы туралы мәтінді мәнерлеп оқып, аударады.

II топ – Семей қаласы туралы мәтінді мәнерлеп оқып, аударады.

III топ - Алматы қаласы туралы мәтінді мәнерлеп оқып, аударады.

II деңгей.

1. Сызбаны толықтырып, мазмұнын айтып беріңдер.



Тапсырмалармен жұмыс (интерактивті тақтада).

1-оқушы *Астанада* сөзіне фонетикалық талдау жасайды.

2-оқушы *Семейдің* сөзіне морфологиялық талдау жасайды.

3-оқушы Мәтін ішіндегі мына сөйлемге синтаксистік талдау жасайды.

1929 жылы Алматыға алғашқы пойыз келді.

Жазылым. Оқулықтағы тапсырмалармен жұмыс.

2-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырып жазыңдар. Үндестік заңына бағынатын сөздердің астын сызып, жасалу жолын анықтаңдар.

I топ – 1-сөйлем.

II топ – 2-сөйлем.

III топ – 3-сөйлем.

3-тапсырма. Берілген сөз тіркестерінен сөйлемдер құраңдар.

- Әр топқа жеке-жеке сөз тіркестері беріледі.

I топ – бойында орналасқан.

II топ – ескерткіш орнатылған.

III топ – ұлт өкілдері тұрады.

Тілдесім. Диалогпен жұмыс (слайдтар).

I топ «Астана қаласы» туралы диалог құрастырады.

II топ «Семей қаласы» туралы диалог құрастырады.

III топ «Алматы қаласы» туралы диалог құрастырады.

IV. Сабақты бекіту (тест сұрақтары):

1. Астана қаласы – қай мемлекеттің астанасы?

A) Ресей; Ә) Қырғызстан;

Б) Өзбекстан; В) Қазақстан.

2. Астана қаласының ежелгі аты:

A) Целиноград; Ә) Ақмола;

Б) Қорғалжын; В) Қосшы.

3. Қай жылы Астана қаласының тұсаукесері болды?

A) 1995; Ә) 1991;

Б) 1997; В) 1998.

4. Семей қаласының ежелгі аты:

A) Жеті шатыр; Ә) Доржынкит;

Б) Тас мешіт; В) Бұқара.

5. Алматы қаласының халқы ... миллионнан асады.

A) 2,5 миллион; Ә) 1,8 миллион;

Б) 1,5 миллион; В) 2 миллион.

6. Қай жылдан Алматы Қазақстанның астанасы

болды?

A) 1854; Ә) 1929; Б) 1935; В) 1940.

V. Сабақты қорытындылау (тірек-сызбамен жұмыс).

Нені білемін?	Нені білдім?	Нені білгім келеді?

VI. Үйге тапсырма беру: 1) сөз жаттау; 2) мәтінді мазмұндау; 3) I деңгей. «Қазақстан Республикасы» тақырыбына байланысты әңгіме жазу.

VII. Бағалау.

СӨЗ МӘДЕНИЕТІНЕ БАУЛЫҒАН «ЖЕТІ ҚАЗЫНА МЕН ЖЕТІ ЫРЫС»

Мақсаты: білімділік – жеті қазына мен жеті ырыс философиялық түсініктерімен таныстыру, отбасы мүшелерінің мінездерін сипаттайтын сөздерді меңгерту, қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің алтын қазығы – салт-дәстүрі туралы түсіндіру; **дамытушылық** – осы тақырып төңірегінде өзара пікірлесе алу дағдыларын, сөздік қорын дамыту және тереңдету, сөйлеу мәдениетін жетілдіруге ықпал ету; **тәрбиелік** – туған жеріне, халқына, Отанына, тарихына, ұлттық салт-дәстүрлеріне деген сүйіспеншілігін ояту, халықтың салт-дәстүрін сақтап, қадірлей білуге тәрбиелеу.

Түрі: практикалық сабақ. **Типі:** білімін және іс-әрекет тәсілдерін кешенді қолдану. **Әдіс-тәсілдер:** «жарыс ойыны», әңгімелеу, топпен жұмыс, жұппен жұмыс. **Көрнекілігі:** ойынның жабдықтары, тірек-сызба, түрлі суреттер. **Пәнаралық байланыс:** тарих, әдебиет, логика.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

II. Үй жұмысын тексеру.

- Сіздерге үй тапсырмасы ретінде «Қазақ отбасы» туралы диалог әзірлеп келу тапсырылған.

Екі оқушы ортаға шығып осы тақырыпта сұхбат құрады.

- Отбасы дегеніміз не?
- Отбасы дегеніміз – адам баласының алтын бесігі.
- Қазақтың отбасында әкенің орны қандай?
- Әкенің орны ерекше. Әке – отбасының тірегі.
- Ананың орны қандай?
- Ананың орны да ерекше, әке де, балалар да ананы сыйлайды.

- Қазақ отбасында үйленген ұлдарына не бөледі?
- Енші бөледі.
- Тұрмысқа шыққан қыздарына не береді?
- Жасау береді.

3. Мақалдар сайысы.

1. Әке – асқар тау,
Ана – бауырындағы бұлақ,
Бала – жағасындағы құрақ.

2. Әкеге қарап ұл өсер
Шешеге қарап қыз өсер.

3. Әке балаға сыншы.

4. Балалы үй – базар,
Баласыз үй – қу мазар.

4. Грамматикалық тақырыптарды қайталау.

Салалас құрмалас сөлемдердің түрін атаңдар.

- Ыңғайлас.

- Қарсылықты.

- Себеп-салдар.

Олардың жалғаулықтары қандай?

Ыңғайлас: да, де, та, те, және, әрі.

Қарсылықты: бірақ, дегенмен, алайда.

Себеп-салдар: сондықтан, себебі, өйткені, неге десең.

Сөйлемдер құрастыру.

(Ыңғайлас) [_____] және [_____]

Қазақ отбасында үйленген ұлдарына енші бөледі және қыздарына жасау береді.

(Қарсылықты) [_____], бірақ [_____]
Ананың орыны ерекше , бірақ әке – отбасының тірегі.
(Себеп-салдар) [_____], өйткені [_____]
Кенже бала – үйдің иесі, өйткені әке-шешесі оған қара
шаңырақты береді.

III. Жаңа сабақ.

Бүгінгі тақырыбымыз: **Сөз мәдениетіне баулыған «Жеті
қазына мен жеті ырыс».**

1. Мінезді сипаттайтын қандай сын есімдерді білесіңдер?

Қатал – строгий;

көңілді – веселый;

Еңбекқор – трудолюбивый;

ашық – открытый;

Мейірімді – добрый;

әділ – справедливый;

Төзімді – выносливый;

сабырлы – спокойный;

Шыдамды – терпеливый;

қайырымды – заботливый;

Қарапайым – скромный.

2. - Осы сөздерді пайдаланып, бірінші тапсырманы
орындаймыз.

Диалогты түсініп оқып, толықтырып сөйлесу. Жүппен
жұмыс.

- Сенің әкеңнің мінезі қандай?

-

- Анаңның мінезі қандай?

-

- Қарындасыңның мінезі туралы не айтасың?

-

- Ағаңның жақсы жақтары қандай?

-

Төмендегі ұлағатты сөздерді қандай жағдайда
пайдалануға болады?

Ата-анаңның сөзін жерге тастама,

Байып алсаң, менмендікке бастама. (М.Қашқари)

Ата-анадан өсіп ұрпақ таралған,

Жақсы, жаман болса, бала-солардан. (Ж.Баласағұни)

3. Қазақ тілінде мінезді сипаттайтын тұрақты тіркестер (фразеологизмдер) бар.

Жылқы мінезді – изменчивый;

Қой аузынан шөп алмас – скромный;

Тойған қозыдай – вежливый.

4. Осы фразеологизмдерді пайдаланып, себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемдер құрастыру. Мысалы:

Данилдың мінезі тойған қозыдай, сондықтан ол жақсы оқиды.

Влад жылқы мінезді, өйткені ол әрдайым пікірін өзгертеді.

Мария қой аузынан шөп алмас, себебі оны әжесі тәрбиеледі.

IV. Аукцион ойыны. Мұғалім әр суретке аукцион өткізеді.

1-сурет – жүйрік ат.

5-сурет – қақпан.

2-сурет – қыран бүркіт.

6-сурет – майланғыш ау.

3-сурет – құмай тазы.

7-сурет – өткір кездік.

4-сурет – мылтық.

Сөйлемді дұрыс құрастырған оқушы суретті алады.

Сөздер: қазына, қыран бүркіт, ұғым, құмай тазы, мылтық, ау, серт, ырыс, әдіс-айла, өткір кездік.

Адамның білімі – оның қазынасы.

Менің қыран бүркітім бар.

Аңға құмай тазыны алып шықты.

Атам берен мылтық сатып алды.

Атамда майланғыш ау болды.

Сертіңе берік бол.

Ырысың мол болсын.

Дұрыс әдіс-айла таптың.

Суретті «аукционда» ұтып алған оқушылар тақтаға шығады, ол жеті сурет – жеті қазына.

V. Топтық жұмыс.

Жарыс ойыны. 1-тапсырма. Тақтада кесте ілінеді. Сынып 4 адамнан топтарға бөлініп жарысады.

Топ	Мәтінді аудару - 5 ұпай.	Сұрақтар дайындау - 5 ұпай.	Диалог құру - 10 ұпай.	Мазмұнын айту - 10 ұпай.	Барлық жинаған ұпайы.
1-топ					
2-топ					
3-топ					

Жарыс ойынының шарты. Топтар өзара жарысады. Мұғалім кестедегі берілген тапсырмалар бойынша ұпай жинаған әр топтың нәтижесін бақылап тұрады. Ойын аяқталғанда жалпы ұпай санын анықтап, жеңімпаз команданы бағалайды.

7. Венн диаграмасы бойынша жеті қазына, жеті ырыстың ортақ сәйкестіктері мен айырмашылықтарын көрсету, түсіндіру.



Ортақ: Философиялық түсінік, ит ұғымы – сенімді серігі.
 Ерекшеліктері: Ер жігіттің жүйрік аты – қанаты. Қыран бүркіті – қуаты. Құмай тазысы – сенімді серігі. Мылтығы – оты. Қақпаны – серті. Ауы – әдіс-айласы. Кездігі – сұсы.

Жеті ырыс: 1 - ақыл, 2 - денсаулық, 3 - ақ жаулық, 4 - он саулық, 5 - бала, 6 - көңіл, 7 - жер. Сабақты бекіту, қорытындылау. Оқушылар білімін бағалау.

- Балалар, бүгін бәріміз де сабаққа жақсы дайындықпен келіптіз, сабаққа ынтамен қатысқан сендерге рақмет!
 Осымен сабақ аяқталды. Сау болыңдар.

КӨМЕКШІ ЕСІМДЕРДЕ – АСТАНА

Мақсаттары: білімділік – көмекші есімдер туралы білімдерін жетілдіру, оларды сөйлемдерде қолдана білу, Астана қаласы туралы айта білуге үйрету; **дамытушылық** – сөздік қорын, білімін, ой-өрісін, есте сақтау қабілетін, ауызекі сөйлеу тілін дамыту; өз елін, туған жерін құрметтеуге тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, топпен жұмыс, мәтінмен жұмыс, әңгімелеу. **Көрнекілік:** интерактивтік тақта, тірек-сызба, слайдтар.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Сәлемдесу.

2. Кезекшілер сұхбаты.

II. Сабақтың тақырыбы, мақсатын айту.

III. Үй тапсырмасын тексеру. “Қарлы кесек” ойынының тәсілін қолдана отырып, жаңа сөздердің игерілуін тексеру. Осы сөздермен сөз тіркестерін немесе сөйлем құрастыру.

IV. Жаңа сабақты түсіндіру. (Экраннан “Көмекші есімдер” тірек-сызбасы көрсетіледі). Мына сызба арқылы көмекші сөздермен танысайық:

Көмекші есімдер

(Служебные имена)

Үсті	алды
(над, верхняя часть)	(перед, передняя часть)
жаны	іші
(рядом, близко)	(в, внутри)
Асты	арты
(низ, нижняя часть, под)	(задняя часть, за)
қасы	сырты
(рядом)	(внешняя сторона, за)
Жағы, жақ	маңайы, маңы
(сторона)	(окрестность, окрест, вокруг)
жағасы	шегі
(берег)	(окраина, край)
Арасы	төңірегі
(между, промежуток)	(вокруг)
басы	бойы
(начало)	(протяжение, продолжение, вдоль)
Ортасы	түбі қарсы
(в, внутри, в центре, середина)	(дно) (напротив)

Орыс тіліне көмекші есімдер, көбінесе, предлогтар арқылы аударылады: Мысалы: Сөмкенің ішінде – в сумке, үйдің артында - за домом.

- Енді, осы көмекші есімдерді зат есіммен тіркестіріп көрейік.

ненің?

Үйдің үстінде, үйдің үстінен, үйдің үстіне.

- Көмекші есімдер негізгі есімдермен қай септік арқылы байланысып тұр? Иә, көмекші есімдер негізгі есімдермен ілік септік арқылы байланысады, яғни, негізгі есім ілік септігіндегі, көмекші есім тәуелдік жалғауында келеді. Көмекші есім тіркескен сөз ілік септігі жалғауын ашық жалғауы да мүмкін, жасырын түрде де көрінуі мүмкін.

Мысалы: үйдің іші, үй іші.

Көмекші есімдер, көбінесе, барыс, жатыс, шығыс септіктерінде жұмсалады. Осы септіктердің сұрақтары мен жалғауларын еске түсірейік.

Барыс септіктің сұрақтары: кімге? неге? қайда?; жалғаулары: -ға, -ге, -қа, -ке, -на, -не, -а, -е.

Жатыс септік: кімде? неде? қайда? -да, -де, -та, -те, -нда, -нде.

Шығыс септік: кімнен? неден? қайдан? -нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен.

Мысалы: үйдің ішіне, үйдің ішінде, үйдің ішінен.

III. Тірек-сызбаны қолдана отырып, ауызша көмекші есімдермен сөз тіркестерін құрастыру. Мысалы: үстелдің үсті, сыныптың алды, мектептің арты, қаланың сырты.

IV. Слайд №2. Мына суреттерге қарап, көмекші есімдерді қолдана отырып, сөйлемдер құрастыру.

Доп үстелдің астында жатыр. Ағаш үйлердің арасында өсіп тұр. Үйдің үстінде құстар ұшып жүр. Көше бойымен автобус келе жатыр.

V. Оқулықпен жұмыс.

- Балалар, енді лексикалық тақырыпқа көшейік.

- Астана – қай елдің астанасы?

- Ол қай жылы Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды?

VI. Слайд №3 (Астана туралы).

- Енді оқулықтарыңның 72-бетін ашып, Астана туралы мәтінді түсініп оқиық.

Астана

Тәуелсіз Қазақстанның бас қаласы – Астана. Ол Есіл өзенінің бойында Сарыарқа жерінде орналасқан.

Аз уақыттың ішінде қала танымастай өзгерді. Есіл өзенінің бойында Елбасы Резиденциясы, Парламент үйі, «Интерконтиненталь» қонақ үйі, Жастар сарайы, көп

кабатты тұрғын үйлер бой көтерді. Парламент үйінің алдында Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің ескерткіштері қойылған. Қаланың ортасында 5 жұлдызды «Алатау» қонақ үйі салынды.

Астана қаласында 100-ден астам ұлт өкілдері тұрады. Қала тұрғындарының саны – 518 мың адам.

Осы мәтіннің ішінен көмекші есімдерді байланыстырып тұрған зат есімдермен бірге теріп жазыңдар.

VI. Тапсырманың қалай орындалғанын тексеру.

(Өзенінің бойында, уақыттың ішінде, үйінің алдында, қаланың ортасында)

VII. Балалар, осы мәтін бойынша жұмысты жалғастырамыз. Қазір “Мәтін бөліктері” ойыны әдісімен мәтінді мазмұндаймыз. I топ – “Кіріспе” бөліміне дайындалады, II топ – “Негізгі бөлімге”, III топ – “Қорытынды” бөліміне дайындалады.

VIII. Мәтіннің мазмұнын айтып болған соң, ең толық, жақсы мазмұндаған топты айқындаймыз, құттықтаймыз.

IX. - Балалар, қазіргі кезде біздің Отанымыздың жүрегі – Астана қаласы туралы көптеген ән-жырлар жазылып жатыр. Сондай әсем әннің бірі- “Астана – жүрегімде” әнін белгілі әнші Алтынай Жорабаеваның орындауында тыңдаңдар. Өлеңді тыңдау.

X. Қорытынды.

1. Бүгін біз қандай тақырыпты өттік? (Көмекші есімдер. Астана.)

2. Көмекші есімдер қай сөз табымен тіркеседі? (Зат есіммен)

3. Қандай көмекші есімдер естеріңде қалды?

XI. Баға қою.

XII. Үйге тапсырма беру. 4-т, 72-бет. Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауын қойып жазу.

Сағдат СЕРІКБАЙҚЫЗЫ,
Қарағанды облысының
Шет ауданындағы
«Көктіңкөлі» орта мектебінің
қазақ тілі және әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН 6, 8-СЫНЫПТАРҒА АРНАЛҒАН БИЛЕТ СҰРАҚТАРЫ

1-билет.

1. Сөз тұлғасы. Түбір мен қосымша.
2. Дефис арқылы жазылатын шылаулар.
3. Мақалдарды аяқтап, ауыспалы мағынада қолданылған

сөздерді анықта, тура мағынасына мысал келтір:

- А) Кітап – білім
- Ә) Ат – адамның
- Б) Ел іші – алтын
- В) Балалы үй -

2-билет.

1. Дара сөздер мен күрделі сөздер.
2. Ма (ме, ба, бе, па, пе) шылауының емлесі.
3. Төмендегі сөздерге антонимдес сөздер тауып, сөйлем

кұра:

Жүз, жастық, өкпе, қас.

3-билет.

1. Біріккен сөздер.
2. Және, мен (бен, пен) шылауларының емлесі.
3. Сөйлемге морфологиялық талдау жаса:

Абай Әйгерімді осыдан үш ай бұрын ұзатып әкелген еді.

4-билет.

1. Қос сөздер, түрлері.
2. Көмекші етістіктер.
3. Сөйлемге фонетикалық талдау жаса.

Бала ояна қоймады.

5-билет.

1. Қысқарған сөздер.
2. Негізгі және туынды еліктеу сөздер.
3. Төменде берілген сөздерді көп мағыналы ретінде келтіріп, сөз тіркестерін құра:

Көз, аяқ, бас, бет.

6-билет.

1. Тіркесті сөздер.
2. Ортақ етіс.
3. Сөйлемге морфологиялық талдау жаса:

Қыз шананың арт жағынан келіп, тізерлей отырды.

7-билет.

1. Атауыш, көмекші және одағай сөздер.
2. Ырықсыз етіс.
3. Синоним сөздерді топтап жаз:

Алыс. Сүйкімді. Сұлу. Тартымды. Қашық. Өңді. Алшақ. Келбетті. Жаман. Кең. Ұстамды. Нашар. Әдепті. Аңғар. Тәрбиелі. Үлкен. Көргенді. Байқа.

8-билет.

1. Зат есім, жасалуы. Деректі және дерексіз зат есімдер.
2. Үстеудің емлесі.
3. Сөйлемге фонетикалық талдау жаса:

Әлдекім Ахмет шалды сыртынан көрсетіпті.

9-билет.

1. Сын есім, жасалуы.
2. Тұйық етістіктің емлесі.
3. Төмендегі сөздердің омонимдік қатарын тауып жаз, түсінік бер:

Жаз. Бала. Асық. Бақ.

10-билет.

1. Сапалық және қатыстық сын есім.
2. Өзгелік етіс.
3. Сөйлемге морфологиялық талдау жаса:

Тоқаң селт етіп басын көтерді де, есіктен кірер адамды көзбен тосты.

11-билет.

1. Сан есім. Дара және күрделі сан есімдер.
2. Үстеудің емлесі.
3. Сөйлемге фонетикалық талдау жаса:

Қонақ бала қанша асығы барын білмейді.

12-билет.

1. Есімдік. Есімдіктің мағыналық түрлері.
2. Өздік етіс.
3. Омоним, антоним, синоним сөздерді топқа бөліп жаз:

Туыс. Алыс. Дәу. Ет. Бет. Ат. Қой. Дерт. Ағайын.

Кесел. Зәру. Кең. Тума. Келбет. Суық. Тар. Қараңғы. Ұзын.

Ай. Жарық. Ыстық. Жылы. Қысқа. Үй. Күн. Ауыр. Кәрі.

Тұщы. Жас. Қалың. Жұқа. Сал. Көр. Жамағат. Қат. Ащы.

Мал. Көрме.

13-билет.

1. Етістік.
2. Сан есімнің емлесі.
3. Сөйлемге морфологиялық талдау жаса:

Планетаның табиғаты өте қызық екен.

14-билет.

1. Дара етістік пен күрделі етістік.
2. Біріккен сөздердің емлесі.
3. Өлең жолдарына фонетикалық талдау жаса:

Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң, арқалан.

15-билет.

1. Болымды және болымсыз етістіктер.
2. Тіл мәдениеті.
3. Берілген мақалдарды аяқтап, антоним сөздерді тап:

Көп сөз – көмір,

Ер жігіт ел үшін туады,

Ер бір рет өледі

16-билет.

1. Сабакты етістік пен салт етістік.
2. Есімдіктердің емлесі.
3. Асты сызылған сөздерге мағынасына қарама-қарсы

сөздер тауып жаз:

Ұзақ жол, биік ағаш, қалың кітап, жас адам.

17-билет.

1. Есімше. Есімшенің жасалуы мен түрлері.
2. Одағай сөздер. Одағайдың түрлері.
3. Сөйлемге морфологиялық талдау жаса:

Мен бұл елге егін жинау үшін келіп едім.

18-билет.

1. Көсемше. Көсемшенің жасалуы мен түрлері.
2. Көмекші есімдер.
3. Сөйлемге морфологиялық талдау жаса:

Адамның атының сүйкімді болуы да зор бақыт па деймін?!

19-билет.

1. Тұйық етістік.
2. Болжалдық сан есім.
3. Берілген сөзі жақша ішіндегі сөздермен тіркестіріп,

мағынасын түсіндір:

Қоңыр (сиыр, жіп, дауыс, күз, жел, аю)

20-билет.

1. Үстеу. Үстеудің құрамдық түрлері.
2. Жұрт алдында сөйлеудің мәдениеті.
3. Сөйлемге морфологиялық талдау жаса:

Өмірде осы тәріздес әділетсіздіктер толып жатыр.

21-билет.

1. Үстеудің мағыналық түрлері.
2. Әдеби тіл мен оның нормалары.
3. Берілген сөздерден жұрнақ арқылы туынды жаса:
Ой, сый, тәрбие, жүз, сықақ.

22-билет.

1. Еліктеу сөз. Еліктеу сөздің түрлері.
2. Болымсыз есімдігі.
3. Сөздерге фонетикалық талдау жаса:
Сейсенбі, егеуқұйрық, сөзшең.

23-билет.

1. Септеулік шылаулар.
2. Белгісіздік есімдігі.
3. Сөйлемге морфологиялық талдау жаса:
Терезеден бұлыңғыр ғана жарық түсіп тұр.

24-билет.

1. Жалғаулық шылаулар.
2. Қайталама қос сөздер.
3. Сөйлемге фонетикалық талдау жаса:
Торы дөнен қос аяқтап шаба жөнелген.

25-билет.

1. Демеулік шылаулар.
2. Қосарлама қос сөздер.
3. Сөйлемге морфологиялық талдау жаса:
Еламанның үсік шалған беттері қап-қара, еріндері тілініп кеткен.

Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларын-
дағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 09.01.2013 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1640. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

**Басылатын жері – «Хай Текнолджи» полиграфиялық
кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№1, 2013 ж., 144 бет, Алматы.